

*Мамандандырылған
тоқсандық
басылым*

2000 жылдан бастап
шығады

Басшы кітапханасы



**ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:**

75668 – қазақ тілінде;
75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:

ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті
Азаматтық қорғау республикалық
оқу- әдістемелік орталығы

Редакциялық кеңес:

Е. Н. Мельников
Б. К. Еңсебаев
Б. О. Бұлыбаева
М.Б. Айнабекова
А.У. Нусипжанова

*«Надежда 2050» ЖШС баспаханасында
басылған. Көкшетау қаласы,
Баймұқанов көшесі, 3.
Тапсырыс № 0000, Таралымы 0000 дана*

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрлігінде 10.04.2012 жылы
№ 12678-Ж тіркелінген

НӨМІРДЕ:

- ♦ Редакция алғыс сөзі2
- ♦ Республика аумағында 2020ж. үш айында болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шолу ақпарат.....3
- ♦ «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 09.10.2014ж. №1077 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 13.12.2019ж. № 921 қаулысы9
- ♦ Халықты қорғай алған жүйе.....45
- ♦ Жеке қорғанудың осы заманғы құралы. Газқағарлар.....52
- ♦ Айдар: «Сұрақтар мен жауаптар».....60
- ♦ Біздің оқырмандарымыздың пікірлері!65
- ♦ Жедел психологиялық көмек көрсету әдістері67
- ♦ Азаматтық қорғау бойынша оқу құралы (2-кітап).....72

ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛ ОҚЫРМАНЫ!

Еліміздегі мерзімді түрде шығатын көптеген журналдардың ішінде «Азаматтық қорғау саласы бойынша ақпараттық-әдістемелік материалдар» журналы, бір ғана мамандандырылған басылым болып табылады. Журнал, төтенше жағдай болған кезде халықтың қауіпсіздігімен қатар азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің нысандық ішкі жүйелерінің қызметін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталған.

2000 жылдан бастап, яғни алғашқы нөмірінің басылымынан бастап, журнал, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдан халықтың тіршілігі мен денсаулығын сақтауға бағытталған, ұйым мен өнеркәсіпте қауіпсіздік жүйесін дамыту мен толықтыру бойынша мүдделерді қорғайды.

Журнал редакциясы өз жұмысын осы бағытта жалғастырады. Әдеттегідей, біздің журнал оқырмандары бірінші болып білетін болады:

- азаматтық қорғау саласы бойынша нормативті-құқықтық актілердегі барлық өзгертулерді;
- біздің еліміз, дүние жүзінде қамтамасыз ету бойынша барлық жаңа тенденцияларды және қазіргі заманғы жаңашылдықтарды;
- АҚРОҚО шығарған барлық жаңа оқу-әдістемелік материалдарды;
- елімізде болған барлық төтенше жағдайды талдауымен қатар;

Журналдың мақсаты өзгеріссіз қалады, бұл - халықты төтенше жағдайдан қорғау, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша халыққа қызмет ету.

Естеріңізге саламыз, журналға жазылу жалғасады:

75668- қазақ тілінде.

75669 – орыс тілінде.

Құрметпен журнал редакциясы

**РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА
2020 ЖЫЛДЫҢ ҮШ АЙЫНДА
БОЛҒАН ТАБИҒИ ЖӘНЕ
ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
ТУРАЛЫ ШОЛУ
АҚПАРАТ**



2020 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан Республикасының аумағында 1609 512 **табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар мен оқиғалар** тіркелді.

Уақытында ден қою шаралары қабылданды:

- өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және Республикалық жедел-құтқару жасағы **7 761** адамды құтқарды, **8 288** адамды эвакуациялады, оның ішінде жылдың басынан қар үйінділерінен **7 231** адам құтқарылды, **4 619** адам эвакуацияланды, **4 928** бірлік техника шығарылды, **47** зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан **88** адам денесін шығарды, **10 095** дабыл бойынша шығу жасады соның ішінде **2151** - өрт, **2 564** - авариялық-құтқару жұмыстары, **4 232** - өрт ретінде есепке алынбайтын жану, **24** - көрінеу жалған шақырту, **503** расталмаған жану фактілері, **621** басқалар;

- «**Апаттар медицинасы орталығы**» ММ **1 042** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, **662** адамды құтқарды, **480** адамды эвакуациялады, **1 109** шығу жасады, оның ішінде трассалық медициналық-құтқару пункттері **290** шығу жасады, **365** адамды эвакуациялады, **679** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті.

ІІМ қарамағындағы ұйымдар мынадай іс-шаралар өткізді:

- «**Қазавиақұтқару**» АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша **341** ұшу сағатын жасады, оның ішінде санитариялық авиация бағыты бойынша **94** ұшу жасады, **99** адам тасымалдады.

- «**Өрт сөндіруші**» АҚ **11** адамды құтқарды және эвакуациялады,


77 шығу жасады, соның ішінде **35** өрт сөндіру, **20** авариялық-құтқару жұмыстарын өткізді, **22** жануды жойды.

Мемлекет басшысының бизнеске қысымды төмендету бойынша тапсырмасын іске асыру мақсатында өрт қауіпсіздігі саласында бақылау тек жоғары тәуекел дәрежесіндегі объектілерге қатысты енгізілген және ерекше тәртіпте өткізіледі. Бақылау-профилактикалық қызмет шеңберінде өртке қарсы жай-күйіне **5 299** тексеріс жүргізілді, **22 400** бұзушылық анықталды, **4 336** адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, соның ішінде **1 071** лауазымды тұлғаға **36 млн. теңге** сомасында айыппұл салынды.



Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында **13 382: 1 506** - телевизия арналарында, **3 124** - баспа басылымдарында, **3 240** - радиода, **2 241** - ақпараттық агенттіктер таспаларында, **3 271** - ведомстволық веб-сайттарда сөз сөйлеулер өткізіліп, материалдар жарияланды.

Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің ТЖ-ға қабылданған алдын алу және уақтылы ден қою алдын ала шараларының арқасында 2019 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда оқиға саны **14,3%-ға (402 оқиғаға)**, зардап шеккендердің саны **24,7%-ға (164 адамға)**, қаза



болғандар саны **29,2% (57 адамға)**, материалдық нұқсан **52,7%-ға (345 млн.теңгеге)** азайғаны байқалады.

2 408 табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, 500 адам зардап шеккен, соның ішінде 138 адам қаза болды, материалдық нұқсан 309,8 млн.теңгені құрады.

Облыстар бөлігінде қалыптасқан және жалпыланған көрсеткіштер мынадай ахуалды сипаттайды (2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда):

- ТЖ саны мына облыстарда: Қарағанды **46,1%-ға (164 оқиғаға)**, Алматы **36,4%-ға (120 оқиғаға)**, Ақтөбе **31,2%-ға (44 оқиғаға)**, Солтүстік Қазақстан **26,5%-ға (41 оқиғаға)**, Ақмола **22%-ға (48 оқиғаға)**, Қостанай **17,5%-ға (33 оқиғаға)**, Нұр-Сұлтан қаласында **19,8%-ға (37 адамға)** қысқарды;

- зардап шеккендер саны мына облыстарда: Маңғыстау **90%-ға (9 адамға)**, Жамбыл **84,2%-ға (32 адамға)**, Қызылорда **74,5%-ға (35 адамға)**, Алматы **62,1%-ға (59 адамға)**, Қостанай **55,3%-ға (21 адамға)**, Атырау **51,5%-ға (17 адамға)**, Павлодар **36,4%-ға (12 адамға)**, Солтүстік Қазақстан **35,7%-ға (10 адамға)**, Алматы қаласында **80,6%-ға (7 адамға)** азайды;



- қаза болғандар саны мына облыстарда: Маңғыстау **100%-ға (2 адамға)**, Атырау **87,5%-ға (7 адамға)**, Жамбыл **86,7%-ға (13 адамға)**, Қызылорда **82,4%-ға (14 адамға)**, Алматы **58,8%-ға (20 адамға)**, Алматы қаласында **87,5%-ға (7 адамға)** азайды.

Сонымен бірге басқа өңірлерде:

- ТЖ саны облыстарда: Жамбыл **53,7%-ға (51 оқиғаға)**, Атырау **10,3%-ға (6 оқиғаға)**, Қызылорда **8,9%-ға (10 оқиғаға)**, Павлодар **7,8%-ға (12 оқиғаға)** өскені;

- зардап шеккендердің саны мына облыстарда: Батыс Қазақстан **2 есеге (9 адамға)**, Ақмола **47,1%-ға (8 адамға)**, Қарағанды **25%-ға (4 адамға)**, Нұр-Сұлтан қаласында **25 есеге (120 адамға)** ұлғайғаны;

- қаза болғандардың саны мына облыстарда: **Батыс Қазақстан** 3 есеге (6 адамға), **Ақмола** 2 есеге (6 адамға), **Шығыс Қазақстан** 23,5%-ға (4 адамға) көбейгені байқалады.

ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР-ДЫҢ жалпы ТЖ санынан **97,3%-ды** құрады, **2 344** оқиға тіркелді (*16,3%-ға азайды*), бұл ретте **238** адам зардап шеккен (*62,6%-ға азайды*), соның ішінде **135** адам қаза болды (*30,8%-ға азайды*).

Техногендік сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі *өндірістік және тұрмыстық өрттерге (91,8%)* тиесілі, 2020 жылдың үш айында **2 151** өрт болды (*18,3%-ға азайды*), **177** адам зардап шеккен (*10,6%-ға азайды*), соның ішінде **112** адам қаза болды (*19,1%-ға көбейді*), материалдық нұқсан **309,8 млн.** теңгені (*52,7%-ға азайды*) құрады.


Өрт саны мына облыстарда: **Қарағанды** 47,6%-ға (169 оқиғаға), **Алматы** 32,7%-ға (99 оқиғаға), **Ақтөбе** 31,9%-ға (45 оқиғаға), **Солтүстік Қазақстан** 30,4%-ға (45 оқиғаға), **Ақмола** 28,2%-ға (59 оқиғаға), **Қостанай** 24,7%-ға (45 оқиғаға), **Батыс Қазақстан** 11,3%-ға (12 оқиғаға), **Нұр-Сұлтан** қаласында 14,9%-ға (26 оқиғаға), **Шымкент** қаласында 11,1%-ға (5 оқиғаға) қысқарды.

Өрт саны мына облыстарда: **Жамбыл** 1,5 есеге (42 оқиғаға), **Шығыс Қазақстан** 4,8%-ға (15 оқиғаға) өскені байқалды.

Өрт туындайтын негізгі объектілер: 65,5%-ы тұрғын үй секторы, 18,5%-ы көлік құралдары, 4,6%-ы басқа ашық аумақтар, 4,2%-ы сауда кәсіпорындары, 2%-ы өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, 1,7%-ы әкімшілік-қоғамдық ғимараттар, 1,5%-ы салынып жатқан объектілер мен құрылыс алаңы, 0,7%-ы қойма ғимараттары жатады.

Өрттің пайда болуының таралған себептері: 34,9%-ы электр жабдықтарын техникалық пайдалану және монтаждау қағидаларын бұзу, 27,6%-ы отты абайсыз қолдану, 21,5%-ы пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 5,3%-ы





анықталған әдейі өртеу, 4,8%-ы тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 2%-ы балалардың отпен ойнауы, 0,9%-ы тұрмыстық газ, керосин және басқа да құрылғыларды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу болып табылады.

ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТЖ-ның жалпы санынан **2,7%** құрады, 2020 жылдың үш айында **64** оқиға тіркелді (8 есеге ұлғайды), оның ішінде **262** адам зардап шекті (9,7 есеге көбейді), соның ішінде 3 адам қаза тапты.

2020 жылдың 21 ақпанында Ақмола облысында қарлы боранның әсерінен, қардың құрсауынан үш жүзден астам адам құтқарылды. ТЖ бойынша департаментте құрылған шұғыл штаб жағдайды бақылады.

Трассада болған құтқару жұмыстарынан бөлек, құтқарушылар қар басып қалған ауылдардағы тұрғындарды да көшіруді іске асырды. Осылайша, Есіл ауданында босанатын әйел адамды Игілік ауылынан аудан орталығындағы ауруханаға қарда жүргішпен жеткізген болатын. Қар тазалағыш биіктігі 1,5 болатын, кейбір жерлерде тіпті 2 метрге жететін қарға күші келмей жатты. Сондай-ақ,



Біржан сал ауданында күрделі аппендицит болған әйел адамды қарда жүргіштің көмегімен құтқару жұмысы жүргізілді.

23 ақпанда Шығыс Қазақстан облысында Бұқтырма су қоймасының ортасында қалып қойған 9 адам жағаға шыға алмай қалған. Ауа райының өзгеруіне байланысты, яғни, таңертеңнен бері қар жауып, ал түс ауа күн шыққаннан, рұқсат берілмеген жол, жеңіл көлік үшін тұзақ болды. Құтқарушылар УАЗ машинасымен көрсетілген жерге шығып, 9 балық аулаушыға көмек көрсетті.



2020 жылы 9 наурызда 07.45 сағатта Бурабай ауданының Қарашілік ауылының маңайындағы автожолдың бойында Щучинск қаласы бағытында қар үйіндісінде ішінде адамдары бар 5 жеңіл автокөлік тұрып қалғаны жөнінде Шұғыл-құтқару отрядына қоңырау түсті. «Ақмола облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі мен авариялық-құтқару жұмыстары» ММ шұғыл-құтқару отрядында дайындықта тұрған «ТР-ЭКОЛ» жол талғамайтын көлігі шақырылған жерге бірден шықты. 8 адам құтқарылды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚ САЛАСЫНДАҒЫ JAҢA
НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

«Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 921 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 62-63, 577-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

«1-1. Объектілерді пайдалану кезінде осы Қағидалардың және белгіленген тәртіппен бекітілген, объектілерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары қамтылған басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

1-2. Объектіде өрт қауіпсіздігін меншік нысандарына қарамастан, объектілердің иелері, ұйымдардың, кәсіпорындардың басшылары, сондай-ақ дара кәсіпкерлер (бұдан әрі – ұйым басшысы) қамтамасыз етеді. Ұйымдардың басшылары өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленген тәртіппен жұмыстардың жекелеген учаскелерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауаптыларды тағайындайды.

1-3. Ұйым басшысы осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес әрбір объектіге қатысты (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда) олардың өрт қауіптілігіне сәйкес келетін өртке қарсы режимді белгілейтін өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықты бекітеді.

1-4. Түтін жою жүйелерімен, өртті анықтау мен сөндірудің, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру мен оларды эвакуациялауды басқарудың автоматты қондырғыларымен жабдықталған ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану (оның ішінде тұрғын үй-пайдалану) үшін жауапты ұйымдардың басшылары көрсетілген жүйелерді жарамды күйде ұстайды.

1-5. Ұйым басшысы өрт сөндіру және өрт сигнализациясы қондырғыларының, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды

эвакуациялауды басқару, түтіннен қорғау және өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің, өртке қарсы есіктердің, клапандар мен люктердің, өртке қарсы қалқалардағы, үй-жайлардағы, ғимараттар мен құрылыстардағы ойықтарды өзге де толтырғыштардың, адамдарды қорғау және құтқару құралдарының жобалау құжаттамасына сәйкес келуін және олардың үнемі жарамды жұмыс күйінде болуын қамтамасыз етеді.

Қондырғыны (жекелеген желілерді, хабарлағыштарды), өртке қарсы қорғау жүйесін немесе құралдарын өшіруге байланысты техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды орындау кезеңінде ғимараттар мен құрылыстарды өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шараларды іске асырмай пайдалануға жол берілмейді.

1-6. Объектілерде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 782 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9931 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.»;

«2-1. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жұмысқа қабілеттілігі мен сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында объектілердің өзгешеліктері мен өндірістік процестердің ерекшеліктерін ескере отырып, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын техникалық күтіп-ұстау жөніндегі ведомстволық (салалық, объектілік) қағидалар мен нұсқаулықтар әзірленеді.

2-2. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға берген сәттен бастап әрбір объектіде техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізу ұйымдастырылады.

2-3. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарын пайдаланушы ұйым осы жұмыстарды орындау бойынша білікті мамандар болған кезде дербес жүргізеді.

Арнайы оқытылған қызмет көрсетуші персонал болмаған жағдайда, өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша регламенттік жұмыстар дайындаушы зауыттардың техникалық

құжаттамасын ескере отырып жасалатын жылдық жоспар-графикке және регламенттік жұмыстарды жүргізу мерзімдеріне сәйкес ұйымдармен шарт бойынша жүзеге асырылады.

2-4. Ғимараттардың өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарының (автоматты өрт сигнализациясы және өрт сөндіру қондырғыларының, түтіннен қорғау, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялау жүйелерінің және қол өрт сөндіргіштерінің) тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ұйым басшысының бұйрығымен өртке қарсы қорғау жүйелерін пайдалану, бастапқы өрт сөндіру құралдарын сатып алу, жөндеу, олардың сақталуы мен іс-әрекетке әзірлігі, техникалық қызмет көрсетуді (қол өрт сөндіргіштерін қайта зарядтау) және жоспарлы-алдын ала жөндеуді уақтылы және сапалы жүргізу үшін жауапты лауазымды адам тағайындалады.

Өрт сөндіргіштерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету «Өрт техникасы. Өрт сөндіргіштер. Пайдалануға қойылатын талаптар» ҚР СТ 1487 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2-5. Объектіде өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын білікті пайдалану және техникалық жарамды күйде күтіп-ұстау үшін басшының бұйрығымен мынадай персонал тағайындалады:

1) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға жауапты адам;

2) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына қызмет көрсетуге шарт болмаған кезде, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды орындау үшін мамандар. Мамандарды оқытуды өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға жауапты адам объектінің басшысы бекіткен бағдарлама бойынша жүргізеді.

2-6. Кезекші персоналдың үй-жайларында, эвакуациялау жоспарларын және өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтарды орналастыру орындарында өртке қарсы қызметтің «101» және бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметтің «112» телефон нөмірлері көрсетілген тақташалар ілінеді.

Кезекші персонал өзіне жүктелген функцияларға сәйкес ғимараттың барлық есіктерінің құлыптары кілттерінің жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Кілттердің қосалқы жиынтығы ғимараттың бірінші қабатындағы кезекші персоналдың (күзет) үй-жайында сақталады.

Әрбір кілт оның қай құлыпқа тиесілі екендігі жазылған биркамен қамтамасыз етіледі.

Кезекші персонал телефон орнатылған үй-жайларда орналасады және түнде ғимаратта қалған ересектер мен балаларды есепке алу журналын ерікті нысанда жүргізеді.

2-7. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға жауапты адам:

1) осы Қағидалардың талаптарының орындалуын;

2) шарт бойынша графикке және күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды бақылауды және қабылдауды;

3) уақтылы техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізуді ұйымдастыру жолымен өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын жұмысқа қабілетті күйде ұстауды;

4) қызмет көрсетуші және кезекші персоналды оқытуды, сондай-ақ қорғалатын үй-жайларда жұмыс істейтін адамдарға өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары іске қосылған кездегі іс-қимылдар бойынша нұсқама беруді;

5) қажетті пайдалану құжаттамасын әзірлеуді және оны жүргізуді;

6) мынадай:

дайындаушыларға – өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жинақталмаған немесе техникалық құжаттамаға сәйкес келмейтін техникалық құрылғылары мен жабдығын жеткізген кезде;

монтаждау ұйымдарына – сапасыз монтаждау анықталған кезде;

қызмет көрсететін ұйымдарға – өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы-алдын ала жөндеуді уақтылы және сапалы жүргізбегені үшін наразылықтарды уақтылы беруді қамтамасыз етеді.

2-8. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды, бастапқы өрт сөндіру құралдарының болуын және олардың жай-күйін тексерулерді есепке алу арнайы журналда немесе техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-мәжбүрлі жөндеуді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде көрсетіледі.

2-9. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеуді объектінің білікті мамандары немесе осы қызмет түрін шарт негізінде жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – орындаушы) орындайды. Ұйыммен өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізуге шарттың болуы объект басшысын осы Қағидалардың талаптарын орындау үшін жауапкершіліктен босатпайды.

2-10. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету мен оларды жоспарлы-алдын ала жөндеу:

- 1) жоспарлы профилактикалық жұмыстарды жүргізуді;
- 2) ақауларды жоюды және ағымдағы жөндеу жүргізуді;
- 3) дұрыс пайдалану мәселелерінде орындаушының тапсырыс берушіге көмек көрсетуін қамтиды.

2-11. Техникалық қызмет көрсету, жоспарлы-алдын ала жөндеу мерзімділігі мен жұмыстардың көлемдері қызмет көрсетілетін өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының техникалық құралдарына арналған пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес белгіленеді және шартта көрсетіледі.

2-12. Ұйым басшысы объектілерде қызмет көрсетуші персонал үшін «Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар» және «Кезекші (жедел) персоналға арналған нұсқаулықтар» әзірлеп, оны бекітеді.

2-13. Объектіге қызмет көрсететін персонал немесе орындаушы белгіленген мерзімдерде регламенттік жұмыстарды жүргізеді және тиісті пайдалану құжаттамасын толтырады.

2-14. Ұйым басшысы өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен жабдықталған объектіде мынадай құжаттаманың:

- 1) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына жобалау-сметалық құжаттамасының;
- 2) орындау құжаттамасының (жұмыс сызбалары жиынтығының), жасырын жұмыстардың (олар болған жағдайда), сынақтар мен өлшеулер актілерінің;
- 3) осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісінің;

4) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрамына кіретін техникалық құралдарға паспорттардың;

5) осы Қағидаларға 1-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының монтаждalған аспаптары мен жабдығы ведомосының;

6) газбен өрт сөндіру қондырғыларының (олар болған кезде) баллондарын өрт сөндіргіш құрамдармен зарядтауға паспорттардың;

7) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың;

8) техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс регламентінің;

9) техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеудің жоспар-графигінің;

10) осы Қағидаларға 1-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану журналының;

11) ұйым басшысы бекіткен жедел (кезекші) персоналдың жұмыс графигінің;

12) кезекші және қызмет көрсететін персоналдың, техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізуге жауапты адамның лауазымдық нұсқаулықтарының, техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізуге ұйыммен шарт көшірмесінің (ұйымдар қызмет көрсететін объектілерде);

13) еркін нысанда құлақтандыру және эвакуацияны басқару жүйелерін пайдалана отырып, адамдарды эвакуациялау бойынша объект персоналының жаттығу жүргізу журналының (ол болған кезде) болуын қамтамасыз етеді.

2-15. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары кезекші (жобалық) жұмыс режимінде тұрақты ұсталады.

2-16. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын өшіруге байланысты жүргізілетін техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды орындау кезеңінде объектінің әкімшілігі өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен қорғалатын объектілердің өрт қауіпсіздігін қосымша іс-шаралармен қамтамасыз етеді.

2-17. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрамына кіретін техникалық құралға құжаттамада көрсетілген қызмет

мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары істен шыққан жағдайларда, осы жүйелер мен қондырғыларды мақсаты бойынша одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында оларға техникалық куәландыру жүргізіледі.

2-18. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын техникалық куәландыруды тапсырыс беруші, орындаушы өкілдерінің, қажет болған жағдайда, басқа да ұйымдар мамандарының міндетті қатысуымен комиссия жүргізеді.

2-19. Куәландыру нәтижелері осы Қағидаларға 1-5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын куәландыру актісімен ресімделеді.

2-20. Ғимараттар мен құрылыстарда (тұрғын үйлерден басқа) кез келген қабатта бір мезгілде 10 немесе одан астам адам болған жағдайда, адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды жүргізу, өртке қарсы қызметті шақыру және өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін өрт сөндіруді ұйымдастыру бойынша ұйым жұмыскерлерінің іс-қимыл жасау тәртібін қамтитын, өрт шығу кезінде адамдарды эвакуациялау жоспары әзірленеді және ғимараттың әр қабатында, қабаттан эвакуациялық шығу жолдарында дәліздің ұзындығы бойымен 20 м сайын, одан аспайтын қашықтықта ілінеді.

2-21. Адамдардың тұруына арналған ғимараттарда, сондай-ақ адамдар жаппай келетін ғимараттарда (құрылыстарда) өрт кезінде электр энергиясын өшірген жағдайда, кезекші персонал жұмысқа қабілетті жай-күйдегі электр фонарьларымен қамтамасыз етіледі. Фонарьлар санын ұйым басшысы объектінің ерекшеліктеріне байланысты, бірақ әрбір кезекшіге кемінде 1 фонарьдан анықтайды.

2-22. Адамдар тәулік бойы болатын ғимараттар (мектеп-интернаттар, қарттар мен мүгедектер үйлері, балалар үйлері, ауруханалар) үшін әзірленген өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықта адамдарды өздігінен эвакуациялау, сондай-ақ ұйым персоналының өздігінен эвакуациялануға қабілетсіз адамдарды тәуліктің жарық және қараңғы уақыттарында эвакуациялау нұсқалары қамтылады.

2-23. Мектеп-интернаттардың, қарттар мен мүгедектер үйлерінің, балалар үйлерінің және ауруханалардың басшылары:

1) күн сайын өртке қарсы қызмет белгілеген уақытта шығу ауда-

нында объект орналасқан өрт сөндіру бөліміне әрбір объектідегі адам саны туралы ақпаратты хабарлайды;

2) жарты жылда кемінде бір рет ғимараттың өртке қарсы қорғау жүйесінің барлық элементтерінің жұмысқа қабілеттілігін тексерумен қатар, персоналдың өрт кезіндегі іс-қимылдары бойынша оқу-жаттығулар өткізуді қамтамасыз етеді.

2-24. Белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалау - сметалық құжаттамасыз ғимараттар мен құрылыстардың функционалдық мақсатын өзгертуге, оларға күрделі жөндеу, техникалық қайта жарақтау, реконструкциялау және қайта жоспарлау жүргізуге жол берілмейді.

2-25. Ғимараттар мен үй-жайларды жалға алған кезде жалдаушылар, егер жалға алу шартында өзгеше айтылмаса, осы Қағидалардың ғимараттардың осы типіне арналған талаптарын орындайды.

2-26. Барлық өндірістік және қойма үй-жайлары үшін, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар үшін жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі санаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) Электр қондырғыларын орнату қағидаларының (бұдан әрі – № 230 бұйрық) талаптарына сәйкес аймақтардың кластары анықталып, үй-жайлардың есіктерінде тиісті белгілермен белгіленеді.

Өрт қауіптілігі жоғары жабдықтың жанында қауіпсіздік белгілері орнатылады.

Өндіріс кезінде жарылыс-өрт қауіптілігі көрсеткіштері зерттелмеген заттар мен материалдарды қолдануға, сондай-ақ оларды басқа заттармен және материалдармен бірге сақтауға жол берілмейді.

2-27. Ғимараттар мен құрылыстар олардың пайдаланылу циклінің барлық кезеңдерінде өртке қарсы қызметті шақыру үшін байланыс құралдарымен, жарамды бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі. Объектілерді бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары осы Қағидаларға 1-6-қосымшада келтірілген.

Бастапқы өрт сөндіру құралдарын, байланыс құралдарын, сондай-ақ өрт сөндіру автоматикасы жүйелерін орналастыру орындары

көрсетілген құралдарды көзбен көру қиындық келтірсе, тиісті өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленеді.

2-28. Есіктердің өздігінен жабылуына арналған құрылғылар жарамды күйде ұсталады.

Өртке қарсы есіктер мен түтіннен құрылғылардың (шымалдықтардың, экрандардың, перделердің) еркін жабылуына кедергі келтіретін қандай да бір құралды орнатуға жол берілмейді.

2-29. Өрттің шығуына әкелуі мүмкін ақаулары бар жабдықта, қондырғылар мен станоктарда, сондай-ақ температураның, қысымның тиісті режимдерін және қауіпсіздік шарттарымен регламенттелген басқа да параметрлерді бақылауды қамтамасыз ететін бақылау-өлшеу аспаптары мен технологиялық автоматика өшірілген кезде жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

2-30. Конструкциялар мен олардың әрленуінің қажетті отқа төзімділігін қамтамасыз ету және өрт қауіптілігін төмендету үшін оттан қорғау құралдарын қолдануға жол беріледі.

Отқа төзімділіктің барлық дәрежесіндегі ғимараттарда (отқа төзімділіктің V дәрежесін қоспағанда) шатыр жабындарының тіреуіші мен жанғыш материалдардан жасалған қоршауы оттан қорғағышпен өңделуі тиіс.

Оттан қорғау құрамдарын (сіңіргіштерін) жағу жұмыстарын жүргізу оттан қорғау құралына арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2-31. Ұйым басшысы оттан қорғайтын тозаңды құрамдардың, оттан қорғау майларының, сылақтың, құрылыс конструкцияларының плиталармен, табақты және басқа да оттан қорғау материалдарымен қаптамалардың, жанғыш өңдеу және жылууды оқшаулау материалдарының, ауа өткізгіштердің, жабдық пен эстакадалардың металл тіректерінің зақымдануларын жоюды қамтамасыз етеді, сондай-ақ дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес оттан қорғау өңдеуінің (сіңіргішінің) жай-күйін тексеруді жүзеге асырады.

Оттан қорғау өңдеуінің (сіңіргішінің) жай-күйі техникалық құжаттамада көрсетілген мерзімдерде немесе жылына кемінде бір рет сынақ хаттамасы толтырылып тексеріледі.

2-32. Өртке қарсы тосқауылдардың әртүрлі инженерлік және тех-

нологиялық коммуникациялармен (оның ішінде электр сымдарымен және кабельдермен) қиылысқан жерлерінде пайда болған ойықтар мен саңылаулар қажетті отқа төзімділік шегі мен түтін-газ өткізбеуді қамтамасыз ететін жанбайтын материалдармен бітеледі.

2-33. Ұйымдардың ғимараттары мен құрылыстарында (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда):

1) жобалау нормаларында көзделген жағдайлардан басқа, жертөлелер мен цокольдік қабаттарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, жанғыш газы бар баллондарды, аэрозоль орамасындағы тауарларды, целлулоидты және басқа да жарылыс-өрт қаупі бар заттар мен материалдарды сақтауға және қолдануға;

2) шатырларды, техникалық қабаттарды, желдету камераларын және басқа да техникалық үй-жайларды өндірістік учаскелер, шеберханалар ұйымдастыру үшін, сондай-ақ өнімді, жабдықты, жиһаз бен басқа да заттарды сақтау үшін пайдалануға;

3) лифт холдарында қоймалар, дүңгіршектер, шағын дүкендер және басқа да осындай үй-жайларды орналастыруға және пайдалануға, сондай-ақ жанғыш материалдарды сақтауға;

4) қабаттардағы дәліздерден, холдардан, фойеден, тамбурлардан және баспалдақ алаңдарынан эвакуациялық шығу жолдарының жобада көзделген есіктерін, эвакуациялау жолдарында өрттің қауіпті факторларының таралуына кедергі келтіретін басқа да есіктерді алып тастауға;

5) нәтижесінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау жағдайлары нашарлайтын, өрт сөндіргіштерге, өрт крандарына және басқа да өрт қауіпсіздігі құралдарына қол жеткізу шектелетін немесе автоматты өртке қарсы қорғау жүйелерінің (автоматты өрт сигнализациясының, стационарлық автоматты өрт сөндіру қондырғыларының, түтін жою жүйелерінің, құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерінің) әрекет ету аймағы азаятын көлемдік-жоспарлау шешімдерін өзгертуді жүргізуге;

6) балкондар мен лоджияларда есіктерді, люктерді, жанама секцияларға өтетін жерлерді және эвакуациялау сатыларына шығу жолдарын жиһазбен, жабдықпен немесе басқа да заттармен үйіп тастауға, бал-

кон араларындағы сатыларды демонждауға, сондай-ақ пәтерлердің балкондары мен лоджияларындағы люктерді дәнекерлеуге;

7) тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтарды қолдана отырып, үй-жайларды жинауға және киім-кешекті жууға, сондай-ақ қатып қалған құбырларды дәнекерлеу лампаларымен және ашық отты қолданатын басқа да тәсілдермен жылытуға;

8) май сіңген сүрткіш материалды жинамай қалдыруға;

9) ғимараттың барлық қабаттарының терезелерінде және жертөлелердің терезелеріндегі шұңқыршаларда (қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін түзеу және арнайы мекемелердің, мекемелердің қоймаларының, кассаларының, қару-жарақ бөлмелерінің, құпия бөлімдерінің, прекурсорларды сақтау және олардың айналымы үй-жайларын қоспағанда) торларды орнатуға;

10) балкондарды, лоджияларды және түтінденбейтін баспалдақ алаңдарына апаратын галереяларды шынылауға;

11) баспалдақ алаңдары мен дәліздерде қоймалар (қосалқы үй-жайлар) орнатуға, сондай-ақ баспалдақ сатыларының астында және баспалдақ алаңдарында заттарды, жиһаз бен басқа да жанғыш материалдарды сақтауға жол берілмейді. Бірінші және цокольдік қабаттардың баспалдақ сатыларының астында орталық жылу беруді басқару тораптарына, су өлшеу тораптарына және жанбайтын материалдардан жасалған қалқалармен қоршалған электр қалқандарына арналған үй-жайларды ғана орналастыруға жол беріледі;

12) ғимараттардың өндірістік және қойма үй-жайларында (отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттардан басқа) антресольдарды, қалқаларды, тұрмыстық қызмет көрсету орындарын, қоймаларды, шағын кеңселерді және жанғыш материалдардан салынған басқа да кіріктірілген үй-жайларды орналастыруға;

13) жеке қорғау құралдарын орнату және құтқару құрылғыларын бекіту орындарына өту жолдарын үйіп тастауға және жабуға жол берілмейді.

2-34. Ғимараттар мен құрылыстардың шатырларындағы сыртқы өрт сөндіру сатылары мен қоршаулары жарамды күйде күтіп-ұсталады және оларда бес жылда кемінде бер рет «Металл құрылыс конструкциялары. Сыртқы стационарлық өрт сөндіру сатылары мен

шатыр қоршаулары. Жалпы техникалық шарттар» ҚР СТ 2218-2012 талаптарына сәйкес пайдалану сынақтары жүргізіледі.

2-35. Бір мезгілде 50-ден астам адамның болуына арналған үй-жайларда, сондай-ақ бір мезгілде 15-тен астам адамның болуына арналған жертөле мен цокольдік қабаттардың үй-жайларында кемінде екі эвакуациялық шығу жолы көзделеді.

Отқа төзімділігі IV және V деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстарда бір мезгілде 50 және одан астам адамның бірінші қабаттағы үй-жайларға ғана болуына жол беріледі.

2-36. Шатыр үй-жайларының, сондай-ақ технология шарттары бойынша адамдардың тұрақты болуы талап етілмейтін техникалық қабаттар мен жертөлелердің есіктері мен люктері құлыпталады. Көрсетілген үй-жайлардың есіктері мен люктеріне кілттердің сақталатын орны туралы ақпарат ілінеді.

Ғимараттардың, құрылыстар мен құрылымдардың жертөлесі және цокольдік қабаттарының терезе ойықтарының шұңқыршалары қоқыстан және басқа заттардан уақтылы тазартылады. Терезелердегі тиектер ішінен кілтсіз ашылады.

2-37. Пайдаланылған сүртетін материалдар қақпақпен жабылатын, жанбайтын материалдан жасалған контейнерлерге жиналады. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін көрсетілген контейнерлердің ішіндегісі ғимараттардан тыс шығарылады.

2-38. Майлармен, лактармен, бояулармен және басқа да тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жұмыс істейтін адамдардың арнайы киімі осы мақсатқа арнайы бөлінген орындарда орнатылған металл шкафтарда ілінген күйінде сақталады.

2-39. Биіктігі 1 қабаттан жоғары витраждары бар ғимараттарда әрбір қабаттың деңгейіндегі витраждарда орнатылған түтін өткізбейтін, жанбайтын диафрагмалардың конструкцияларын бұзуға жол берілмейді.

2-40. Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдалану кезінде жобалау шешімдерін және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құжаттардың (оның ішінде эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын жарықтандыру, олардың саны, өлшемдері және көлемдік-жос-

парлау шешімдері бойынша, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуы бойынша) талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

2-41. Ашылу бағыты нормаланбайтын мынадай:

- 1) Ф1.3 және Ф1.4 сыныпты үй-жайлардың;
- 2) А және Б үй-жайларынан басқа, бір мезгілде 15-тен аспайтын адам болатын үй-жайлардың;
- 3) ауданы 200 м² аспайтын қоймалардың;
- 4) санитарлық тораптардың;
- 5) 3-типтік баспалдақ алаңдарына шығу жолдарының есіктерінен басқа, эвакуациялау жолдарындағы есіктер ғимараттан шығу бағытына қарай ашылады.

2-42. Эвакуациялық шығу жолдарының есіктеріндегі тиектер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін жағдайларды қоспағанда, оларды ішінен кілтсіз еркін ашу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2-43. Автономды қоректендірілетін және эвакуациялау жолдарында қолданылатын электр желісінен қосылатын «Шығу», «Эвакуациялық (қосалқы) шығу», «Эвакуациялық шығу есігі» деген көлемді жарықтандырылған өрт қауіпсіздігі белгілері жарық индикациясы қосылып, жарамды күйде күтіп-ұсталады.

Эвакуациялық жарықтандыру жұмыс істейтін жарықтандырудың электрмен қоректендіргіші тоқтаған кезде автоматты қосумен қамтамасыз етіледі.

2-44. Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдалану кезінде:

1) эвакуациялық жолдар мен шығуларды (оның ішінде өтетін жерлерді, дәліздерді, тамбурларды, галереяларды, лифт жолдарын, баспалдақ алаңдарын, баспалдақ сатыларын, есіктерді, эвакуациялық люктерді) түрлі материалдармен, бұйымдармен, жабдықпен, өндірістік қалдықтармен, қоқыспен және басқа да заттармен үйіп тастауға, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін бекітіп тастауға;

2) шығу тамбурларында (пәтерлер мен жеке тұрғын үйлерді қоспағанда) киім кептіргіштер мен ілгіштерді, гардеробтарды орналастыруға, сондай-ақ керек-жарақтар мен материалдарды (оның ішінде уақытша) сақтауға;

3) эвакуациялау жолдарында баспалдақтарды (есіктердің ойықтарындағы баспалдақтардан басқа) орнатуға, ішкі жағынан қолмен ашу және ашық күйінде бұғаттау мүмкіндігі жоқ қозғалмалы және көтеріліп-түсірілетін есіктер мен қақпаларды, айналатын есіктер мен турникеттерді, сондай-ақ басқа (қайталайтын) эвакуациялау жолдары болмаған кезде немесе көрсетілген құрылғыларды қолмен ашуға және ашық күйінде бұғаттауға мүмкіндік беретін техникалық шешімдер болмаған кезде адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі келтіретін басқа да құрылғыларды орнатуға жол берілмейді. Құрылғыларды автоматты немесе қашықтықтан ашу және бұғаттау тәсілін қолмен басқарылатын тәсілге қосымша қолдануға жол беріледі;

4) отқа төзімділігі V дәрежедегі ғимараттардан басқа, эвакуациялау жолдарындағы едендерді, қабырғалар мен төбелерді өңдеу, қаптау және бояу үшін өрт қауіптілігі сыныбына сәйкес келмейтін жанғыш материалдарды қолдануға;

5) баспалдақ алаңдарының, дәліздердің, холдар мен тамбурлардың өздігінен жабылатын есіктерін ашық күйінде бекітуге, сондай-ақ оларды алып тастауға;

6) түтінденбейтін баспалдақ алаңдарындағы ауа аймақтарының терезе жапқыштарын шынылауға немесе жабуға;

7) есіктер мен фрамугаларды шынылауда қиыстырылған шыныны жай шынымен ауыстыруға жол берілмейді.

2-45. Үй-жайдың технологиялық, көрме және басқа жабдығын орналастырған кезде жобалау нормаларына сәйкес баспалдақ алаңдарына және басқа да эвакуациялау жолдарына өтетін эвакуациялық өту жолдары қамтамасыз етіледі.

2-46. Адамдар жаппай келетін үй-жайларда кілемдер, кілем төсемшелері және өзге де еден жабындары еденге берік бекітіледі.

2-47. Адамдардың тұруына арналған ғимараттардың ішінде орналастырылатын газ баллон қондырғыларын орналастыру және пайдалану Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығымен бекітілген Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15986 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

2-48. Тұрмыстық газ аспаптарын пайдалану кезінде жиһазды және басқа жанғыш материалдарды орналастыру жақын жердегі вертикаль қабатқа дейін көлденеңінен кемінде 0,2 м және осы бұйымдарға жақын жерде ілінген көлденең қабаттың үстіне дейін тігінен кемінде 0,7 м қашықтықта жүзеге асырылады.

2-49. Тұрмыстық газ аспаптарын (оның ішінде асхана плиталарын, су жылытатын қазандарды, газ мұнараларын) газбен жабдықтауға арналған газ баллондары (жұмыс және қосалқы) ғимараттардан тыс жапсарлас салынған үйлерде немесе ғимаратқа, цокольдік және жөтелме қабаттарына кіретін жерлерден кемінде 5 м қашықтықтағы қабырғаның тұйық аралық қабырғасында жанбайтын материалдардан жасалған шкафтарда орналастырылады.

Газ баллондарына арналған жапсарлас салынған құрылыстар мен шкафтар құлыпталады және желдету үшін жалюзимен, сондай-ақ «Отқа қауіпті. Газы бар баллондар» деген ескерту жазуымен қамтамасыз етіледі.

2-50. Ғимараттар мен құрылыстардағы қоқыс өткізгіштер жобадан көзделген клапандармен қамтамасыз етіледі. Клапандар жабық күйде болады, жарамды етіп күтіп-ұсталады және ысырмасында нығыздағышпен қамтамасыз етіледі.

2-51. Қоқыс жинағыштар камераларының есіктері үнемі құлыпталуы ұсталады.

2-52. Ғимараттар мен жерүсті құрылыстарындағы лифтілер мен көтергіштер (өрт лифтілерін қоспағанда) өрт шыққан кезде негізгі отырғызу қабатына автоматты түрде түсіріледі, ал жерасты құрылыстарында – жоғарғы қабатқа көтеріледі және тоқтан ажыратылады.

2-53. Эскалаторлардың (траволаторлардың) жетектері өрт шыққан кезде автоматты түрде ажыратылады.

2-54. Ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар жобадан көзделген найзағайдан қорғаудың жарамды құрылғыларымен жабдықталады.

2-55. Найзағайдың және статикалық электр зарядтарының қайталайтын көріністерінен қорғау үшін технологиялық аппараттардың барлық металл конструкцияларында, резервуарларда, газ өткізгіштерде, мұнай өткізгіштерде, мұнай өнімдерін өткізгіштерде және тез

тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш газдар айналатын, сақталатын немесе қайта өңделетін ғимараттардың ішінде және ашық кеңістікте орналасқан басқа да құрылғыларда қорғаныш жерге тұйықтағыш көзделеді.

2-56. Персоналды электр тогымен жарақаттанудан қорғауға арналған жерге тұйықтау құрылғыларын немесе найзағайдан қорғағышты статикалық электр зарядтарын бұру үшін пайдалануға жол беріледі.

2-57. Ғимараттарда, құрылыстарда орналастырылған технологиялық жабдық пен құбыржолдар, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар мен эстакадалар № 230 бұйрықтың талаптарына сәйкес қорғаныш жерге тұйықтағышпен қамтамасыз етіледі.

Ғимараттар мен құрылыстардың технологиялық құбыржолдарын жерге тұйықтайтын (нөлдейтін) өткізгіштер ретінде пайдалануға жол берілмейді.

2-58. Металл эстакадалар және оларға төселген металл құбыржолдар эстакаданың басында және соңында, сондай-ақ олардың ұзындығы бойымен кемінде 300 м сайын өзара және қорғаныш жерге тұйықтау құрылғыларымен жалғанады.

2-59. Ток бұрғыштар өзара, жерге тұйықтағыш құрылғылармен және технологиялық аппараттармен дәнекерлеу арқылы жалғанады.

2-60. Технологиялық процестерінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш бу мен газдар айналатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың кәріз желісі гидравликалық ысырмалармен қамтамасыз етіледі. Әрбір гидравликалық ысырмадағы сұйықтық қабатының биіктігі кемінде 0,25 м етіп қабылданады. Гидравликалық ысырмалардың конструкциясы оларды мезгіл-мезгіл тазарту мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

2-61. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар қолданылатын ғимараттар мен құрылыстардың нөсер, өндірістік және біріктірілген кәріз жүйелерінің құбыржолдары арқылы жалынның таралуын болдырмайтын гидравликалық ысырмалар (сифондар) үнемі жарамды күйде күтіп-ұсталады.

Гидравликалық ысырмалары ақаулы немесе дұрыс орындалмаған кәріз жүйелерін пайдалануға жол берілмейді.

2-62. Технологиялық процесстерінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш булар мен газдар айналатын кәсіпорындардың өндірістік және біріктірілген кәріз жүйелері бүкіл ұзындығы бойымен жабық күйде ұсталады.

Кәріздерді байқайтын құдықтар қақпақтармен жабылады және 0,1 м қабат құм төгіледі.

2-63. Аумағында ғимараттар, құрылыстар және (немесе) жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша АН, БН және ВН санаттарындағы сыртқы технологиялық қондырғылар орналасқан кәсіпорындардың өндірістік және біріктірілген кәріз жүйелеріне жинау кезіндегі өндірістік ағынды судың температурасы 40°C-ден аспауы тиіс.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды кәріз жүйелеріне (оның ішінде авария кезінде) ағызуға жол берілмейді.

2-64. Құрылыс, күрделі жөндеу, реконструкциялау және (немесе) техникалық қайта жарақтау аяқталғаннан кейін пайдалануға берілетін объектілерде тұрмыстық және өнеркәсіптік аспаптарға жағу үшін газ өткізетін құбыржолдар өрт кезінде үй-жайдағы ортаның температурасы 100°C-ға жеткен кезде, газ өткізгішті автоматты түрде жабатын жылу сезгіш ілгекті құрылғылармен (клапандармен) жабдықталады. Көрсетілген құрылғылар (клапандар) үй-жайда барынша ықтимал биіктікте, тікелей ажырату құрылғысының, газ есептегіштің және газ өткізгіштегі басқа да арматураның алдында орнатылады.

2-65. Жылу сезгіш ілгекті құрылғыларды (клапандарды):

1) отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттарда, сондай-ақ газ өткізгіштері ғимараттың шегінен тыс орналасқан және газ талдағыш немесе автоматты өрт сигнализациясы іске қосылған кезде газ өткізгішті жабатын электромагниттік клапанмен жабдықталған ғимараттарда;

2) газ өткізгіштері электромагниттік клапанмен жабдықталған, ал газ жағатын қондырғылары бар үй-жайлары автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен қорғалған қауіпті өндірістік объектілердің ғимараттарында орнатпауға жол беріледі.

2-66. Газ баллондары сақталатын және пайдаланылатын ғимараттарға (оның ішінде жеке тұрғын үйлерге) немесе құрылыстарға кіретін жерде «От қауіпі бар. Газы бар баллон» деген жазуы бар өрт қауіпсіздігінің ескерту белгілері орналастырылады.

2-67. Ұйым басшысы аммиакты салқындату қондырғыларының машина және аппараттар бөлімдерінің үй-жайларын жарылыс кезінде (оның ішінде оңай тасталатын конструкцияларды, сындырылатын панельдерді, арнайы шыныларды, терезе блоктарының ашылатын фрамугаларын) қираудан қорғауға арналған құрылғылардың жобалау-металық құжаттамаға сәйкес келуін және олардың үнемі жарамды күйде болуын қамтамасыз етеді.

Салқындату камераларының және салқындатқыш агрегаттардың үй-жайларын тікелей мақсатынсыз пайдалануға жол берілмейді.

2-68. Ғимараттар мен құрылыстарда адамдар жаппай келетін іс-шараларды (оның ішінде спорттық және мәдени-ойын-сауық іс-шараларын) өткізу уақытында аммиакты салқындату қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуге және оларды жөндеуге жол берілмейді.

2-69. Салқындату камераларының өртке қарсы белдіктеріне ойықтар салуға, құбырлар өткізуге, бекіткіштер орнатуға, сондай-ақ оларды жанғыш материалдармен қаптауға жол берілмейді.

2-70. Салқындатқыш агрегаттарды салқындату камераларының тамбурларында орналастыруға жол берілмейді.

Тұздықпен салқындату камералары бар салқындатқыш қондырғыларды сыртқа қарай немесе басқа үй-жайлардан есіктермен бөлінген дәліз арқылы шығу жолы бар машина бөлімінде ғана орналастыруға жол беріледі.

2-71. Пайдалану және жөндеу процесінде жобада көзделген салқындату камераларының жанбайтын жылу оқшаулағышын жана-тын жылу оқшаулағышпен ауыстыруға жол берілмейді.

2-72. Өрт сөндіру қондырғыларының қолмен қосу құрылғылары, өрт сөндіргіштердің бекіту-іске қосу құрылғысы және өрт шкафтарының есіктері пломбаланады.

2-73. Өрт шкафтары оларда өрт краны жабдығының жинағын және өрт сөндіргіштің өрт сөндіру заты зарядының массасы кемінде 5 кг кемінде екі қол өрт сөндіргішін, сондай-ақ адамдардың жеке қорғану және құтқару құралдарын орналастыру мүмкіндігімен кез келген үш нұсқада (аспалы, жапсарлас және кіріктіріле) орнатылады.»;

«6-1. Үй-жайлардағы электр қондырғылары мен электр аспаптары жұмыс уақыты (ауысымы) аяқталғаннан кейін тоқтан ажыратылады.

Авариялық жарық түсіру, өрт сөндіру және өртке қарсы сумен жабдықтау қондырғылары, өрт және күзет-өрт сигнализациясы кернеуде қосылы болады. Басқа электр қондырғылары мен электр техникалық бұйымдарды (оның ішінде тұрғын үй-жайларда), егер бұл олардың функционалдық мақсаты мен негіздеме және (немесе) пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарында көзделсе, кернеуде қалдыруға жол беріледі.

6-2. Жанғыш шатырлардың, қалқалардың, сондай-ақ жанғыш заттардың, материалдар мен бұйымдардың ашық қоймаларының (қатарлардың, шөмелелердің) үстінде электр сымдарының әуе желілерін төсеуге және пайдалануға жол берілмейді.

6-3. Электр қозғалтқыштары, шырағандар, өткізгіштер, тарату құрылғылары жанғыш тозаңнан айына кемінде екі рет, ал шаң көп бөлінетін үй-жайларда айына кемінде төрт рет тазартылады.

6-4. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде:

1) дайындаушы кәсіпорынның нұсқаулығында баяндалған қауіпсіздік талаптары бұзылған электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, өрттің шығуына (ұшқындауға, қысқа тұйықталуға, кабельдер мен сымдардың оқшаулағышының шамадан тыс қызуына, автоматты басқару, аварияға қарсы және өртке қарсы қорғау жүйелерінің істен шығуына) әкелуі мүмкін ақаулары бар электр қабылдағыштарын пайдалануға, сондай-ақ оқшаулағышы зақымданған немесе қорғағыш қасиеттері жойылған электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;

2) зақымданған және бекітілмеген розеткаларды, ажыратқыштарды, басқа электр қондырғылары бұйымдарын пайдалануға;

3) конструкциясында көзделген жылу реттегіштер болмаған немесе ақау болған кезде электр қыздырғыш аспаптарын қолдануға;

4) электр шамдары мен шырағандарды қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалдармен орауға, сондай-ақ шырағанның конструкциясында көзделген қалпақтары (шашыратқыштары) және қорғаныш торлары алынып қалған шырағандарды пайдалануға;

5) электр үтіктерді, электр плиткаларын, электр шәйнектерін және басқа электр қыздыру аспаптарын дайындаушы кәсіпорынның нұсқаулығында көзделген болса, өрттің шығу қаупін болдырмайтын

арнайы тұғырықтарсыз (қоректендіру цокольдерінсіз, қыздырғыш дөңгелектерсіз) пайдалануға;

6) барлық жарылыс-өрт қаупі және өрт қаупі бар үй-жайларда электр қыздыру аспаптарын қолдануға;

7) стандартты емес (қолдан жасалған) электр қыздыру аспаптарын қолдануға, калибрленбеген балқығыш ендірмелерді және шамадан тыс жүктеме мен қысқа тұйықталудан қорғайтын қолдан жасалған басқа аппараттарды пайдалануға;

8) электр қалқандарының, электр қозғалтқыштарының және іске қосу аппаратурасының жанында жанғыш (оның ішінде тез тұтана-тын) заттар мен материалдарды орналастыруға (жинауға);

9) жарылыс қаупі және өрт қаупі бар аймақтарда дайындаушы зауыттың жарылыстан және (немесе) өрттен қорғау деңгейі мен түрінің белгіленімі жоқ электр жабдығын қолдануға;

10) электр сымдары мен кабельдерінің жалғамалары мен ұштарын оқшаулаусыз қалдыруға жол берілмейді.

6-5. Стационарлық жабдықтың, күштік және жарықтандыру желісінің электр сымдарының жай-күйін тексеру, сымдардың, кабельдер мен жерге тұйықтау құрылғыларының оқшаулағышының кернеуін сынау және өлшеу пайдалануға беру кезінде, одан әрі график бойынша, бірақ үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Өлшеулердің нәтижелері актімен (хаттамамен) ресімделеді.

6-6. Софиттерді орнату және пайдалану кезінде бекіткіш конструкциялар мен жарық ұстайтын және шағылыстыратын экрандар ретінде жанғыш материалдарды пайдалануға жол берілмейді.

Прожекторлар мен софиттер жанғыш конструкциялар мен материалдардан кемінде 0,5 м, ал линзалық прожекторлар кемінде 2 м қашықтықта орналастырылады.

Прожекторлар мен софиттерге арналған жарық сүзгіштер жанбайтын материалдардан дайындалады.

6-7. Жабық тарату құрылғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде сақтауға арналған үй-жайларды орналастыруға, сондай-ақ электр техникалық жабдықты, қосалқы бөлшектерді, жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды және әртүрлі газдары бар баллондарды сақтауға жол берілмейді.

6-8. Кабельдік құрылыстардың секциялық қалқаларының есіктері өздігінен жабылатындай, ғимараттан эвакуациялау жолына қарай ашылатындай етіп көзделеді және ысырмаларында нығыздағыштармен қамтамасыз етіледі.

Кабельдік құрылыстарды пайдалану кезінде көрсетілген есіктер жабық күйінде болады және бекітіледі.

Кабельдік үй-жайлардың желдету жағдайы бойынша егер өздігінен жабылатын есіктердің жабылуы үшін өрт кезінде құрылыстың тиісті бөлігінде өрт сигнализациясы импульсінен іске қосылатын автоматты құрылғылар қолданылатын болса, оларды ашық күйінде бекітуге жол беріледі.

6-9. Металл қораптарға төселген кабель желілері жанбайтын материалдармен нығыздалады, ал қораптың өзі мынадай жерлерде:

- 1) басқа кабельдік құрылыстарға кіретін жерде;
- 2) кабельдік қораптардың көлденең учаскелерінде әрбір 30 м сайын, сондай-ақ электр кабельдері бар басқа қораптарға тармақтарында;
- 3) кабельдік қораптардың тік учаскелерінде әрбір 20 м сайын отқа төзімділік шегі кемінде EI 45 қалқалармен бөлінеді.

Қалқалар арқылы өткен кезде жабындардың әрбір белгісінде осындай отқа төзімді нығыздағыштар қосымша жасалады.

Металл қораптарға төселген кабель желілерінің нығыздалған жерлері қораптардың сыртқы қабырғаларында қызыл жолақтармен белгіленеді. Қажет болған жағдайларда, қосымша түсіндірме жазбалар орындалады.

6-10. Төселетін кабельдер және металл қабаттардың металл қабықтарын қорғау үшін қолданылатын тоттануға қарсы жабындар жанбайтындай етіп көзделеді.

6-11. Май толтырылған кабельдерге май беруді (сіңіруді) қамтамасыз ететін құрылғылардың үй-жайларында осы қондырғыға қатысы жоқ жанғыш материалдар мен бұйымдарды сақтауға жол берілмейді.

6-12. Электр қондырғылар мен тұрмыстық электр аспаптарының ақаулары (кабельдер мен сымдардың оқшаулағышының шамадан тыс қызуы немесе зақымдануы, түтін шығуы, ұшқындауы) анықталған кезде олар дереу токтан ажыратылады. Оларды тек ақаулар жойылғаннан кейін ғана қайта қосуға жол беріледі»;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1. Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, мұржалары және басқа элементтері тікелей жылу беру маусымының алдында, сондай-ақ жылу беру маусымы ішінде кемінде:

- 1) үш айда бір рет – жылыту пештері үшін;
- 2) екі айда бір рет – үздіксіз от жағылатын пештер мен ошақтар үшін тазартылады.

Түтін арналары өтетін шатырларда барлық түтін құбырлары мен қабырғалары әктеледі.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімді) от жағылатын басқа да пештер айына кемінде бір рет тазартылып тұрады.»;

«17-1. Сұйық отынмен жұмыс істейтін аппараттар авариялық төгілу кезінде отын бағындағы бүкіл отын мөлшері сиятын металл науаға орнатылады. Көрсетілген науаға құм немесе басқа да жанбайтын адсорбент толтырылады.

17-2. Тұрғын үй-жайларда тұтану температурасы 61°C-ден төмен сұйық отынмен жұмыс істейтін жылу беру аппараттарын, сондай-ақ жылу беру жүйелерінде жылу тасымалдағыш ретінде ыстық сұйықтықтарды пайдалануға жол берілмейді.

17-3. Сұйық, қатты және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін жылу беру аппараттары ақаусыз есіктермен және жанғыш конструкциялардан нормаларда белгіленген өртке қарсы бөлгіштермен (жылжытқыштармен) қамтамасыз етіледі.

Жылыту қазандықтары мен жылу беру қондырғыларының әрбір форсункасының жанындағы отын құбырында кемінде екі вентиль орнатылады: біреуі – пештің оттығының жанында, екіншісі – отын салынған сыйымдылықтың жанында.

17-4. Елді мекендерде ұйымдарды және тұрғын үйлерді жылытуға арналған орталық қазандықтарды пайдалану кезінде:

- 1) сұйық отынды осы мақсаттарға арналмаған үй-жайларда сақтауға;
- 2) жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда көзделмеген жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;
- 3) отын беру жүйелерінен сұйық отын аққан немесе газ шыққан кезде жылу бөлу қондырғыларын пайдалануға;

4) оттықтарды алдын ала үрлемей қондырғыны жағуға және форсункалар немесе газ жанарғылары жанбаған кезде отын беруге;

5) жылу беру қондырғылары конструкциясында көзделген бақылау және реттеу аспаптары болмаған, бұзылған немесе ажыратылған кезде жұмыс істеуге;

6) жанғыш материалдарды қазандықтарда немесе бу өткізгіштерде кептіруге жол берілмейді.

17-5. Пешпен жылытуды пайдалану кезінде:

1) от жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды балаларға тапсыруға;

2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;

3) қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

4) көмірге, коксқа және газға арналмаған пештерді осы отын түрлерімен жағуға;

5) үй-жайларда жиналыстар мен басқа да көпшілік іс-шаралар өткізу уақытында пештерді жағуға;

6) пештерді шамадан тыс қыздыруға;

7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киімді, киімді, ағашты) пештер мен түтіндіктердің бетінен 0,5 м кем қашықтықта кептіруге;

8) ысырмаларды (жаппаларды) жобалау нормаларында көзделген ойықтарсыз қолдануға;

9) желдету және газ арналарын түтіндіктер ретінде қолдануға;

10) ақаулары, сызаттары мен саңылаулары бар пештерді жағуға жол берілмейді.

17-6. Құрамында қыздырылған және бықсыған материалдар бар күл мен шлак оттықтан шығарылғаннан кейін өрттің шығу мүмкіндігін болдырмайтын, осы үшін арнайы бөлінген жерге шығарылады және оларға су құйылады.

17-7. Жанғыш заттарды, материалдарды, бұйымдар мен жабдықты пештердің оттықтарының саңылауларына дейін кемінде 1,25 м және пештердің басқа қыздырылатын бөліктеріне дейін кемінде 0,7 м қашықтықта орналастыруға жол берілмейді.

17-8. Қатты отынмен жұмыс істейтін қазандық қондырғылары-

ның түтін құбырлары ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады және осы бөлімнің талаптарына сәйкес күйеден тазартылады.

17-9. Отын (көмір) осы үшін арнайы бейімделген үй-жайларда немесе жанатын құрылыстардан 8 м алшақ орналасқан, арнайы бөлінген алаңдарда сақталады.

17-10. Зауытта дайындалған пештерді өнеркәсіптік кәсіпорындардың жатақханаларының, әкімшілік, қоғамдық және тұрмыстық ғимараттарының үй-жайларында, тұрғын үйлерде орнатқан кезде осы өнім түрлерін өндіруші кәсіпорындардың нұсқаулығының талаптары, сондай-ақ жылу беру жүйелеріне қойылатын жобалау нормаларының талаптары орындалады.

17-11. Уақытша металл пештерді орнату кезінде мынадай өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі:

1) металл пештер биіктігі кемінде 0,2 м табандармен қамтамасыз етіледі;

2) металл пештер кемінде мынадай қашықтықта орнатылады: ағаш конструкциялардан, жиһаздан, тауарлардан, стеллаждардан, сөрелерден, сатушы үстелдерінен және басқа жабдықтардан – 1 м; жанудан қорғалған конструкциялардан – 0,7 м; оттық саңылауларынан бастап ағаш конструкциялар мен басқа жабдықтарға дейін – 1,25 м.

17-12. Металл мұржа терезе арқылы шығарылған кезде оған бөлгішті алмастыратын, мөлшері мұржаның үш диаметрінен кем болмайтын жабындық темірден жасалған қабат қойылады.

Мұржаның ұшы ғимарат қабырғасының сыртынан кемінде 0,7 м орнатылады, биіктігі 0,5 м келтеқұбырмен жоғары қарай бағытталады.

Жоғарғы қабаттың терезесінен шығарылған келтеқұбыр ернеуден кемінде 1 м шығып тұрады. Келтеқұбырға қақпақ орнатылады.

17-13. Желдету камералары, циклондар, сүзгілер, ауа өткізгіштер жанғыш шандардан, өндіріс қалдықтарынан және май тұнбаларынан тазартылады.

Тазарту кезеңділігі ерікті нысанда тиісті акт жасала отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 758 бұйрығымен бекітілген «Желдету мен ауаны

баптау жүйелеріне, оларды тазалау мен дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12846 болып тіркелген) белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

7-14. Желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде:

- 1) желдету камераларының есіктерін ашық қалдыруға;
- 2) сору арналарын, саңылаулар мен торларды жабуға;
- 3) ауа өткізгіштерге газбен жылыту аспаптарын қосуға;
- 4) ауа өткізгіштерде жиналған май тұнбаларын, тозанды немесе

басқа жанғыш заттарды жағуға жол берілмейді.

17-15. Гидравликалық, құрғақ сүзгілер, тозаң ұстайтын және желдету (аспирациялау) жүйелерінің басқа құрылғылары ақау болған және ажыратылған кезде жарылыс қаупі және өрт қаупі бар өндірісі (қондырғылары) бар үй-жайларда технологиялық жабдықтың жұмыс істеуіне жол берілмейді.

17-16. Жанғыш тозанды, талшықты және қатты қоспалары бар басқа қалдықтарды кетіретін желдеткіштерге қатты заттардың түсіп кетуіне жол бермеу үшін олардың алдына – тас тұтқыштар, ал металл заттарды алып тастау үшін магниттік сепараторлар орнатылады.

17-17. Пневматикалық көліктің құбыржолдарында және жергілікті сору жүйелерінің ауа өткізгіштерінде кезеңдік қарап-тексеру, тексеру және өрт шыққан жағдайда оны сөндіру үшін тығыз жабылатын люктер көзделеді.

17-18. Байқап-қарау люктері бір-бірінен, сондай-ақ үштіктерде, бұрылыстарда, құбыржолдардың қабырғалар мен аражабындар арқылы өтетін жерлерінде 15 метрден аспайтындай етіп орналастырылады.

17-19. Машиналар мен агрегаттардың тозаңсыздандыру құрылғыларынан шығарылатын ауаны тазартуға арналған сүзгілер оқшауланған үй-жайларда орнатылады.

17-20. Жабдыктан шығарылатын тозанды ауа қайта айналдыру кезінде сүзгілердің көмегімен екі сатылы тазартуға түседі.»;

«19-1. Түтін арнасының конструкциясында оларды ауық-ауық күйеден тазарту үшін технологиялық ойықтар көзделеді.

19-2. Қатты отынмен жұмыс істейтін жылу бөлу аппараттары оттығының есігі астындағы жанғыш материалдардан жасалған еден оттық алдындағы металл қабатпен қорғалады, оның ұзын жағы пештің бойымен орналасады, ойықтарсыз өлшемі кемінде 0,5 x 0,7 м болады.

19-3. Жылу беру аппараттарының күл алғыштарын еден аралық кеңістікпен біріктіруге жол берілмейді.

Жылу беру аппараттарының күл алғыштарын жертөле және цокольдік үй-жайлармен жанбайтын материалдардан жасалған арналардың көмегімен ғана қосуға жол беріледі.»;

«20-1. Әртүрлі мақсаттағы желдету жүйелерінің ауа өткізгіштерінің және ағынды-сорғы түтіннен желдету жүйелерінің және транзиттік арналарының (оның ішінде ауа өткізгіштердің, коллекторлардың, шахталардың) конструкциялары жанбайтын материалдардан отқа төзімді болып жасалады.

20-2. Қоршайтын құрылыс конструкцияларының желдету жүйелерінің отқа төзімді арналарымен және тіреулер (аспалар) конструкцияларымен қиысатын тораптары осындай арналар үшін қажетті шектерден кем болмайтын отқа төзімділік шегімен жасалады. Отқа төзімі ауа өткізгіштер конструкцияларының алмалы-салмалы жалғамаларын (оның ішінде фланецті) тығыздау үшін жанбайтын материалдарды ғана қолдануға жол беріледі.

20-3. Өртке қарсы қалыпты ашылатын клапандар автоматты және қашықтықтан басқарылатын жетектермен жабдықталады. Жылу сезгіш элементтерді осындай жетектердің құрамында тек қайталанатындар ретінде ғана пайдалану көзделеді.

Өртке қарсы қалыпты жабылатын және мұржа клапандары үшін жылу сезгіш элементтері бар жетектерді қолдануға жол берілмейді.

Түтін-газ өткізуге ең төменгі қажетті кедергі әртүрлі типтердегі өртке қарсы және мұржа клапандары конструкцияларының бір-біріне тығыз жанасуымен қамтамасыз етіледі.

20-4. Желдету, ауа баптау және түтіннен қорғау жүйелері параметрлерінің нақты мәндері (оның ішінде отқа төзімділік және түтін-газ өткізу кедергілерінің шектері) сынақ нәтижелері бойынша белгіленеді»;

«21-1. Жылу беру аппараттарының жану өнімдері ғимараттар мен

құрылыстардан осы мақсаттар үшін арнайы тағайындалған түтін арналары арқылы шығарылады. Түтін арналары ретінде желдету жүйесінің ауа өткізгіштерін пайдалануға жол берілмейді.»;

2-бөлімнің «Саяжай кооперативтерін, бау-бақша серіктестіктерін, ауылдық елді мекендердің аумақтарын ұстау тәртібі» деген тарауының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Саяжай кооперативтерін, бау-бақша серіктестіктерін, елді мекендердің аумақтарын ұстау тәртібі»;

«53-1. Аумағында өртке қарсы қызмет бөлімшелері орналастырылмаған ауылдық жерлердегі елді мекендерде, бау-бақша серіктестіктерінде, саяжай бірлестіктерінде (серіктестіктерде, тұғыну кооперативтерінде, коммерциялық емес серіктестіктерде) жергілікті атқарушы органдар немесе азаматтардың көрсетілген коммерциялық емес бірлестіктерінің басқармалары осы үшін арнайы бөлінген жерде немесе ерікті өрт сөндіру құрамалары мүшелерінің жеке тұрғын үйлерінде (аула ішіндегі құрылыстарда) өрт сөндіру кезінде қолданылатын түтіктер мен оқпандардың жинағы бар өрт сөндіру мотопомпаларын, бастапқы өрт сөндіру құралдарын, механикаландырылмаған аспапты және өрт сөндіру құрал-сайманын сату және сақтау ұйымдастырылады.

Түтіктер мен оқпандардың қажетті жиынтығы бар өрт сөндіру мотопомпаларын өрт орнына жеткізуге жауапты адамдар тағайындалады.

Көрсетілген елді мекендер үй-жайлардың (учаскелердің) мынадай санының есебінен өрт сөндіру мотопомпаларымен қамтамасыз етіледі:

- 1) 300-ден аспайтын – тасымалданатын бір өрт сөндіру мотопомпасы;
- 2) 300-ден бастап 1 мыңға дейін – тіркемелі бір өрт сөндіру мотопомпасы;
- 3) 1 мыңнан артық – кемінде екі тіркемелі өрт сөндіру мотопомпасы.

53-2. Ауылдық елді мекендердің, бау-бақша серіктестіктерінің, саяжай кооперативтерінің, блок-контейнерлік ғимараттардың аумақтарында жергілікті атқарушы органдар және азаматтар бірлестіктерінің

басқармалары өрт туралы адамдарды құлақтандыру үшін тиісінше дыбыстық сигнализация құралдарын орнатады, өрт сөндіру мақсаттары үшін су қорын сақтайды, сондай-ақ өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру тәртібін белгілейді.

53-3. Жазғы кезеңде ауылдық елді мекендерде, бау-бақша серіктестіктерінде, саяжай кооперативтерінде және кәсіпорындарда жергілікті атқарушы органдар, бау-бақша серіктестіктерінің, саяжай кооперативтерінің басқармалары, кәсіпорындардың басшылары тиісінше айрықша өртке қарсы режимді белгілейді және өрттің шығу қауіптілігін төмендету бойынша қосымша шараларды қабылдайды, өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізу, алау жағу, автомотокөліктің орман алқаптарына кіруі бойынша шектеулер енгізеді, халықтың және ерікті өрт сөндіру құралымдары мүшелерінің күштерімен бастапқы өрт сөндіру құралдарымен елді мекендердің аумақтарын және олармен іргелес орман (дала) алқаптарын патрульдеуді, сондай-ақ өрт сөндіру мақсаттары үшін бейімделген техниканы ықтимал пайдалануға дайындықты ұйымдастырады.

53-4. Өртке қарсы үзіктер шектеріндегі елді мекендер мен ұйымдардың аймақтары жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, құрғақ шөптен және басқа да жанғыш материалдардан уақтылы тазартылады.

Шипажайлардың, демалыс үйлерінің және басқа да сауықтыру мекемелерінің (оның ішінде жазғы балалар саябақтарының, балалардың сауықтыру лагерьлерінің) аумақтары ғимараттардың (құрылыстардың) қабырғаларынан 15 м қашықтықта жанғыш шөгінділерден (құрғақ шөптен, мамықтан, жапырақтардан) тазартылады.

Өртке қарсы үзіктер шектерінде жанғыш материалдарды жинап қоюға, көлік тұрағына, ғимараттар мен құрылыстарды, оның ішінде уақытша құрылыстарды салуға (орнатуға) жол берілмейді.

53-5. Ғимараттарға, құрылыстарға, ашық қоймаларға, сыртқы өрт сөндіру сатыларына және өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне апаратын жолдар, өтетін жерлер мен кіреберістер жарамды күйде және өрт сөндіру техникасының өтуі үшін қолжетімді етіп ұсталады, ал қыста қардан тазартылады. Ортақ кеңістікпен (ауламен) біріктірілген тұрғын үйлер топтарының аумағына өту жолында шлагбаумдарды

орнату кезінде персоналдың тәулік бойы кезекшілігімен тұрақты бекет ұйымдастырылады және шлагбаумдар оларды қолмен ашуға арналған құрылғымен қамтамасыз етіледі.

Жолдар мен өтетін жерлерді пайдалануға жауапты ұйым жөндеуге байланысты немесе өрт техникасының өтуіне кедергі келтіретін басқа себептер бойынша олардың жабылатындығы туралы шығу ауданында осы жолдар мен өтетін жерлер бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына уақтылы хабарлайды.

Жолдар жабылған кезеңде тиісті орындарда айналып өту бағытын нұсқағыштар орнатылады немесе жолдардың немесе өтетін жерлердің жөнделетін учаскелері арқылы өткелдер салынады.

53-6. Ғимараттар мен құрылыстарға өтетін жолдарда және кіреберістерде өрт техникасының өтуіне кедергі келтіретін автокөлік тұрағына және оны қоюға, сондай-ақ өрт гидранттары құдықтарының қақпақтарында автокөлік тұрағына және оны қоюға жол берілмейді.

53-7. Аумақтардың, ғимараттар мен құрылыстардың жарылыс-өрт қаупі бар учаскелерінде ашық отты қолдануға және темекі шегуге жол берілмейді. Жарылыс-өрт қаупі бар объектілердің санатына жатпайтын аумақта, ғимараттар мен құрылыстарда темекі шегу үшін арнайы бөлінген орындар анықталады, олар «Темекі шегуге арналған орын» деген өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленеді және өрт сөндіргішпен (көлемі кемінде 5кг) және жанбайтын материалдардан жасалған қоқыс жәшігімен жабдықталады.

Өрт қауіпсіздігі белгілерін түрлі-түсті түспен бейнелеу және оларды орналастыру (орнату) орындары «Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық белгілеулер. Жалпы техникалық шарттар мен қолдану тәртібі» ҚР СТ Р МемСТ 12.4.026 және «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету» ҚР СТ 1174 талаптарына сәйкес көзделеді.

53-8. Елді мекендер мен ұйымдардың аумағы тәуліктің қараңғы уақытында өрт гидранттарын, сыртқы өрт сатыларын және өрт сөндіру керек-жарақтарының орналасқан орнын, өрт су қоймаларының пирстарына, ғимараттар мен құрылыстарға кіретін кіреберістерді тез табу үшін сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз етіледі.

Өрт қауіпсіздігі белгілерін түрлі-түсті түспен бейнелеу және олар-

ды орналастыру (орнату) орындары «Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық белгілеулер. Жалпы техникалық шарттар мен қолдану тәртібі» ҚР СТ Р МемСТ 12.4.026 және «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету» ҚР СТ 1174 талаптарына сәйкес көзделеді.

53-9. Ұйымдардың аумағында теміржол өткелдері тәуліктің кез келген уақытында өрт сөндіру автомобильдерінің теміржол төсемін кедергісіз кесіп өтуін қамтамасыз етеді.

53-10. Елді мекендердің (өнеркәсіптік кәсіпорындардың шектерінен тыс), бау-бақша серіктестіктерінің және саяжай кооперативтерінің аумағында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдысты, сондай-ақ сығылған және сұйытылған газдары бар баллондарды ашық жинауға (сақтауға) жол берілмейді.

53-11. Елді мекендер мен ұйымдардың аумағында жанғыш қалдықтардың үйінділерін жасауға жол берілмейді.

53-12. Ғимараттар мен құрылыстардың арасындағы өртке қарсы қашықтықтарды ағаш қатарларымен, кесілетін материалдармен, басқа материалдармен және жабдықпен үйіп тастауға, материалдарды, жабдық пен ыдыстарды жинау үшін, көлік қою үшін және ғимараттар мен құрылыстарды салу (орнату) үшін қолдануға жол берілмейді.»;

«71-1. Алау жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 м қашықтықта жүзеге асырылады.

Қалдықтар мен ыдыстарды өртеу осы мақсатқа арнайы бөлінген жерлерде қызмет көрсетуші персоналдың бақылауымен жүргізіледі.

71-2. Ормандарда орналасқан шипажайлардың, демалыс үйлерінің және басқа да сауықтыру мекемелерінің (оның ішінде жазғы балалар саяжайларының, балалардың сауықтыру лагерьлерінің) аумағы периметрі бойымен орман өрттері кезінде ғимараттар мен құрылыстарға өрттің таралу мүмкіндігін болдырмайтын, ені кемінде 3 м минералдандырылған қорғау жолағымен қамтамасыз етіледі.

71-3. Орман алқаптарында орналасқан елді мекендер үшін жергілікті атқарушы органдар орман өрттері кезінде ғимараттар мен құрылыстарға өрттің таралу мүмкіндігін болдырмайтын іс-шаралар (өртке қарсы қорғау жолақтарын салу, жапырақты көшеттер отырғызу, жаз мезгілінде құрғақ өсімдіктерді және басқаларын тазалау) әзірлейді және орындайды.»;

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«91. Мыналарға:

1) ғимаратты жанғыш материалдармен (сабанмен, жаңқамен, қамыспен, жоңқамен) жабуға;

2) балалар жұмыс істейтін ағаш ғимараттарда асханалар, кір жуу орындарын орнатуға;

3) отқа төзімділігі IV және V дәрежелі ғимараттар мен құрылыстарда 50-ден астам баланы орналастыруға;

4) жазғы маусымда балалар жұмыс істейтін үй-жайларда пеш жағуға, керосинді және электр қыздыру құралдарын қолдануға;

5) отшашулар өткізуге, пиротехникалық бұйымдарды пайдалануға жол берілмейді»;

«94-1. Балалар лагерінің басшысы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жоспарын және лагердің (базаның) схемасын әзірлейді, онда барлық ғимараттар, адамдар тұратын жерлер (тұрғын үйлер, палаткалар және т.б.), шаруашылық мақсаттағы орындар, сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау көздері, автомобиль тұрақтары және т.б. көрсетіледі. Схема лагерьдің (базаның) аумағына кіретін жерде ілінеді.

94-2. Орман алқаптарында немесе оларға тікелей жақын орналасқан балалардың жазғы демалыс орындарының аумағында өрттің таралуына кедергі келтіретін іс-шаралар (орман алқабы жағынан қоршаудан периметрі бойымен ені кемінде 4 метр минералдандырылған өртке қарсы жолақтар) көзделеді.

94-3. Балалардың жазғы демалыс орындары мен сауықтыру лагерьлерінің аумағында палаткаларды (киіз үйлерді) орналастыру кезінде бір топтың (1 немесе 2 қатар) орналасқан аумағының ауданы 800 шаршы метрден аспайтындай етіп қабылданады. Топтардың арасындағы қашықтық кемінде 15 метр, ал палаткалар (киіз үйлер) арасында кемінде 2,5 метр етіп қабылданады»;

«98-1. Ғимараттар мен құрылыстарда көпшілік қатысатын іс-шараларды (демалыс кештерін, дискотекаларды, жаңа жылдық және басқа да қойылымдарды) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам олардың өрт шыққан кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін ғана өткізуге жол беріледі.

Тексеру нәтижелері тексеру журналына енгізіледі және оған іс-шаралар өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам немесе объект жетекшісі қол қояды. Тексеру журналының нысанын ұйым басшысы дербес айқындайды»;

«112. Сахналық қораптың ағаш конструкцияларына (жел-тартқыштарға, сахна төсемелеріне, аспалы көпірлерге, жұмыс галереяларына) құрылыс процесінде антипирендер қанық сіңіріледі.

Аталған конструкциялар, сондай-ақ жанғыш декорациялар, сахналық және көрмелік безендірулер, көрермендер және экспозиция залдарындағы, фойелердегі, буфеттердегі перделер оттан қорғау құрамымен мезгіл-мезгіл өңделіп тұрады. Мекеме басшылары «Тоқыма материалдарының өрт қауіпсіздігі. Декоративті маталар. Тұтануға сынау әдістері және олардың жіктегіші» Р МемСТ 50810 талаптарына сәйкес тиісті сынақ хаттамасының болуын қамтамасыз етеді»;

158, 159-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«158. Бөлінген аумақта дүңгіршектер, сондай-ақ ауданы 35 шаршы метрге дейін қоса алғандағы бір қабатты павильондар топ-тобымен орналастырылады. Бір топта отқа төзімділігі I, II, III, IIIa дәрежелі 20-дан аспайтын немесе отқа төзімділігі IIIб, IV, IVa және V дәрежелі 10 дүңгіршек пен павильон орналастырылады.

Топтағы дүңгіршектер мен павильондардың арасындағы қашықтық нормаланбайды.

Топтар 10 контейнерден 1-типтік өртке қарсы қалқалармен бөліктерге бөлінуі тиіс.

159. Осы Қағидалардың 158-тармағында көрсетілген топтар арасындағы, бөлек тұрған павильондар мен дүңгіршектер арасындағы қашықтық, сондай-ақ топтардан және бөлек тұрған павильондар мен дүңгіршектерден бастап басқа ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі қашықтық осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қабылданады»;

«1098-1. Гараждар, бокстар және көлік құралдарын (жеке құралдардан басқа) ашық сақтау алаңшалары автотехниканы орналастыру схемаларымен жаракталады»;

«1099-1. Сығымдалған табиғи газбен және сұйытылған мұнай газымен жұмыс істейтін қозғалтқыштары бар автомобильдерді басқа мақсаттағы ғимараттарға кіріктірілген және оларға жапсар-

лас, сондай-ақ жер деңгейінен төмен орналасқан жабық типтегі автотұрақтарға қоюға жол берілмейді.

1099-2. Паркингтерде (жабық үлгідегі автотұрақтарда) үй-жайларды 1-типтік тұйық өртке қарсы қалқалармен бөлген жағдайда өзге функционалдық мақсаттағы үй-жайларды (автожуу орындарынан, шаруашылық қоймаларынан, клиенттердің багажына арналған қоймалардан басқа) орнатуға және/немесе орналастыруға жол беріледі.

Жарылыс қаупі бар заттар мен материалдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, майларды, жанғыш газдары бар баллондарды, қысымдағы баллондарды шаруашылық қоймаларында және клиенттердің багажына арналған қоймаларда сақтауға жол берілмейді»;

1453-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-бөліммен толықтырылсын:

«13-бөлім. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздерін ұстау тәртібі.

1619. Өртке қарсы табиғи және жасанды сумен жабдықтау көздері (оның ішінде өртке қарсы су құбыры, өрт сөндіру су қоймалары, өрт сөндіру мақсатына арналған суды сақтау сыйымдылықтары), сондай-ақ суды жинау үшін оларға кіреберістер тұрақты жарамды күйде күтіп-ұсталады.

1620. Өртке қарсы су құбыры желілерінің, өрт гидранттары мен өрт крандарының су жіберуі мен жұмыс қабілеттілігі жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) тексеріледі.

1621. Өрт гидранттары жарамды күйде ұсталады, ал қысқы уақытта жылы оралады және қар мен мұздан тазартылады.

1622. Өрт техникасының өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне жолдар мен кіреберістер арқылы өтуі жылдың кез келген мезгілінде қамтамасыз етіледі.

1623. Су құбыры желісінің учаскелері сөніп қалған, гидранттар бұзылған немесе желідегі қысым қажетті мөлшерден төмен азайған кезде су арнасының (елді мекендердің су құбыры желілері бойынша) диспетчері немесе өртке қарсы сумен жабдықтау үшін жауапты ұйымның (ұйымның немесе кәсіпорынның су құбыры желілері бойынша) тиісті лауазымды адамы бұл туралы мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына хабарлайды.

1624. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздерінің (оның ішінде өрт

гидранттарының, өрт сөндіру су қоймаларының), өрт сөндіру машиналарын орнатуға арналған пирстардың орналасу орындары, өрт сөндіру машиналарын ғимараттар мен құрылыстардың өрт түтіктеріне қосу орындары, сондай-ақ қозғалысты олардың болатын жерлеріне бағыттау «Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық белгілеулер. Жалпы техникалық шарттар мен қолдану тәртібі» ҚР СТ Р МемСТ 12.4.026 талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленеді.

Жерасты өрт гидранты орналастырылған жердің жанында «ӨГ» әріптік индексі, нұсқағыштан бастап гидрантқа дейінгі қашықтық метрдегі цифрлық мәндермен жазылған жарықтандырылған немесе флуоресцентті нұсқағыш орнатылады.

Өрт сөндіру су қоймасында «ӨС» әріптік индексі, шаршы метрлердегі су қорының цифрлық мәндері және бір мезгілде су қоймасы алаңында қоюға болатын өрт сөндіру автомобильдерінің саны жазылған ұқсас нұсқағыш орнатылады.

1625. Ішкі өртке қарсы су құбыры жүйелерінің өрт крандары клапаны бар бұру тетігі үй-жайдың еденінің үстінен $1,35 \pm 0,15$ м биіктікте болатындай етіп орнатылады, түтіктермен және оқпандармен жабдықталады және пломбаланатын өрт шкафтарына салынады. Қосарланған өрт крандарын бірінің үстінен бірін орнатуға жол беріледі, бұл ретте екінші кран еденнен кемінде 1 метр биіктікте орнатылады.

Шкафтың есігінде «ӨК» әріптік индексі, жақын өрт сөндіру бөлімінің телефон нөмірі көрсетіледі.

Өрт түтіктері құрғақ, жақсы шиыршықталып және крандар мен оқпандарға жалғанып ұсталады.

1626. Сорғы станциясының үй-жайларында өртке қарсы сумен жабдықтаудың жалпы схемасы және сорғыларды байлау схемасы ілінеді.

Әрбір ысырмада және өрт сорғы-көтергіште олардың мақсаты көрсетіледі.

Сорғы-көтергіштерді қосу тәртібі техникалық нұсқаулықтарда анықталады.

1627. Өрт сорғыларының электр қозғалтқыштарын қоректендіру кәсіпорынның электрмен жабдықтауымен үздіксіз қамтамасыз етіледі.

1628. Сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбырларының су өлшеу құрылғыларының суландыру желілерінде электр жетегі бар ысырмалар көзделеді, ысырмаларды ашу өрт шкафтарында орнатылған түймелерден жүргізіледі және өртке қарсы су құбырының сорғы-көтергіштері болған жағдайда, оларды іске қосуды бұғаттайды.

Су өлшеу құрылғыларының суландыру желілерінде орнатылған электр жетегі бар ысырмалардың жұмыс қабілеттілігі жылына кемінде екі рет, ал өрт сорғылары ай сайын тексеріледі.

1629. Объектінің аумағында немесе оған жақын жерде (200 м радиуста) табиғи немесе жасанды су көздері (өзендер, көлдер, бассейндер, градириялар) болған кезде оларға жылдың кез келген уақытында өрт сөндіру автомобильдерін қою және су жинау үшін өлшемі кемінде 12 x 12 м қатты төсемі бар алаңдарымен (пирстарымен) кіреберістер салынады.

1630. Жасанды су қоймаларын, су көздеріне кіреберістер мен су жинағыш құрылғыларды үнемі әзірлікте ұстауды құрылыстардың иелері қамтамасыз етеді.

1631. Су арыны мұнаралары жылдың кез келген уақытында өрт техникасының су алуы үшін бейімделеді.

Өрт сөндіру мақсаттарына арналған су қорын шаруашылық және өндірістік қажеттіліктер үшін пайдалануға жол берілмейді.

1632. Өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің жабдығы (өрт гидранттары, өрт крандары, сумен және көбікпен өрт сөндіру, сондай-ақ су бүрку құбыр жүйелері) пайдалануға қабылдаудың алдында және жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) техникалық қарап-тексеріледі, су жіберу арқылы олардың жұмыс қабілеттілігі (су беруі) тексеріледі.

Техникалық қарап-тексеру:

1) механикалық зақымдардың (сызаттардың, жарықшақтардың және тағы басқаларының) бар-жоғын анықтау, лак-бояу жабынының тұтастығын айқындау мақсатында өрт қранын қарап-тексеруді;

2) жиынтықты тексеруді;

3) өрт түтігін кранға және оқпанға қосу сапасын және оларды алып-салудың жеңілдігін бақылауды;

4) өрт оқпанындағы резеңке төсемшелердің және крандағы, түтік-

тегі және құбырдың бағанындағы жалғама бастиектердің жай-күйін тексеруді;

5) кранның су беруіне гидравликалық сынақтарды жүргізуді және (немесе) құбырларға су беруді;

6) қысымды жоғарылататын сорғыны қосатын және (немесе) сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбырының жиекті желісіндегі электр ысырмасын ашатын түйменің жарамдылығын тексеруді;

7) өрт сөндіру түтігінің оралуын;

8) өрт қранының пломбалуын қамтиды.

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтауды сынау плюс 5⁰С-ден төмен емес температурада жүргізіледі.

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің су беруін техникалық қарап-тексеру және тексеру нәтижелері актімен және сынау хаттамасымен ресімделеді.

Ескерту: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 921 қаулысының қосымшаларымен толық мәтіні ҚР Әділет министрлігінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған.

Азаматтық қорғау жүйесіне - 25 жыл

ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАЙ АЛҒАН ЖҮЙЕ

Редакциядан: Жоғарыда көрсетілген айдар бойынша мақалалар тізбегін жариялауды жалғастырамыз. №1 журналда, біз ТЖ бойынша мемлекеттік комитетті құрудың бастауында 1995 жылы



тұрған, бүгінгі күнгі азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесін (келесіде - АҚМЖ) қалаған Н.М. Макиевскиймен оқырмандарды таныстырған болатынбыз.

*АҚМЖ-ның құрылуына 25 жыл толуына арналған мақалалар циклын – ҚР ТЖМ ардақты ардагері **Молгаждаров Амантай Айткеновичтің** еске алу мақаласы жалғастырады.*

Қазақстанда кейінгі кезде орын алған жағдайларға байланысты, бұл - Арыс қаласындағы оқ-дәрі қоймасында болған жарылыс және COVID-19 коронавирусының пандемиясы, бейбіт және соғыс уақытында халықты әртүрлі қауіптен қорғауға арналған, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетінің бірлескен және соғысқа қабілетті жүйесін құру мәселесі өзекті бола түсуде. Қазақстанның тарихында осындай жүйе болған, ол ұзақ уақыт бойы өзінің тіршілікке қабілеті мен тәжірибелік пайдасын дәлелдеген болатын. Бұл жүйе – Азаматтық қорғаныс жүйесі. Еліміздің азаматтық қорғаныс жүйесі жылдан-жылға дамып, жетілдіріліп отырған және халықты табиғи және техногендік барлық катаклизмалардан, соғыс қауіпінен кез-келген уақытта қорғауға дайын болатын. Өкінішке орай 2014 жылы ҚР ТЖМ таратылғаннан кейін азаматтық қорғаныс рөлі екінші дәрежелі болып қалды.

Азаматтық қорғаныс- халықты, шаруашылық объектілерін және аумақты қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау факторынан, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мақсатында бейбіт және соғыс уақытында жүргізілетін басқару органының мемлекеттік жүйесі және жалпы мемлекеттік іс-шара-

лардың жиынтығы, 1932 жылы 4 қазандағы КСРО Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен КСРО ІІМ құрамында құрылған Жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныс (ЖӘШҚҚ) бастау алды.

Жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныс, Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы объектілерді қорғау бойынша, өте маңызды рөл атқарды. Соғыс уақытында ЖӘШҚҚ - ның фашистік авиацияға қарсы іс-әрекетінің мысалдары Жеңіс үшін жасалған салмақты үлесі болып табылады.

Біздің еліміз халықты және аумақты соғыс қауіпінен қорғау жүйесінің дамуында маңызды қадамды 1961 жылы жасауға және жаңа сапалы жүйе құруға мәжбүр болды, ол - Азаматтық қорғаныс, аталған қорғаныс қазіргі заманғы соғыста мемлекеттің тіршілігін қамтамасыз етудің стратегиялық факторларының бірі болды.

Жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныстың қызмет жасаған жылдарында құрылған ең таңдаулы тәжірибе, дәстүрлер, жаңа жүйенің негізі болып қаланды. Негізі ұйымдық сала, халықты қорғауды қамтамасыз ету түрлері, оларды оқыту жүйесі сақталған болатын.

Сонымен қатар, азаматтық қорғаныс, Жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныстан түбегейлі өзгеше болатын. Оның өзгешелігі неде?

Біріншіден, азаматтық қорғаныс іс-шараларына жалпы мемлекеттік және жалпы халықтық сипат берілген болатын. Бұлардың барлығы жоспарланып, еліміздің барлық аумақтарында іске асырылды және әр азамат пен әр ұжымға қатысты болды.

Екіншіден, халықты және еліміздің аумағын жаппай жою қаруының барлық зақымдау факторларынан қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігінен қорғау іс-шаралар жүйесі өзінің бастауын алды.

Үшіншіден, Азаматтық қорғаныс шеше алатын, міндеттер шеңбері кеңейді. Осылайша, соғыс уақытында өнеркәсіптің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша міндет, оның негізгі міндеттерінің бірі болды.

Төртіншіден, қарсыластың шабуыл зардаптарын жою бойынша міндет, жаңа сапаға ие болды. Ядролық шабуыл болған жағдайда, бірден жүз мыңдаған зардап шегушіге көмек көрсету қажеттілігі

туындайтынын, Хиросима мен Нагасаки тәжірибесі көрсеткен болатын.

КСРО Азаматтық қорғанысы КСРО Қорғаныс министрлігіне бағынышты болған, оған Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры Кеңестер Одағының Маршалы В.И.Чуйков басшылық жүргізді.

Осы жылдары Қазақстанда республиканың Азаматтық қорғаныс жүйесі құрылды, республиканың Азаматтық қорғаныс бастығы ретінде Республиканың Министрлер Кеңесінің төрағасы басшылық жүргізді. Азаматтық қорғанысқа тікелей басшылық жүргізу үшін, КСРО Азаматтық қорғаныс бастығының директивасымен 1961 жылы 17 қарашада нөмірі 4-б., Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабы құрылды. Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабының бірінші бастығы болып, Кеңестер Одағының Батыры, армия-генералы Нурмағамбетов Сағадат Кожаметович тағайындалды.



Ол 22.09.1961- 27.11.1969 жж. дейін Қазақ ССР-ның Азаматтық қорғаныс штабына басшылық жүргізді. Бұл - жаппай зақымдаушы қарудан халықты қорғауды ұйымдастыру үшін тартылған орган ретінде республиканың Азаматтық қорғаныс штабының құрылып және қалыптасқан жылдары болатын.

27.11.1969 - 13.09. 1988 жж. дейін Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабы бастығы генерал-лейтенант Алибеков Есет Калиевич болды.

Дәл осы жылдары Республиканың Азаматтық қорғаныс штабы жаппай зақымдаушы қарудан халықты қорғауды ұйымдастыру бойынша көптеген жетістіктерге жетті.

Неізгі көрсеткіштер бойынша, республика көп жылдар бойы, одақтас республикалар арасында алдыңғы орындардың бірінде тұратын. Республиканың халқын жеке қорғану құралымен қамта-

масыз ету 95%-ға дейін болса, оның ішінде балалар газқағары мен балаларды қорғау камерасы 87% құрайды.

Айрықша кезеңде өз жұмысын жалғастыратын объектілердің жұмыс істейтін ауысымын қорғану құрылыстарымен қамтамасыз ету 83% құраған болатын. Осы көрсеткіш бойынша Кеңестер Одағында республика үшінші орынды алған.

Кеңестер Одағы құлағаннан кейін және Қазақстан өз тәуелсіздігін алған соң, әскери мәселелерді басқару органын құру қажеттілігі туындады. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 20 қарашадағы № 712 қаулысымен Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабының базасында және Қазақ ССР-ның Әскери комиссариатымен, Қазақстан Республикасының қорғаныс жұмыстары бойынша Мемлекеттік комитеті құрылды. Қазақстан Республикасының қорғаныс жұмысы бойынша Мемлекеттік комитеті тікелей елдің Азаматтық қорғанысына басшылық жүргізді. Дегенмен, қорғаныс жұмысы бойынша Мемлекеттік комитеттің жұмысы ұзақ болмады. 1992 жылы 7 мамырда ҚР Президентінің Жарлығымен жеке Қарулы Күштері мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі құрылды.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі Қаулысымен қайтадан Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы құрылды, әрине ол тікелей елдің Азаматтық қорғанысына басшылық жүргізді.

Қайта құрылған ҚР АҚ штабын құру мен басшылық жүргізу маған табысталған болатын. Бұл лауазымда мен өз міндетімді 26.06.1992 жылдан бастап 22.12.1993 жылға дейін атқардым. Республиканың АҚ штабын құру үшін заңды тұлғаны құжаттық рәсімдеу қажет болды. «Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы мәселелері» Министрлер Кабинетінің 1992 жылы 2 қыркүйекте № 733 қаулысымен әзірленіп, қол қойылды, бұл қаулыда орталық аппаратта 90 адам саны мен ҚР АҚ штабының мәртебесі арналуы анықталды. Әрине, бұл кезеңде Республиканың АҚ штабын және оған қарасты бөлімшелердің қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесі оңай болған жоқ.

Азаматтық қорғаныс саласы бойынша қоғамдық қатынастардың құқықтық реттеу қажеттілігі туындады. Қазақстан өз тәуелсіздігін алмай тұрып, Азаматтық қорғаныс қызметі КСРО Министрлер Кеңесінің Қаулысымен, КСРО Қорғаныс министрінің бұйрықтарымен реттеліп отырған. Жоғарыда аталған Қаулылар мен бұйрықтардың орнына Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары Азаматтық қорғаныс іс-шараларын іске асыруда пайда болған қатынастың құқықтық шеңберін толық қамти алмады. Әсіресе, азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың міндетін құқықтық бекітуге қатысты болды. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру шартында азаматтық қорғаныс мүлігі мен объектілеріне құқықты анықтау мәселесі, АҚ іс-шараларын қаржыландыру мәселесі кідіртусіз шешімді талап етті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғаныс туралы» Заңы әзірленіп, қабылданды.

Табиғи және техногендік сипаттағы ірі аумақтағы ТЖ болған кездегі жұмыстарды жүргізу үшін, елдің Азаматтық қорғаныс объектілік және әскери емес құрылымдарын, құрылыстық және көлік кәсіпорындарын пайдалану жоспарланған. Осылай бола тұра, «суық соғыс» жағдайында, осы аталған құрылымдарды дайындауда күш, потенциалды қарсылас жаппай зақымдаушы қаруды қолданған кезде жүргізетін іс-әрекетке оқытуға түсетінін атап өткен жөн. Еліміздегі бар Азаматтық қорғаныс әскер бөлімдері тек ғана соғыс уақытында іс-әрекет жасауға ғана толық бағдарланған болатын. Азаматтық қорғаныстың республикалық және облыстық штабтары ең бірінші халықты ядролық, химиялық және бактериологиялық қарудан қорғау бойынша, айрықша кезеңде өнеркәсіптердің тұрақты қызмет етуі бойынша іс-шараларды жоспарлап, пысықтады.

Халықты авариядан, апаттан және дүлей зілзаладан тиімді қорғау мәселесі үшін, 1995 жылы қажетті заңмен белгіленген өкілеттігі бар, арнайы мемлекеттік басқару органы қажет екендігі айқын болды. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары құрылымдарын жетілдіру туралы» 1995 жылғы 19 қазанда №2541

Қаулысына сәйкес, барлық мемлекеттік басқару жүйесінде өзгертулер болып жатқандықтан, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бойынша мемлекеттік комитеті құрылды. Ол еліміздің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар бойынша және Азаматтық қорғанысы бойынша орталық атқарушы органы болды. Кейіннен ТЖМК Төтенше жағдайлар бойынша комитет болып өзгертілді, содан кейін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар бойынша агенттігі атауына ие болды. ТЖМК, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комиссиясы аппаратының және Азаматтық қорғаныстың республикалық штабының негізінде құрылды. Бұл дегеніміз, осы саланы реформалаудағы үшінші кезең болды.

Осылайша, Азаматтық қорғаныстың бұрынғы штаб қызметкерлері, аварияны, апатты және дүлей зілзаланың алдын алу мен жою бойынша іс-шараларды ұйымдастыру мен орындауға бақылау жүргізуге қайта бағдарланды. Азаматтық қорғаныс бөлімдерінде жалпы мамандандырылған құтқарушылар шұғыл қызметінің жауынгерлерін дайындау, оларды сәйкес қондырғылармен, қажетті керек-жарактылармен жабдықтау ұйымдастырылды.

ТЖМК төрағасы болып бірінші көрнекті ұйымдастырушы және бастамашы Макиевский Николай Михайлович тағайындалды. Оның басшылығымен парламентке Азаматтық қорғаныс және Төтенше жағдайлар саласы бойынша негізгі заңнамалық актілер әзірленіп, бекітуге ұсынылып отырылды. ТЖМК Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы Жарлығымен Комитет (ТЖК) болып өзгертілді. Кейіннен, яғни 1999 жылғы 22 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Төтенше жағдайлар бойынша агенттік болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі Жарлығымен Төтенше жағдайлар бойынша министрлік құрылды. Төтенше жағдайлар бойынша министрлік Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласы бойынша мемлекеттік саясатты жүргізетін орган болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 06 тамыздағы Жарлығымен Төтенше жағдайлар бойынша комитет Ішкі істер министрлігінің құрамына кірді, ол бүгінгі күні азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жүйесіне басшылық жүргізіп отыр.

Маған, ТЖМ-ның ардақты ардагері ретінде белгілеу, яғни атап айту, өкінішті, бірақ бүгінгі қызметін жүргізіп жатқан азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі жаңа қарсылықтарға, жаңа қауіптерге дайын емес екендігі, ащы болса да шындық. Бұл – дүлей зілзалалар, соның ішінде климаттың жаһандық өзгеруіне алып келген, геофизикалық және ғарыштық процесстердің белсенді бола түсуі; инфраструктура объектілері жағдайының төмендеуі, сонымен қатар өрт пен дүлей зілзаланың зардаптарынан пайда болған техногендік авариялар мен апаттар; адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің аса қауіпті жұқпа аурумен ауыруы, соның ішінде көші-қон процессінің қарқындылығының өсуімен және кенттену деңгейінің жоғарылауына байланысты. Бұл жөнінде ҚР Президенті К.К. Тоқаев 2019 жылы 2 қыркүйектегі Жолдауында атап айтқан болатын.

Бүгінгі күні адамзат жаңа ғаламдық шақырулармен қақтығысып жатыр, соның бірі ТЖ санының өсу тенденциясы. Төтенше жағдайларда және әскери қақтығыстарда немесе бейбіт және соғыс уақытында осы қақтығыстардың зардаптарынан Қазақстанның халқы мен аумағын қорғау ұлттық қызығушылық басымдылығының бірі болып отыр. Осы өзекті жағдайды шешудің бір жолы, менің ойымша және менің көптеген ардагер қызметтестерімнің ойынша азаматтық қорғаныс жүйесін қайта жандандыру.

*Автор: ҚР ТЖМ құрметті ардагері -
Молгаждаров Амантай Айткенович*



ЖЕКЕ ҚОРҒАНУДЫҢ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ҚҰРАЛЫ. ГАЗҚАҒАРЛАР

АҚ ОӘРО оқытушысы - Е.Е. Садвакасов

Бәрімізге мәлім, **азаматтық қорғау** бұл - бейбіт және соғыс уақытында өткізілетін жалпы мемлекеттік іс-шаралар кешені. Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын осы заманғы зақымдаушы құралдың зақымдау (қирату) факторларынан, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауға арналған азаматтық қорғаныс, оның құрамдас бөлігі болып табылады. Осы заманғы зақымдаушы құралдан халықты қорғаудың үш тәсілінің бірі, бұл жеке қорғану құралымен қамтамасыз ету. Осы мақалада, журнал оқырмандарын редакция осы заманғы жеке қорғану құралымен (келесіде - ЖҚК) таныстыратын болады, атап айтқанда газқағарлармен.

ҚР «Азаматтық қорғау» туралы Заңына сәйкес, жеке қорғану құралдары мен басқа да азаматтық қорғаныс мүлігінің қорын, қорғану құрылыстарының қажетті қорын қорландыру мен оларды дайындықта ұстау, азаматтық қорғаудың негізгі міндеттерінің бірі. Бәрімізге мәлім, азаматтық қорғаныс мүлігі: жеке қорғану құралы, радиациялық, химиялық барлау және дозиметриялық бақылау аспаптары, медициналық жеке қорғану құралы, байланыс және хабарлау құралдары мен басқа да материалдық-техникалық құралдары.

2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 878 «Жеке қорғану құралының қауіпсіздігі туралы» Кедендік одақтың техникалық регламентіне сәйкес, жеке қорғану құралының қауіпсіздігі: төменде көрсетілген жеке қорғану құралдарын пайдалану процессінде зиянды (қауіпті) факторлардың әсер етуінен адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- механикалық әсер ету мен жалпы өндірістік ластану;
- зиянды химиялық заттар;
- иондаушы және иондамайтын сәулелер;

- жоғарғы (төменгі) температураның әсер етуі;
- электр тоғының, электрлік және электромагнитті өрістерінің әсер етуі;
- биологиялық факторлардың әсері (микроорганизмдер, құрт-құмырскалар);
- көру мүмкіндігінің төмендеуі.

Жоғарыда тоқталғанымыздай, біздің мақала, газқағарларға арналған, яғни тыныс алу органдары мен көзді (көруді) қорғау қажет болатын жұмыстарды жүргізген кезде, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау үшін, негізгі және сенімді ЖҚҚ-ның біріне арналған. Жеке қорғану құралының бұл түрі, бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайда ауада бу, газ немесе аэрозоль түрінде болатын уландыратын, радиоактивті заттектерден, бактериялық құралдардан және басқа да күшті әсері бар улы заттар болғанда қолданылады.

Қорғау тәсілі мен құрылыс түрі бойынша газқағарларды екіге бөледі:

- а) сүзгі.
- ә) оқшаулағыш.

Сүзгі. Тыныс алу жолдарына түсу қауіпінен органдарды сақтап қалуға арналған, механикалық сүзгінің немесе химиялық әсердің көмегімен тоқтатуға болатын сүзгі қорабы пайдаланылады. Осы аталған газқағарды қолданған кезе, қолданушы тазартудан өткізілген қоршаған ортаның ауасымен дем алуын жалғастырады. Осы сияқты құрылғылар әр сәтте белгілі бір қауіптің түрінен ғана қорғайды, себебі сүзгі қорапшалары әмбебап емес, сонымен қатар аталған қорапшаның пайдалану мерзімі біткен кезде ауыстыруды қажет етеді. Сүзгінің пайдалану мерзімі оның түріне, сонымен қатар қоршаған ортаның ластану дәрежесіне байланысты жиырма минуттан бірнеше тәулікке дейін болады.



Оқшаулағыш. Компрессорлық қорапшасы бар құрылғы – бұл толығымен әмбебап, сондай-ақ сақтанудың аса ілгері деңгейі. Оттегілі-оқшаулағыш газқағар, оттегі жетіспеген кезде тыныс алу органдарын қорғау үшін арналған. Оқшаулағыш газқағардың сүзгі газқаға-

рынан айырмашылығы, қолданушы қоршаған ортаның атмосфералық ауасымен емес, басқа көзден алынған таза ауамен дем алады. Дем алу



үшін зақымданған ауаны тазалау мен сүзгі жасау дем алуды қамтамасыз етуге жеткіліксіз болған кезде, сүзгі газқағарларын қолдану жөнсіз, сондықтан да оқшаулағыш газқағарларды пайдалау қажет. Оқшаулағыш газқағарлар өртке қарсы қызметке, өндірістік объектілердегі авариялық- техникалық қызметке және де басқа да арнайы қызметтерге арналған және олар оны қолданады. Оқшау-

лағыш газқағарларды қолдану үшін, арнайы дайындық қажет.

Әдетте қойылатын екі сұрақ: Қайсысы жақсырақ? Қайсысы күштірек?

Әлемдік нарықта әр түрлі ЖҚҚ-лар бар, дегенмен осы саладағы мамандар үш ең жақсы газқағарды бөліп айтады.

Рейтингті бастаушы AVON (АҚШ) компаниясының ***М-50 газқағары***. Ол америка әскерінің негізгі газқағары болып табылады. AVON фирмасының технологиясы мен қорғаушы материалдарының негізінде, қорғаудың және жайлылықтың жоғарғы дәрежесін қамтамасыз ететін бет бөлігі әзірленген болатын.

Жаңа сүзгі – сіңіргіш элементтері (ССЭ), жалпы улы заттардан, тұншықтыратын, тері –іріндік және жүйке- сал әсері бар улы заттардан, сонымен қатар бірнеше уытты химиялық және биологиялық зақымдаушы агенттерден, радиоактивті және уытты шаңдардан тиімді қорғауды қамтамасыз етеді. Газқағар құрылысының бірнеше ерекшелігі, пайдаланған кезде қауіпсіздікті анағұрлым жоғарлатады. Сүзгі-сіңіргіш элементтері өздігінен саңылаусыз бекітілуіне байланысты, тығыздаманың саңылаусыздығын бұзбай ауыстырыла алады, ал көзілдірік түйіні күн сәулесінен өте жақсы қорғауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар аса жоғары механикалық беріктігі бар.



GSR (Ұлыбритания) газқағары. Химиялық, биологиялық, радио-активті зақымданған ортада 24 сағат жұмыс істеу үшін, 2010 жылы әзірленген. Сүзгілері бір-біріне тәуелсіз параллельді түрде жұмыс істейді. Әйнегі терлемейді, себебі ауа мұрын мен ауызды жауып тұратын бөлек бөлікте айналады. Суық ортада S10- нан төмен жұмыс істемейді. Көздеу үшін дүмбіге жақсы келеді.



Байонетті ажырауы сүзгіні жылдам ауыстыруды қамтамасыз етеді. Сол жақ немесе оң жақ атысу кезінде бір сүзгіні қолдану мүмкіндігі бар.

K10 газқағары (Оңтүстік Корея). Кореяның қарулы күштерімен және құқық қорғау органдарымен, Тынық мұхиты аймағының елдерінде қолданысқа ие болды. K10 газқағары K5 газқағарының (Оңтүстік Корея үшін белгіленген үлгідегі жаңа ұрпақ газқағары) бір түрі болып табылады, осылайша бұл осы заманғы технологияның болашақта дамуы ғана болып қоймай, NATO Triptych талаптарынан асып түсіп, болашақтағы жауынгерлік жағдайға сәйкес келеді. K10 жұмыс қабілетінің үздіксіз жайлылығын барынша қамтамасыз ете отырып, ХБРУЗ (ХБРЯ) және уытты өндірістік химикаттар сияқты әлеуетті қауіптерден толық қорғауды қамтамасыз етеді.



Бұл үлгіде әдеттегі сөйлесу мембранасы болмайды, оның қызметін дем шығару клапаны торабы атқарады, оның құрылымы жақсы және сенімді дыбыстарды беруге мүмкіндік береді. Газқағардың жиынтығында электрлік дауыс күшейткіші бар.

2010 жылы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасында, Беларусь Республикасында және Ресей Федерациясында бірлескен қағидалар мен ережелер туралы техникалық реттеу келісімінің 13- бабына сәйкес, жеке қорғану құралдарының сәйкестігі, Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келуі расталған жоқ, Ке-

денді одақ мемлекеттік-мүшелерінің нарығында өнімнің айналысы бәріне ортақ таңбамен белгіленбеуі керек және нарықта айналысқа түсуі үшін шығарылуға болмайды.

Кеденді одақтың мемлекет-мүшелері нарығында өнім айналысы ортақ белгімен таңбаланбаған жеке қорғану құралы, **нарық айналысына түсу үшін шығарылуына тиым салынады.**

Кедендік одаққа кіретін мемлекеттерде ГП -7, ГП-9 ,ГП -15, ГП-21, сонымен қатар ӘҚҚ ВК көбінесе азаматтық газқағарлары қолданылады. Бұл газқағарлар осы заманғы ЖҚҚ болып табылады.

ГП-7 азаматтық газқағары және оның ГП-7В, ГП-7ВМ сияқты түрлері тыныс алу органдарын, көзді, бет терісін уандыратын заттардың (зарин, зоман, көгертікші қышқылы, хлорциан және т.с.с.) буынан, радиоактивті заттардан, биологиялық аэрозольдерден және кейбір күшті әсер ететін улы заттардан 6 сағатқа дейін сенімді қорғай алады. Бұл газқағар аммиактан қорғай алмайды.



ГП-7 газқағары және оның түрлері басқа газқағарлармен салыстырғанда бірнеше артықшылығы бар. Ол йодтың радионуклидінен қорғайды, тыныс алуға қарсы әсері төмен. Бетперденің құрылысы басқа түсетін қысымды төмендетті және ауа кірмеуді қамтамасыз етті. Мұның барлығы газқағарды киіп жүру уақытын ұзартты, сонымен қатар 60 жастан жоғары үлкен кісілердің қолдануына мүмкіндік тудырды. Газқағардың бетпердесінде сөйлесуге мүмкіндік беретін құрылғысы бар, осы құрылғы арқылы сөйлеу анықтығын қамтамсыз етеді. ГП-7В зақымданған атмосферада қосымша су қабылдау жүйесімен қамтылған.

ГП-7ВМ жеке қорғанудың неғұрлым осы заманғы құралы болып табылады. Осы аталған газқағардың көзілдірік бөлігіндегі әйнегі, басқа газқағарлардың көзілдірік бөлігімен салыстырғанда трапеция түрінде болады, ол көру аумағын кеңейтеді, сонмен қатар оптикалық құралдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

ГП-7 газқағарының және оның басқа да түрлерінің бет бөлігі үш мөлшерде дайындалады. «Тәуелсіз» обтюратор жоғарғы деңгейде ауа кірмеуді қамтамасыз етеді.

Аммиакпен және диметиламинмен зақымданған кезде, ГП-5, (ГП-5М), ГП-7 және оның ПДФ -2Д, ПДФ-2ГД, ПДФ-7, ПДФ-Д(А), ПДФ-Ш(А) сияқты түрлері үшін қосымша ДГП-3 патроны қолданылады, ол газқағардың тамақ тұсындағы қорапшаға бұрап кигізіледі.

ГП-9 азаматтық газқағары ересек адамдарды уландыратын заттардан, радиоактивті шаңнан және биологиялық аэрозольдерден, сонымен қатар ҚӨУЗ-ден, соның ішінде аммиактан және сынаптың буынан тыныс алу органдарын, көруді және бет терісін қорғауға арналған. Бұл ретте газқағар органикалық булардан және қайнау температурасы +650-тан төмен болмайтын газдардан (метан, этан, ацетилен, этилен тотығы және басқалары, көміртек монооксидтері, азот монооксиді) қорғауды қамтамасыз ете алмайды. Көміртек монооксидінен және азот оксидінен қорғану үшін ПЗУ-ПК арнайы сүзгіш кешенін қолдану қажет.



ГП-9 газқағары бет бөлігінің құрылысындағы айырмашылығы арқылы өзгеше болатын екі түрде шығарылады: ГП-9 азаматтық газқағары, оның азаматтық МПГ-ИЗОД (су ішу үшін құралы жоқ) көру бетпердесі бар және ГП-9В азаматтық газқағары, оның бет бөлігінде МП-4 бар (зақымданған атмосферада су ісуге мүмкіндік жасайтын құралы бар).



ГП-15 азаматтық газқағары. Осы заманғы жабдықталған көп атқарымдық СИЗОД құру бойынша жұмыстардың шеңберінде, «АРТИ-Завод» ААҚ –сы ГП-15 азаматтық газқағарын әзірледі (жасады), бұл газқағардың көру аумағын кеңейтетін (84%) мүмкіндігі бар және қорғау коэффициенті бар, бетперденің астында көміртек диоксиді құрамының төменгі деңгейі бар

және көлемі аз ғана болатын «ARTIRUS-M» панорамалық бетпердесі бар. Бетперде басты қорғаудың кез-келген құралдарымен сәйкес келе береді. Сөйлесу құрылғысы өте жақсы және анық сөйлесуді қамтамыз

етіп отырады. ГП-15 газқағары халықты, авариялық-құтқару құрылымдарын және өнеркәсіптік жұмысшыларды жаппай зақымдау құралын қолданғанда және төтенше жағдайдың әсерінен пайда болған булардан, газдардан және уландыратын және химиялық қауіпті заттардың аэрозольдерінен қорғау үшін арналған.

ГП-21 азаматтық газқағары – бесінші буын газқағары. Бұл өте жеңіл газқағардың бірі болып табылады. Азаматтық халықтың тыныс алу органдарын, бетін және көзін қорғауға арналған, сонымен қатар ауада газ, бу және аэрозоль түрінде болатын улы заттардан, радиоактиві заттардан, ингаляциялық (тамақты булау) әсері бар қатты әсер ететін заттардан, сондай-ақ бейбіт және соғыс уақыты жағдайында биологиялық заттардан авариялық-құтқару жеке құрамын қорғауға арналған.

ӘҚҚ ВК – Әмбебап қорғану құралы (Ресейде шығарылған «Сорбент» ААҚ) – бұл әскери қақтығыста ғана қолданылып қоймай, сондай-ақ химиялық қауіпті заттардың төгілуі болған авариялық жағдайда да қолдануға болатын азаматтық газқағар. ӘҚҚ ВК ГП-7 газқағары мен ДГП – 3 қосымша патронының қорғау қасиетін бір сүзгі-сіңіргіш қорапқа біріктірген алғашқы әзірleme болды, сонымен қатар ӘҚҚ ВК ГП- 7 азаматтық газқағарының және оның түрлерінің баламасы болып табылады, ол ҚӘУЗ –ден аса жоғары қорғауды қамтамасыз етеді және аммиактан қосымша қорғайды.

Келесіде қораптардың маркалары мен олардың қорғау қасиеттерін ұсынамыз:

Қорап- тың марка- сы	Қораптың түсі	Қорап қорғайтын заттар
А	қою қоңыр	Органикалық булар (бензин, керосин, ацетон, бензол, толуол, ксилол, күкіртті көміртек, спирттер, эфирлер, анилин, галогенді органикалық қосындылар, бензолдың және оның гомологының бейтарап қосылысы, тетраэтилқорғасын), фосфор және хлорорганикалық химиялық заттегі

В	сары	Қышқыл газдар мен булар (күкіртті ангидрид, хлор, күкіртсутек, көгертікші қышқыл, хлорлы сутек, фосген), фосфор және хлорорганикалық химиялық заттегі
Г	қара	Сынап және сынап органикалық буы
Е	қара	күшән және фосфорлы сутек
КД	сұр	аммиак, күкіртсутек, олардың қоспасы
СО	ақ	көміртек тотығы
М	қызыл	Көміртек тотығы, күшән сутек, фосфорлы сутек, күкіртсутек, органикалық заттар
БКФ	қорғау	байқатпайтын күшән сутек, фторлы сутек

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес, азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын ұйымдар қор құруға міндетті және ұжымдық және жеке қорғану құралдарын үздіксіз дайындықта ұстауы керек. Әрине, өкінішке орай газқағарларды дайындап және оларды шығаратын отандық зауыттар жоқ. Республиканың нарығында газқағарларды дайындаушы зауыттардан ресейлік және басқа да шетелдік ресми өкілдері жұмыс істейді. Мысалы, Қазақстанда кеңінен ұсынылған, бұл «Сорбент» ресейлік компаниясы. Қандай жағдай болғанда да, АҚ бойынша санатталған нысандарында ЖҚҚ қоры болуы керек, бұл құрал өз кезегінде халықты ТЖ-дан қорғауға мүмкіндік туғызады және олардан болуы мүмкін шығынды бейбіт және соғыс уақытында барынша ықшамдайды.

«СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР»

АҚ бойынша семинар-тренинг тыңдаушылары үшін, орталық «Ұсыныстар мен пікірлер кітапшасын» әзірлегендігі туралы журналдың алдыңғы нөмірлерінде редакция атап өткен болатын. Бұл кітапшада әр тыңдаушы өзінің АҚ бойынша санатқа жатқызылатын ұйымындағы шешілмеген және өзекті мәселелерін көрсеткен болатын.

2020 жылғы журналдың бірінші нөмірінде оқырмандардың назарына, АҚ бойынша санатталған объектілер үшін сипаты бар семинар тыңдаушыларына азаматтық қорғаныс бойынша қойылған үш сұрақты ұсынған болатынбыз. Редакция тұрақты негізде «Сұрақтар мен жауаптар» айдарын жүргізіп келеді.

2020 жылғы №2 журналда АҚ семинары тыңдаушыларының үш жаңа сұрағын ұсынамыз. Сонымен бұл сұрақтар келесі сипат пен мазмұнда.

№1 сұрақ Бектұрғанов Азат Кардулдиновичтен – Қостанай облысы «Алюминий Казахстана» ФАҚ директоры.

Сұрақтың мазмұны: Біздің ұйым өнеркәсіптік объект болып табылады. Ол азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған. Объектілер қандай негізгі белгілеріне қарай осы санатқа жатқызылады?

Жауаптың мазмұны:

2014 жылғы 11 сәуірдегі ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 20-бабына сәйкес, ұйымның азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылуы, мемлекеттік, қорғаныстық маңызына және халықты тіршілікпен қамтамасыз етуіне байланысты азаматтық қорғаныс іс-шарасын кешенді және сараланған түрде өткізу мақсатында іске асырылады.

Әлеуетті қауіпіне, болуы мүмкін төтенше жағдайлар зардаптарының әлеуметтік-экономикалық көлеміне байланысты, ұйым үшін азаматтық қорғаныс бойынша келесі санаттар анықталады: аса маңызды және санатталған.

Аумағында қызметінің бұзылуы ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін және төтенше жағдайдың болу қауіпі бар стратегиялық объектісі бар ұйымды, аса маңызды санатқа жатқызамыз.

Санаттандырылған ұйымдарға жұмыс істеуінің бұзылуы елеулі әлеуметтік-экономикалық салдарларға, өңірлік және жергілікті ауқымдардағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін мынадай ұйымдар:

- аса маңызды мемлекеттік меншік объектілері;
- өнеркәсіптің, көлік-коммуникация кешенінің, энергетиканың, байланыстың жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан, реконструкцияланатын және жобаланатын қауіпті өндірістік объектілері бар және маңызды мемлекеттік және экономикалық мәні бар ұйымдар;
- уларды өндірумен, қайта өңдеумен, тасымалдаумен, сатып алумен сақтаумен, өткізумен, пайдаланумен және жоюмен айналысатын ұйымдар;
- аумағында тіршілікті қамтамасыз ету объектілері орналасқан ұйымдар жатады.

Ұйым азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйыммен бір өндірістік аумақта орналасқан кезде ол сол санатқа теңестіріледі.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесе отырып, жыл сайын азаматтық қорғаныс бойынша қалаларды - топтарға, ұйымдарды санаттарға жатқызу жөнінде ұсыныстар дайындайды және бекіту үшін уәкілетті органға жібереді.

Осы критерилер бойынша Сіздің объектіңіз АҚ бойынша санатталған болып табылады, себебі мемлекет үшін экономикалық маңызы бар.

№2 сұрақ Сергеев Анатолий Константиновичтен– Қостанай облысы «Алтын нан» ЖШС директоры.

Сұрақтың мазмұны: Біздің зауыттың аумағында азаматтық қорғаныс объектісі болып табылатын қорғаныш құрылысы орналасқан. АҚ объектісін есептен шығару тәртібі қалай жүргізіледі? Неше түрлі жағдайлар болады ғой, мысалы: объектінің банкрот болуы, қорғану құрылысын жер асты және тасқын суларының басып қалуы, өрттер және басқа да ТЖ.

Жауаптың мазмұны:

Қорғаныш құрылыстарын есептен шығару, 2014 жылы 30 мамыр-

дағы уәкілетті органның «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есепке қою және оларды есептен шығару ережесі туралы» № 265 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы «Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнын бекіту туралы» № 732 бұйрығының 19- тармағында белгілеген уақытқа сәйкес, паналаушыларды қабылдау үшін оларды жұмыс қалпына келтіруді қамтамасыз ететін қалыпта ұстап, азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыстары экономика объектілерінің қажеттілігі мен халыққа қызмет көрсету үшін пайдаланылады.

Азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыстары төмендегі жағдайларда есептен шығарылады:

- қоршау және тірек құрылыс конструкцияларының есептік қорғау қасиеттері жойылған кезде, егер оларды қалпына келтіру техникалық мүмкін немесе экономикалық мақсатқа сай болмаса;

- жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ғимараттар мен құрылыстарды жаңадан салуға, реконструкциялауға, техникалық қайта жабдықтауға байланысты;

- жедел басқаруға, жергілікті атқарушы органның коммуналдық шаруашылығына және азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген халық санаттарын қорғау үшін осы аумақта азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарына қажеттілікке азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын беруге болатын ұйымдар болмаған жағдайда есептен шығарылады.

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығаруға құжаттамаларды дайындау мақсатында:

- мемлекеттік органның азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыстарына қатысты - мемлекеттік орган басшысының;

- осы ұйымға бекітілген азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарына қатысты – ұйым басшысының шешімімен комиссия құрылады.

- Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару үшін құрылатын комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрамына келісу бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыстарының қорын есепке алуды жүргізетін аза-

маттық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің өкілдері кіреді.

-Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару туралы актіге:

1) азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыстарының паспорты;
2) меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көшірмесі;
3) осы Қағидаға № 2-қосымшаға сәйкес ұсынылған үлгі бойынша осы азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыстарының жай-күйі туралы техникалық қорытынды;

4) азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару нәтижесінде алған үй-жайлар мен жер телімін пайдалану жөніндегі ұсынымдар;

5) жекелеген комиссия мүшелерінің айрықша пікірі (егер болса) қоса беріледі.

Төтенше жағдайлар салдарынан жарамсыз болған азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару үшін құжаттарды дайындаған кезде актілерге төтенше жағдайлар фактілерін растайтын құжаттар көшірмелері қоса беріледі.

Оларға қоса берілетін құжаттамамен (бұдан әрі – құжаттама) азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару туралы актілер төрт данада жасалады.

Қоса берілген құжаттамамен азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару туралы актілер бекітілгенге дейін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосына келісуге жолданады.

№3 сұрақ Керімқұлов Айдар Уашевичтан – Маңғыстау облысы «Каспий цемент» еңбекті қорғау инженері.

Сұрақтың мазмұны: АҚ іс-шараларын орындамағаны үшін АҚ бастықтары қандай жауапкершілікке тартылады? АҚ бойынша санатқа жатқызылған ұйымдар АҚ іс-шараларын орындау үшін өзінде құрылымдық бөлімше құруы керек пе?

Сұрақтың мазмұны:

2014 жылғы 11 ақпандағы ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 19-бабына сәйкес, ұйымдарда азаматтық қорғанысқа басшы-

лықты, сол ұйымның бірінші бастығы жүргізеді, ол лауазымы бойынша азаматтық қорғаныс бастығы болып табылады.

Ұйымдарда азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындауды қамтамасыз ету, азаматтық қорғаныс санаттарына жатқызылған, бірінші басшыға тікелей бағынатын ұйымдарда азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге немесе жеке жұмысшыларға жүктеледі.

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 105- бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйымдарда, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және енгізу бойынша салалық бөлімшенің немесе бөлек жұмысшылардың болмауы, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің» Ерекше бөлімінде қарастырылған құқық бұзушылықтың барлық белгілері бар әрекет болып табылады.

Кодекстің 30-бабына сәйкес, лауазымды адам (объектінің АҚ бастығы) өз қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мұндай мән-жай болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі лауазымды адам жалпы негіздерде жауаптылыққа жатады.

Мұндай жағдайда, Кодекстің 643-бабына сәйкес, Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына әкеп соққан АҚ бастығының әрекеттері (әрекетсіздігі) құқыққа қарсы болып есептеледі.

Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына әкеп соққан құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сұрақтарға жауаптарды АҚ ОӘРО оқытушылар құрамы дайындады.

АҚ БОЙЫНША ҚАЖЕТТІ БІЛІММЕН СУСЫНДАДЫҚ!

Мен, **Омаров Ержан Нуридинович** «Қаражанбасмұнай» АҚ-да бір-неше жыл бойы азаматтық қорғаныс бойынша жетекші маман болып жұмыс істеймін. Шынайы айтатын болсам, АҚРОӨО - да АҚ саласы бойынша оқуды өтпес бұрын, мен «азаматтық қорғаныс», «соғыс уақыты», «соғыс жағдайы» сияқты, сонымен қатар АҚ саласы бойынша басқа да терминдер түсініктерінің мағынасын түсінбегенмін. АҚРОӨО-мен ұйымдастырылған АҚ бойынша семинар-тренингке қатысқанымда, Орталық оқытушыларының арқасында, осы терминдердің мәні мен мазмұнын өзім үшін айқындап алдым.



Азаматтық қорғау саласы бойынша біліктілікті арттыруға бағыттау арқылы, біздің объектінің басшылығы АҚ мемлекеттік жүйесінің дамуына үлесін косты, бұл жүйенің атап айтарлықтай міндеттерінің бірі, басшы құрамды және мамандарды ТЖ болған кездегі іс-әрекет бойынша дайындау және қайтадан дайындықтан өткізу болып табылады.

Оқудың нәтижесінде біздің кәсіпорын қызметкерлерінің білім және тәжірибе деңгейі айтарлықтай жоғарылайды, бұл дегеніңіз АҚМЖ объектілік жүйесінің жалпы жағдайына, сонымен қатар өнеркәсіптің қауіпсіздігіне оңтайлы әсерін тигізеді деген сөз.

Менің білуімше, АҚРОӨО, АҚ бойынша осы семинарларды 2017 жылдан бастап өткізеді. АҚ бойынша болған барлық алдыңғы семинарлардың қорытындысы бойынша, Орталық оқытушылары құрамымен белгілі бір тәжірибе жинақталған. Қуантарлығы, әр семинар сайын Орталық қызметкерлерінің оқу-әдістемелік және кәсіптік шеберлігі жетіле түсуде, оқу процессіне жаңа элементтер мен инновациялық шешімдер енгізілуде. Мысалы, Орталық оқытушыларының айтуы бойынша екінші семинарда «АҚ қорғану құрылыстары бойынша ҚР құрылыс нормалары мен ережелері» тақырыбында жаңа сабақ енгізілген. Сонымен қатар, штабтық жаттығулар барысында тыңда-

ушылар жеке қорғану құралын (газқағарлар, жалпы әскери қорғау жиынтығы) кию нормативтерін орындау бойынша, химиялық барлаудың әскери аспабын пайдалану арқылы, радиациялық-химиялық бақылау постарын орнату бойынша тәжірибелік іс-әрекетті орындап шықты. Менің ойымша, барлық осы жаңа енгізулер, сонымен қатар басқа да тыңдаушылардың пікірі оқу процессіне динамика мен көрнекілік қосты.

Мен АҚ бойынша объектінің жетекші маманы болғандықтан, маған АҚ жоспарын әзірлеу бойынша жауапты міндет жүктелген. Бұл өте қажырлы еңбекті қажет ететін жұмыс. Семинардың арқасында мен енді АҚ жоспарының құрылымы мен мазмұнын нақты білемін. Бұған бізге сабақтың барысында үлестірілген әдістемелік материалдар айтарлықтай әдістемелік көмек көрсетті. Ол әдістемелікте, АҚ – ның барлық аспектілері мен барлық жоспарланатын құжаттарды әзірлеу тәртібі бойынша қарапайым және мазмұнды түрде нақты түсіндірулер берілген.

Сондай-ақ, әртүрлі оқулар мен жаттығуларды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар үлкен көмек болды, әсіресе ТАО. Осы әдістемелік нұсқаулықты зейін қойып оқу арқылы, мен өзімнің объектімде АҚ объектілік құрылымдарымен тактикалық-арнайы оқуды сәтті өткіздім. Осы оқуды өткізу арқылы біздің объектінің басшылығынан жақсы баға алдым. Барлық осы жағымды сәттер, АҚРОӨО-ның АҚ бойынша семинар-тренингінің нәтижесінен болды.

Тағы да айта кеткім келетіні, біздің объекті «АҚ саласы бойынша ақпараттық-әдістемелік материалдар» журналына бір жылға жазылды. Бұл басылым, басшының өзіндік ерекшелігі бар кітапханасы мен АҚ бойынша күнделікті қажет кітапшасы болып табылады.

Мақаламның соңында АҚРОӨО– ның барлық ұжымына 5 оқу күнінде алған барлық білімім мен тәжірибелерім үшін өзімнің алғысым мен құрметімді білдіргім келеді. Басқа объектілердегі өзімнің қызметтестеріме айтқым келетіні, азаматтық қорғау саласында жаңа осы заманғы талаптар мен үрдістерге сәйкес келетін, бүгінгі күні тек бір ғана оқу орталығы болып табылатын нақ АҚРОӨО -да оқуларына кеңес беретін едім.

Омаров Ержан Нуридинович – Маңғыстау облысы
«Қаражанбасмұнай» АҚ АҚ бойынша жетекші маман

ЖЕДЕЛ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ӘДІСТЕРІ



ҚР ИМ ТЖК «Апаттар медицинасы орталығы» ММ-нің ШҚО бойынша филиалының психологі - Логачева Эвелина Сергеева

Әлемде қайғылы оқиғалар жыл сайын жиілеп барады. Сұрапыл зілзалалар мен техногендік апаттар саны өсуде. Мұның барлығы жаңалықтарды көруші қарапайым көрменінің қатты қобалжуын тудырады. Сонда төтенше жағдайға тікелей тап болған адамдар туралы не айтуға болады? Қайта өмірдегі ең төзбестік сәттерді өткеруге көмек беретін қарапайым адамдардың психолог-мамандардың бар екені қандай жақсы. Өмірдің енді ешқандай мәні жоқ сияқты сәттерінде...

Жағдайдан соң бірден психологиялық көмек алған зардап шегушілер депрессияға және басқа да психикалық асқынуларға айтарлықтай азырақ ұшырайтыны белгілі. Осылайша, жуырдағы автомобиль апаты мен өрт болған кезде зардап шегушілерге ТЖ психологымен жұмыс жасалған сәтте өздерін сәл жеңілірек сезді. Маманның негізгі міндеті адамға жылулық мен қорғаныс жағдайларын туғызу болып табылады. Зардап шегуші басынан өткен өзінің барлық күйзелістері мен үрейлері туралы ашық айта алады. Сөгушіліксіз, мінеушіліксіз, керісінше, эмоциялық қолдап және жанашырлық таныта отырып, психологтың сапалы-жүргізілген жұмысы нәтижесінде зардап шегушілер бірден дерлік қайғылы оқиғадан «алшақтайды» және бұның барлығы бөтен адамның басынан өткендей, ол туралы басқаша түрде айта бастайды.

Керісінше, егер адам уақтылы психологиялық көмек алмай және



өзінің күйзелісімен жалғыз қалып қойып, тұйықталып қалса, оның салдарлары өте ауыр болуы мүмкін. Алайда, адам өзі ол туралы түк айтқысы келмейтін жағдайлар да болады. Оны жалғыз қалдыру қажет болады. Бастысы, зардап шегуші, егер ол қаласа, - сіздің оның қасында екеніңізді және оған көмек көрсете алуыңызды білген жөн.

Жедел психологиялық көмек – бұл, жағдай талаптарына сәйкес кәсіби әдістер көмегімен, ТЖ нәтижесінде зардап шеккен адам (немесе адамдар тобының) өзекті психологиялық және психофизиологиялық күйлері және оның (олардың) жағымсыз күйзелістерін реттеуге бағытталған қысқа мерзімді шаралар жүйесі екенін еске салайын.



ТЖ нәтижесінде зардап шеккендермен жұмыс кезінде мамандар қолданатын әдістер ТЖ-дың сипаты мен ауқымдылығына, оқиға мезетінен өткен уақытқа, адамның оған деген реакциясына, психологтың өзінің мінездемесіне, сонымен қатар ұйымдастыру сәттеріне тәуелді.

Әдістердің жалпы тізімі өте үлкен: бұл жедел психологиялық көмек және психологиялық, эмоциялық қолдау және бағыттау (жолдау) және ақпараттандыру, психологиялық және дағдарыстық араласу (интервенция), сондай-ақ жағымсыз әлеуметтік-психологиялық механизмдерді айқындау (психологиялық зақымдану, үрей, қауесет) және оларды басқару (бейтараптандыру). Жұмыс әдістерінің әрқайсысы нені білдіреді? Егжей-тегжейлі қарастырайық:

Қатты күйзелістік реакция кезінде, мысалы, мелшиіп қалу, жылау немесе есірік ұстау кезінде, жедел психологиялық көмек тәсілдері (соның ішінде өз өзіне көмек көрсету де) апаттар медицинасы Орталығының әдістемелік ұсынымдарында сипатталған. Менің іс-тәжірибемде ЖКО кезінде жылау, қорқу және нервоздық діріл реакциялары жиі кездеседі. Қатты күйзелістік реакциясын әлсіретуге бағытталған әрекеттер реакциясына байланысты - әр түрлі.

Психологиялық, эмоциональді қолдау. Дағдарыстық жағдайларда

психологиялық көмектің негізгі әдістерінің бірі. Оның мәні, көңілге қаяу түсіретін оқиғалардан шыдатпас уайымға салынған адам өзін жалғыз сезінбеуінде және айналадағылардан тұйықталып қалмауында болып табылады. Ол үшін зардап шегушінің қасында, оған қауіпсіздікті, қажетті және жеткілікті қолдауды қамтамасыз ететін уақытша алып жүруші адам болады. Мұның бәрі адам күйінің жақсаруына, оның жаңа жағдайларға бейімділігін жоғарылатуға бағытталады, суицидтік ойлар мен іс әрекеттерге жол бермеуіне себеп болады.

Мысал ретінде тасқын кезіндегі жағдайды келтіре аламын. Су басу кезінде қолайсыз жағдайларда амалсыздан өмір сүрген жалғыз басты әже өте қатты қиналды. Алғашқы біздің әңгімелеріміз көз жасын төгумен және шағымданумен өтті. Уақыт өте келе қарт әжей жылауын тоқтатты, көбірек сөйлеп, көңілді бола бастады. Тіпті үйді жөндеу туралы ойлана бастады.

Кеңірек мағынада психологиялық қолдаудың құрамына алып жүру және ақпараттандыру енеді. Осылайша, маңызды шешім қабылдау қажетті болған жағдайда, уақыт тапшылығы, ақпараттың жетіспеушілігі немесе қарама –қайшылығы себебінен, адамға бұны орындау қиын болады. Мұндай жағдайда зардап шегушіге жағдайды бағалай алуға, оның қабылдайтын шешімдерінің салдарларын болжай алуға, уақтылы адекватты іс-әрекеттер жасауға көмектесе алатын адам болу қажет. Бұған қоса «Жедел желі» телефонында жұмыс кезінде психологтар бұл әдісті жиі қолданады. Осылайша, мысалы, жарияланған қар құрсауы кезінде кім де кімнің жақындары жолда болған және байланысқа шықпай жатқан кезде, адамдар уайымдайды, аландайды және не істерін білмейді. Адам анық ақпаратқа ие болмаған кезде-әріне, ол қатты қобалжиды. Жолдар бойынша, және олардың жақындары дәл қай жерде және не боп жатқандары туралы нақты мәліметтерді алған соң – эмоциялар әлсірейді. Бастапқыда өтінішпен барған кезде адамның қорқыныш, ашу-ыза, үрей сияқты реакциялары өзінің қарқындылығын жоғалтады. Яғни, қажетті ақпаратты алуға байланысты, жағдайға бой ұсыну сезіміне және эмоциялық күйдің тұрақтауына ұласады.

Психологиялық араласу немесе интервенция. Дағдарыстық жағдайлар көбінесе адамнан, пайда болған мәселелерді шұғыл шешуді

талап етеді. Бірақ, қиын өмірлік жағдайға көну үшін, қуат пен қорлар жеткіліксіз болуы мүмкін. Психологиялық араласуды (оның ішінде шұғыл түрі де), психологиялық ықпал ету әдістерін, психотерапиялық көзқарастарының тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, жүзеге асыруға болады. Бұл әдістің айрықша ерекшелігі, адамның он өзгеріске деген өзінің ниеті және психолог-маманмен өзара қарым-қатынасқа дайындығы болып табылады. Мұндай трансформация нұсқасы, адам өртеніп кеткен үйі туралы қапалануды қойып, күрсініп: «Бастысы, барлығы тірі және дендері сау, қалғанын салып алуға да болады» - деп айтуы, болып табылады.

Жедел психологиялық көмектің тағы бір әдісі - дағдарыстық араласу. Бұл зардап шегуші қызметтің бейімді деңгейіне оралуына, қайғылы жағдайдың жағымсыз әсерін төмендетуге, психопатологияның алдын алуға бағытталған шұғыл және жедел психологиялық көмек. Яғни, дағдарыстық интервенция, клиент өзі үшін дағдарыстық жағдайдан шығудың қалаулы және адекватты нұсқасын табу мәселесі бойынша мүмкін болатын жұмысты істеуге бағытталған.

Дағдарыстық араласу және психологиялық интервенцияны, клиенттің жағдайды бақылауға ие болуы, өзінің қорларына жүгінуі мәселесі бірлестіреді.

Төтенше жағдай, кенет болған қасірет кезінде, тек бір ғана психологиялық бағыт аясында жұмыс істеу мүмкін емес. Дағдарыстық жағдайда, тек дәстүрлі психикалық терапияны қолданатын маман, дағдарыстық араласудағы жұмысқа қажетті талаптарға жауап бермейді (бір ғана көзқарас жеткіліксіз болады). Экстренник-маманның әр түрлі бағыттағы аспаптары неғұрлым көп болса, зардап шегушілермен жұмыс жасауда мүмкіндіктері соғұрлым артады. Сонымен бірге ТЖ психолог жұмысының ерекшелігі «психолог-клиент» жүйесіндегі мүлдем басқа қатынастар да болып табылады. Көбінесе жедел психологиялық көмекті қажет ететін адамдар көмек сұрамайды. Психологпен ресми емес қарым-қатынастарда неғұрлым жылулық көп болса,



соғұрлым сенім, қатынас орнату мүмкіндігі көп болады. Бірақ мұнда психолог позициясы, жағдайды, клиент күйі мен ұстанымын ескерсе, директивті еместен директивтіге дейін өзгеруі мүмкін.

Жағымсыз әлеуметтік-психологиялық механизмдер ортақтықтағы тұрақсыздық жағдайларында, ақпараттың жетіспеушілігі немесе қарама-қайшылығы кезінде пайда болады. Тұрақсыздық, әсіресе кенет өзгертін жағдайлар, жаппай үрейді, жалпы жайсыздық күйді, өзінің немесе балаларының болашағына сенімсіздігі т.с.с тудырады. Үрей мен сыбыстарды таратудың алдын алудың жалпы стратегиясы, олардың тууы мен таралуына себеп болатын жағдайларға қарсы әрекет етуде болып табылады.



Жоғарыда көрсетілген барлық әдістерді психологтар зардап шегушілерге шұғыл психологиялық көмек көрсету жағдайларында қолданады. Психологиялық күйзелісті азайту үшін, бірінші түнге дейін ауыр естеліктерді өшіруге кірісу жеткілікті. Егер қажетті шараларды тез арада қабылдаса, онда аса күйзелістік қынжылу белгілері әдетте әлсірейді немесе 30 күн ішінде қайтады. Егер жұмыс уақтылы және тиімді өткізілсе, онда нәтижеліліктің негізгі көрсеткіші ретінде адамның өмірдің өзгерген жағдайларына бейімділігі, оларды қабылдауы және дағдарыстық жағдай қиындықтарын жеңу үшін қорларының болуы болып табылады.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ОҚУ ҚҰРАЛЫ (II-кітап)

I. Тарау. Шұғыл медициналық көмек көрсету тәртібі

1 - тақырып. «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ НЕГІЗДЕРІ»

ТЖ кезінде зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы меди-



циналық көмек көрсету (бұдан әрі – алғашқы көмек) – ең қажетті дағдылардың бірі болып табылады, оны тек қана медициналық қызметкер білмеу керек, кез-келген адам жасай білуі тиіс. ҚР «Азаматтық қорғау туралы заңының» 46-бабына әйкес, азаматтық қорғау саласында оқыту, төтенше жағдайларда әрекет етуге машықта-

ну, авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу, өзін-өзі құтқару және өзара көмектің негізгі амалдарын білу, халық арасындағы шығындар мен материалдық зияндарды барынша азайту мақсатында өткізіледі. Денсаулық пен өмірге қауіп төнетін, бақытсыз жағдайларда, жарақат алғанда, уланғанда және басқа жағдайларда және ауырғанда, оның маңызы өте зор, зардап шегушінің өмірін сақтап қалуда шешуші сәт болып табылады. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV ҚР «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексінде медициналық көмектің негізгі бес түрі бар:



1. дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек;

2. біліктілендірілген медициналық көмек;
3. мамандандырылған медициналық көмек;
4. жоғары технологиялық медициналық қызмет;
5. медико-әлеуметтік көмек.

ҚР «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексінің 89, 90-баптарында азаматтардың келесідей құқықтары мен міндеттері анықталған:

Азаматтардың құқығы:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға;

2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттары уәкілетті орган айқындайтын тізбеге сәйкес амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге;

3. Медициналық ұйымды, сапалы әрі уақтылы медициналық көмекті еркін таңдауға;

4. Медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медици-



налық техниканы дұрыс тағайындамауынан және қолданбауынан денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;

5. Мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және емдеуші дәрігерден олардың құзыреті шегінде аурулар профилактикасының, диагностикасының, оларды емдеудің және медициналық оңалтудың әдістері, клиникалық зерттеулер, қоршаған ортаның жай-күйін, еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайларын, дұрыс тамақтану мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың қорытындыларын қоса алғанда, денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы дәйекті ақпаратты өтеусіз алуға құқылы.

Азаматтардың міндеттері:

1. өз денсаулығын сақтаудың қамын жасауға;
 2. жеке және қоғамдық салауаттылықты сақтау мен нығайту үшін ортақ жауапкершілікте болуға, өз денсаулығын және айналасындағылардың денсаулығын сақтау жөніндегі сақтық шараларын орындауға, медициналық ұйымдардың талап етуі бойынша зерттеп-қараудан өтуге және емделуге, инфекциялық аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде өзінің ауруы туралы медициналық персоналға хабарлауға міндетті.



«2-ші кітапта» дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмекті барынша нақты, тиянақты қарастыратын боламыз.

Дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек – (бұдан әрі - алғашқы көмек), аурудың алдын алу мақсатында, сондай-ақ диагностика қоюды талап етпейтін, аурумен ауырған кезде, орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлері көрсеткен, дәрігердің қатысуымен емдеу және медициналық реабилитация. Шұғыл жағдайларда алғашқы көмекті уәкілетті органдар белгілеген тәртіпте



тиісті дайындықтан өткен медициналық білімі жоқтар (парамедиктер), сондай-ақ зардап шегушінің өмірін сақтап қалу үшін басқа да тұлғалар көрсетеді. Бұл үшін уәкілетті органдар денсаулық саласында 2009 жылғы 19 қарашада № 753 «Медициналық білімі жоқтардың (парамедиктердің) дәрігерге дейінгі және дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету ережесін» бекіткен. Дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсетуге жататын контингент тұлғалар:

1. автокөлік құралдарының жүргізушілері;

2. ішкі істер органдарының жұмысшылары;
3. қауіпті өндірістік объектілердің жұмысшылары;
4. өртке қарсы қызмет және төтенше жағдайларды жою жөніндегі қызмет жұмысшылары;
5. медициналық білімі жоқ денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысшылары.

Дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсетуге парамедиктерді дайындау – дайындау медициналық қызмет күшімен жүзеге асырылатын, өз құрылымында медициналық қызмет бар, мемлекеттік органдар қызметтері мен жұмысшылар контингентінен парамедиктерді қоспағанда, ұйымдарда типтік оқу бағдарламаларына және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

АҚ медициналық қызмет күштерін және құралдарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер



Төтенше жағдайлар, әдетте, өте кең аумақтағы көпшілік халықты қамтиды және шұғыл көмекті қажет ететін зардап шегушілердің саны да тым жоғары болады. Бұл жағдайларда емдеу-эвакуациялық, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар кіретін, халықты медициналық қорғау шаралар кешені ғана құрбандықтарды болдырмауға бейімдейді. Сонымен қатар, аталған шараны азаматтық қорғау медициналық қызметі құрылымдары болып табылатын арнайы кәсіби дайындалған құрылымдар барынша қысқа уақыттың ішінде орындауы тиіс. Азаматтық қорғау медициналық қызметі азаматтық қорғау жеке құрамының денсаулығы мен жұмыс істеу қабілетін сақтау, зақымданғандарға және ауруларға медициналық көмекті дер кезінде көрсе-



ту, оларды эвакуациялау, емдеп қатарға қосу, бейбіт және соғыс уақытында туындауы мен таралуының алдын алу мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғау медициналық қызметінің бастығы азаматтық қорғау шараларын орындау барысында әкімге – Азаматтық қорғаныс бастығына – әкімшілік-аумақтық бірліктің төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия төрағасына бағынады. Ол азаматтық қорғау саласындағы арнайы шараларды медициналық қамтамасыз ету жөнінде жүктелген міндеттерді шешеді. Барлық шаралар өзге азаматтық қорғау қызметтерімен, Қарулы күш бөлімдерімен және бөлімшелерімен, басқа да әскери және әскери құрылымдармен, Қазақстан Республикасы аумағындағы азаматтық қорғау құрылымдарымен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Ол бейбіт және соғыс уақытында ТЖ туындауынан зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жөніндегі шараларды жоспарлайды, ұйымдастырады және өткізеді. Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 9-бабына сәйкес және жергілікті жағдайларға әрі қолда бар материалдық-техникалық базаға байланысты жергілікті атқару органдары мен ұйымдардың шешімімен азаматтық қорғаудың әр түрлі құрылымдары, соның ішінде медициналық құрылымдары құрылады. АҚ саласындағы уәкілетті органның 2015 жылғы 23 ақпандағы № 387 бұйрығына 1 қосымшасына сәйкес, азаматтық қорғау медициналық құрылымдары анықталды:

1. алғашқы медициналық көмек жасағы, жеке құрам саны 150 адамнан;
2. инфекциялық жылжымалы госпиталь жеке құрам саны 60 адамнан;
3. хирургиялық госпиталь жеке құрам саны 60 адамнан;
4. уыттық-терапевтік жылжымалы госпиталь жеке құрам саны 60 адамнан;
5. медициналық қызметтің жылжымалы эпидемияға қарсы жасағы жеке құрам саны 60 адамнан;
6. мамандандырылған медициналық көмек бригадасы жеке құрам саны 5 адамнан.

Адам саны 50-ден кем орталық атқару органдары мен ұйымдарында қызметкерлер арасынан алғашқы медициналық көмек көрсетуге

жауапты адамдар тағайындалады, құрамы екі адамнан және толықтырылған медициналық сөмкелермен қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда көрсетілген бұйрыққа сәйкес азаматтық қорғау медициналық құрылымдары ұйғарылымы бойынша азаматтық қорғаудың негізгі құрылымдарына жатады, талаптарды есептеуді әкімшілік-аумақтық бірліктің денсаулық сақтау басқармасы әзірлейді және олардың бірінші басшылары бекітеді.

Азаматтық қорғау медициналық қызметтің күштері мен құралдарына келесі мекемелер мен құрылымдар жатады:

- санитарлық посттар (СП);
- санитарлық дружиналар (СД);
- медициналық пункттер (МП);
- жедел жәрдем бригадасы (ЖЖБ);
- дәрігер-медбикелік бригадалар (ДМБ);
- мамандандырылған медициналық көмек бригадасы (ММКБ), соның ішінде;
- тұрақты дайындықтағы мамандандырылған медициналық көмек бригадасы (ТДММКБ);
- медициналық барлау звеносы;
- санитарлық-эпидемиологиялық және бактериологиялық барлау звеносы;
- қан дайындау жылжымалы пункттері (ҚДЖП);
- алғашқы дәрігерлік көмек жасақтары (АДКЖ);
- хирургиялық жылжымалы госпиталь (ХЖГ);
- уыттық-терапевтік жылжымалы госпиталь (УТЖГ);
- қала сыртындағы ауруханалар: бас, көппрофилді және өзге профилді ауруханалар.

Азаматтық қорғау медициналық қызметтің базалық мекемелері емдеу-профилактикалық, қан орталықтары, медициналық оқу мекемелері болып табылады.

Қоғамда және табиғатта болатын процесстерді дұрыс бағалау және шынайы талдау, денсаулықты сақтау және адамдардың тәжірибелік қызметтері мен апаттық медицинаның рөлінің артуын куәландыра-



ды. Осымен байланысты апаттық медицинаның іс жүзінде барлық медициналық салаға (денсаулық сақтау ұйымдарына, терапияға, хирургияға, педиатрияға, радиологияға, токсикологияға, психиатрияға) қатысы болғандықтан, ғылыми пән ретінде анықтауға болады, апаттар немесе төтенше жағдай туындау ауданында зардап шегушіге тікелей, шұғыл медициналық көмек көрсету мәселелерін үйренеді. 2010 жылғы 17 маусымдағы Үкіметтің «Төтенше жағдайларды енгізу, төтенше жағдайлар кезінде медициналық көмек көрсету ережесі» туралы № 608 қаулысына сәйкес, төтенше жағдайларды енгізу, төтенше жағдайлар кезінде медициналық көмек көрсету тәртібін, түрлерін және медициналық көмек көлемін анықтайды.

Апаттық медициналық қызмет – төтенше жағдайларды жоюға қатысушылардың денсаулығын қалпына келтіру және сақтау, төтенше жағдайлар аймағында санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) шаралар жүргізу және зардап шегушілерге шұғыл медициналық көмек көрсету жолымен әлеуметтік, табиғи және техногенді сипаттағы, төтенше жағдайлардың салдарларын дәрігерлік-санитарлық жою және алдын алу үшін тағайындалған күштер мен құралдардың жиынтығы, оған медико-санитарлық жағдайды бақылау және қадағалау бөлімшелері (апаттық медицинаның кезекшілік-диспетчерлік пункттері), азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның шұғыл медициналық қызметі және психологиялық көмек, денсаулық сақтау жүйесіндегі жедел медициналық көмек ұйымдары, консультативтік-диагностикалық, стационарлық көмек көрсетуге арналған ұйымдар, қалпына келтіру емдері және зардап шегушілерді медициналық оңалту, қан қызметтері, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық ұйымдар, азаматтық қорғау медициналық қызметі құрылымдары мен мекемелері, сондай-ақ төтенше жағдайлардың салдарын жоюға арналған басқа да күштер мен құралдар кіреді.

Апаттық медицина құрылымы – төтенше жағдайлар аймағында, төтенше жағдайлар режимін кіргізген аумақта жұмыс істеуге, шұғыл медициналық көмек көрсету және медициналық эвакуациялауға арналған отрядтар, топтар, бригадалар және өзге бөлімшелер;

Төтенше жағдайлар кезінде халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету – төтенше жағдайлар ережесін кіргізген аумақта, ше-

карада, төтенше жағдайлар аймағында төтенше жағдайлар кезінде тікелей жүзеге асырылатын эвакуациямен біріктірілген емдеу-профилактикалық кешенді ұсыну нысаны;

Төтенше жағдайлардың денсаулыққа әсер ету салдарлары – төтенше жағдайлар орын алған кезде жағдайларды сипаттайтын, төтенше жағдайлар режимін енгізетін, халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру мен көлемін, мазмұнын анықтайтын, факторлар мен жағдайлардың жиынтығы. Оның негізгі элементтері болып табылатындар: халықтың санитарлық шығын құрылымы және көлемі, олардың құрылымдарының заңдылығы; зақымданғандардың (аурулардың) медициналық көмекті қажет етуі; төтенше жағдайлар режимін енгізетін төтенше жағдайлар аймағының (ауданының) санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиялық жағдайы; санитарлық-емдеуге арналған күштер және олардың қола болуы; медициналық күштер мен құралдардың жағдайы; төтенше жағдайларды жою кезіндегі медициналық және авариялық-құтқару құрылымдарының жұмыс шарттары; халықтың тіршілік қарекетін қамтамасыз ету жағдайлары және басқалар;

Төтенше жағдайлар кезінде халыққа медициналық көмек көрсету; төтенше жағдайлар режимін енгізу төтенше жағдайлар санатына, сондай-ақ олардың медико-санитарлық салдарларының көлемі мен сипатына байланысты жүргізіледі.

Объектілі төтенше жағдайлар кезінде зақымданғандарға (ауруларға) медициналық көмек көрсетуді күнделікті қарекет режимінде денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

Жергілікті, аумақтық және ғаламдық төтенше жағдайлар туындауы кезінде, сондай-ақ төтенше жағдайлар режимін енгізу кезінде апаттық медицина күштері мен құралдарының қарекеті.

Төтенше жағдайлардағы медициналық көмек кезінде, төтенше жағдайлар режимін енгізу ұйғарым бойынша медициналық эвакуациялаумен, зақымдану сипатымен, ауырлық дәрежесінің үйлесіміне қарай зақымданғандарды (ауруларды) кезең-кезеңімен емдеу әдісімен жүргізіледі.

Бірінші кезеңде, төтенше жағдайлар режимі енгізілген, тікелей төтенше жағдайлар аймағында және/немесе соның шекарасында,

аумағында шұғыл медициналық көмек, азаматтық қорғау саласындағы шұғыл медициналық көмектің және психологиялық көмектің, авариялық-құтқару бөлімшелерінің, азаматтық қорғау медициналық қызметінің және апаттық медицина құрылымының күштерімен, сондай-ақ өздерінің жұмыс істеу қабілетін сақтайтын аумақтық медициналық ұйымдар күштерімен көрсетіледі.

Екінші кезеңде, медициналық көмек төтенше жағдайлар режимі енгізілген аумақтан, төтенше жағдайлар аймағынан тыс орналасқан денсаулық сақтау ұйымдарында көрсетіледі.

Төтенше жағдайлар режимі енгізілген төтенше жағдайлар кезінде медициналық көмек көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымдарының, медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың персоналдары және материалдық-техникалық құралдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелермен белгіленген тәртіпте көлік ұйымдары тартылады.

Шұғыл медициналық шараларын өткізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарында тұрақты дайындықтағы апаттық медицина құрылымдары алдын ала құрылады және ұсталып тұрады. Апаттық медицина құрылымдарын құру және жұмыс істеу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

Төтенше жағдайлар режимі енгізілген төтенше жағдайлар аймағынан, аумағынан зақымданғандарды (ауруларды) қабылдап шығаруды, одан әрі қарай медициналық көмек көрсетуді, емдеуді және медициналық реабилитацияны денсаулық сақтау ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Апаттық медицина саласындағы денсаулық сақтау ұйымдары мен мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігі мен үйлесімділігін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Медициналық көмектің қанша негізгі түрі бар?
2. Нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, дәрігерге дейінгі ме-

дициналық көмек көрсету бойынша дайындыққа жататын негізгі контингент тұлғаларды санаңыз?

3. Тіршілік қарекетін қауіпсіздендіру саласындағы медициналық аспектілер бойынша азаматтық құқықтары мен міндеттері қандай нормативтік-құқықтық актілерде айтылған?

4. «Дәрігерге дейінгі» көмекке анықтама беріңіз?

5. Әлеуметтік және табиғи, техногенді сипаттағы төтенше медицина саласы қалай аталады?

2-тақырып. ТЖ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТӘН ЖАРАҚАТТАР МЕН ЗАРДАП ШЕГУШІЛЕРГЕ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Адамзат өзінің бүкіл өмір сүру тарихында аварияларға, апаттарға, дүлей зілзалаларға, сондай-ақ террористік актілерге және әскери шиеленістерге үнемі ұшырап отырады, ол адамның денсаулығына айтарлықтай зиянын тигізеді.



Қазіргі кездегі адам өмірі, қауіп-қатерге біршама көндігіп кеткенін айта кету керек, өйткені олар әрбір қадам сайын кездесіп отырады, көбінесе оған мән бермейді, сақ болу шараларын қолданбайды, осының соңы әдетте,

төтенше жағдайлардың салдарлары адам денсаулығына ауыр зардабын тигізумен аяқталады. ТЖ-да зардап шеккен халықтың денсаулығы мен өмірін сақтау, азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды міндеті болып табылады.

Төтенше жағдайлар аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету бейбіт және соғыс уақытында жүргізілетін шаралардың жалпы мемлекеттік бағытының бірі болып табылады.

Берілген тапсырмаларды сәтті етіп шешу көбінесе болжануы

киын факторларды, олардың әр түрлілігі нәтижесінде туындайтын, төтенше жағдайлардың ерекшеліктерін білуге байланысты.

Дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмекті және төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, халықты медициналық қамтамасыз етудің маңызды кешенінің бірі болып табылады. Аталған кешеннің шараларын жүзеге асыру мақсаты, зардап шеккендерге дер кезінде қажетті медициналық көмекті толық көрсету болып табылады.

ТЖ көптүрлілігі зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және көрсету шарттарын мәнді жүзеге асыруды анықтайды. Сонымен қатар, ТЖ-ның жер сілкінісі, су басу, дауыл, химиялық немесе радиациялық қауіпті объектідегі авария, жарылғыш құралдарды қолданатын террористік акт және т.б., сондай-ақ оның кенеттен болатын дәрежесінің және көлемінің маңызы өте жоғары. Зақымдау (жарақаттау) сипаты, зардап шегушілердің саны, алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмектің және медициналық көмектің, сондай-ақ медициналық эвакуациялаудың сипаты соған байланысты.

Дауылдың денсаулыққа тигізер зияны және жарақаттар

Дауыл аймағына тап болған кезде күшті желдің қуатымен адамды бір жерден екінші жерге немесе тасқа, құрылысқа, не болмаса басқа жаққа апарып соғуы көптеген сынықтар мен ауыр жарақаттарға алып келуі сөзсіз. Дауылдар тек қана теңізде әдеттен тыс күшті және қиратушы болып табылмайды. Жер бетінде олар теңіздегіден де қауіптірек, ауыр жарақаттарға алып келеді, одан көбінесе адам опат болады. Шаңды құйынға тап болған кезде көз, беттің терілері құмды тас сокқысынан жарақат алуы мүмкін, сондай-ақ жоғарғы тыныс жолдарын құм бітеп, тұншығып та қалады.

Сел жүруі, тас құлауы және қар көшкіні кезіндегі денсаулыққа келтіретін зиян және жарақаттар

Таулардан тегістікке қарай өзендер мен бұлақтардың арна-

сымен сел жүрген кезде топырақ араласқан судың орасан үлкен жылдамдығы жолындағы тастарды, ағаштарды томарымен жұлып домалатады. Бұл сонымен байланысты, әдетте, адамдар балшық шөгінділерінің қалың қабаттары астында көміліп қалады, іздестірудің қиындығынан сондықтан да оларды құтқара алмайды. Негізгі жарақаттар — бұл күрделі көптеген сынықтар мен жарақаттар, ми сүйектерінің жарақаттануы, тұншықтыру және суға батыру, қатты қысу. Тас құлауы кезінде мынадай екі нұсқа болуы ықтимал: тік шатқалдағы көлбеу тұрған тастар қозғалысқа бірінші келеді, екіншісі — құз жартастардағы тастардың еркін құлауы. Жартастарда жүрген адамдар абайсыз қимыл жасап қалса, табиғи себептерге байланысты тастар құлайды, мысалы, түнде қатып тұрған топырақтың күндізгі уақытта еруі. Жарақаттар әртүрлі болады: қызыл еттің жаншылуынан бастап, дене мүшелерінің және ми қабыршақ сүйектерінің әртүрлі ауырлықта сынуы. Қар көшкінінің болуы, бірінші кезекте, тұншықтыруы және денені тоңдырып мұздатуы мүмкін. Кей кездері қар көшкінінің жолындағы тастар мен ағаштарға соғып, соның нәтижесінде жарақаттанып және дене мүшелері сынады.



Жер сілкінісі кезіндегі денсаулыққа келтіретін зиян және жарақаттар

Алған жарақаттардың сипаты жер сілкінісі кезінде адамдардың қай жерде болғанына байланысты. Егер ғимаратта болса, онда ғимараттың құрылысына, оның сейсмотұрақтылығына байланысты. Көпқабатты сейсмотұрақты емес бетонды панелден жасалған ғи-

марат ең қауіпті. Олар жер сілкінісі кезінде құрастырмалы үй сияқты қатталады, бұдан тірі қалған адамдар алуан түрлі жарақаттар алады, сынықтар мен жарақаттар, организмнің ең қолайсыз жарақаты - қысылу (жаншылу) синдромы. Ашық жерде болған кезде ағаштардың құлауынан, жеке тұрған жартастардан, тастардың құлауынан, жерде жарық пайда болуынан жарақат алуы мүмкін. Жарақаттар туындаған себептерге сәйкес келеді: ағаш құлауы кезінде — сынықтар мен қысылу, жаралану. Тас құлауы кезінде - мұнда да жоғарыда сипатталғандай. Ал жер жарылып, жарқышақ пайда болған кезде барлығы оның тереңдігіне және зардап шегушіні жылдам тауып алуға немесе одан өзінің амалдап шығуына байланысты.



Өрттер, орман өрттері және дала өрттері кезіндегі денсаулыққа келтіретін зиян және жарақаттар

Мұндай жағдайларда адамның алатын жарақаттары сөзсіз — улану және әртүрлі дәрежедегі күйіктер. Бірақ сіңірдің созылуы, буындардың шығуы және тіпті қатты жүгіру, жақындап келе жатқан өртті кесіп өту кезінде, дене мүшелерінің сынуы да мүмкін. Биік бұталардың арасымен өткен кезде бетті, дененің ашық жерлерін бұталар жыртып, тырнауы ықтимал. Жарақаттардың кез-келген түрімен жарақаттанған кезде зардап шегуші аурудан есеңгірейтінін, ал зардап шекпегендер — психологиялық есеңгірейтінін есте сақтау керек. Жоғарыда айтылғанның барлығынан шығатын қорытынды, дүлей зілзалалар, апаттар және авариялар адамдарды осыған ұқсас жарақаттайды. Қажет болған жағдайда оқиға орнында дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету үшін осылардың бәрін білу керек. Дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмекті қалай дұрыс көрсету керектігін білу үшін, құрметті оқырмандар, Сіздерге

2-ші кітаптың келесі тарауларымен жақынырақ танысу керек, өйткені онда барынша нақты және көрнекі түрде берілген.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Бейбіт және соғыс уақытында жүргізілетін шаралардың жалпы мемлекеттік бағытының біріне не жатады?
2. Шаңды боран соққан кезде қандай жарақаттар туындайды?
3. Сел тасқыны кезінде қандай жарақаттар туындайды?
4. ТЖ кезінде азаматтық қорғау саласында жүргізілетін мемлекеттік маңызды тапсырмалары не болып табылады?
5. Жарақаттың барлық түрінде зардап шегуші қандай күйде болады?

3-тақырып. ЖАРАҚАТ АЛУ (ЗАҚЫМДАНУ) КЕЗІНДЕГІ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Жарақаттар, статистика бойынша, бүкіл әлемдегі өлімнің жалпы санының 9% -ын құрайды. Кенеттен қысқа мерзімді немесе созылмалы ұлпаларға және дене мүшелеріне әсер етуі, нәтижесі әр түрлі дәрежедегі анатомиялық және физиологиялық өзгерістер, жарақат (зақымдану) деген атау алды. Аталған әсер ету зақымдаушы фактордың түрлеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін, атап айтқанда, механикалық, химиялық және басқалар. Зақымдану түрлері әртүрлі. Жарақат алудың дәрежесі сыртқы әсердің жылдамдығы мен созылмалығына байланысты. Көптеген жарақаттар дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмекті және шұғыл дәрігерлік көмекті дұрыс көрсетуді талап



етеді, ал зардап шегуші үшін болжам дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмекті дұрыс және дер көзінде көрсетуге, емнің дұрыс басталуына байланысты. Біз күнделікті өмірде ұшырасып отыратын жарақаттарды қарастырайық.

Жарақаттар түрлерін топтастыру

Барлық жарақатты екі топқа бөлуге болады:

1. ашық (организмнің сыртқы бетінің жарақаттануы);
2. жабық (ішкі жарақат, тері қабаттары жарақат алмай тұтас болады).

Жарақаттанып зақымдану сипаты бойынша:

1. жекелеген (бір ғана орган зақымданған кезде);
2. көптеген (бірқатар);
3. үйлесуі (тірек-қозғалыс аппараты және ішкі органдардың бір мезгілде зақымдануы);
4. аралас (екі немесе одан да көп травматикалық факторлардың зақымдануы).



Жарақаттар ауырлық дәрежесіне қарай келесілерге бөлінеді:

1. жеңіл (соғып ауыртып алу, созып алу);
2. орташа (шығарып алу, сындырып алу);
3. ауыр (мидың шайқалуы).

Аталған тақырыпта біз сіздермен ауырлығы үшінші дәрежелі сырқатты толық қарастыратын боламыз – мидың шайқалуы, өйткені сынықтардың түрлері, соғып ауыртып алу, созып алу, шығарып алу, сіңірдің созылуы толығымен түсіндірілетін болады.

Сонымен, *бастың миы* өте күрделі құрылым, дұрыс қозғалу, сөйлеу және басқа қызметтер соған байланысты. Бастың қабыршақты ми жарақаты (ҚМЖ) өте үлкен қауіп тудырады, өйткені ол мүгедектікке алып келуі ықтимал.

Олардың салдарлары көбінесе мерзімі өткенімен сипатталады, ал сыртқы симптомдары жеңіл ми шайқалулары кезінде және соғып

алу кезінде әлсіз байқалуы мүмкін, алайда ондай зақымдану дұрыстап, көңіл бөлуді талап етеді. Зақымданудан кейін асқындырып алмау үшін, зардап шеккен адамға, бастың миы шайқалуы кезінде алғашқы көмекті бірінші сағаттың ішінде көрсеткен маңызды. Бастың зақымдану түрлерін және әрбір жеке жағдайларда не істеу керектігін барынша нақтырақ қарастырайық.

Ауырлық дәрежесіне байланысты мидың жарақатын келесідей түрлерге бөледі:


жеңіл: бас миының шайқалуы, бас миының жеңіл зақымдануы;

ауырлық дәрежесі орташа: бас миының орташа ауырлық дәрежесінде зақымдануы;

ауыр: бас миының ауыр зақымдануы, бас миының қатты жаншылуы.

Жабық БМЗ бас терісіне ешқандай зақым келмейді, ал ашық зақымдануда – бастың жұмсақ ұлпалары жараланады.

Терең бойлау деп бас миының қатты жарақаттануы аталады,



жарақат ми қабыршақтарының зақымдануына әкеледі, осыдан келіп омыртқа-жұлын сұйықтығының (ликворрея) ағуы мүмкін немесе сүйектің қуысына ауа кіруі ықтимал. Ашық және ерекше терең бойлайтын ми зақымдануында іріңдеу-инфекциялық қабыну тез жайылады. Ми зақымдануының түрлері бойынша:

1. бас миының шайқалуы;
2. бас миының соғылуы:
 - а. мидың жеңіл дәрежеде соғылуы;
 - б. мидың орташа дәрежеде соғылуы;

- с. мидың ауыр дәрежеде соғылуы;
- 3. бас миының қысылуы:
 - а. сүйекішілік гематома;
 - б. жаншылған сынықтар болып бөлінеді.

Мидың шайқалуы – бұл шағын зақымдаушы күштің әсерінен жиі кездесетін жағдай және бас миының қызметінің өзгеруімен қайтымды артықшылығымен сипатталады. БМЗ зардап шеккендер 70%-ға дейін дерлік кездеседі. Ми шайқалуы кезінде зардап шегушілер, әдетте, қысқа уақтық есінен айрылады - 1-2 ден 10-15 минутқа дейін немесе сергектік дәрежесі төмендейді. Аурудың басы ауырып, жүрегі айнып, сирек құсып, басы айналып, әлсізденіп, қозғалған кезде көз алмасы ауырып мазасызданады.

Зардап шегуші болған жағдайды көбіне есінде сақтай алмайды. Мидың шайқалуы оқиға болғаннан кейін 5-8 күнде өтеді. Сүйек-ми зақымдануының бас миының соғылуы және сүйекішілік гематомы клиникасы болуы мүмкіндігін еске сақтау қажет. Осыған қарамастан, бас миының шайқалуы жеңіл БМЗ жатқызылады, 50%-дейін зардап шегушіде құбылыстың әр түрлі қалдық әсерлері қалады, бұл олардың жұмыс қабілетін төмендетеді. Бас миының шайқалуының бір-ақ формасы болады және ауырлық дәрежелеріне бөлінбейді. Көптеген пациенттерді бас миының шайқалуымен нейрохирургиялық бөлімге жатқызу талап етілмейді. Ауру неврологтың қадағалауымен амбулаторлық ем алуы тиіс.

Бас миының соғылуы (зақымдануы) – бұл түрде бас-сүйек миының жаралануы ми зақымдануымен, ең алдымен миға қан кетуімен болады.

Клиникалық ағысы бойынша және ми ұлпаларының зақымдану түріне қарай мидың соғылуын жеңіл, орташа, ауыр деп дәрежелерге бөледі.

Бас миының шайқалуының жеңіл дәрежесі.

Бұл аталған түрі кезінде ми затының зақымдалу патологиясы минималды. Зардап шегушілердің 25%-ы бас сүйегінің сынуы болып табылады. Өмірлік-маңызды функциялары (тыныс алу, жүрек қызметі) бұзылмаған.

Бас миының шайқалуының орташа дәрежесі – зақымданудың Психикалық қызметтің бұзылуы және өмірлік маңызы бар қызметтердің бұзылуы (бради- немесе тахикардия, қан қысымының жоғарылауы). Менингеальды және ошақты белгілері анықталады (қарашық реакциясының бұзылуы, аяқ қолдың парезі, патологиялық аяқ басы рефлекстері).

Бас миының ауыр дәрежелі зақымдануы. Ми заттары айтарлықтай көлемде жарақат алады. Қан кетуі мидың бірнеше бөлігін алып кетуі мүмкін. Зардап шегуші бірнеше сағаттан бірнеше аптаға дейін естен тануы мүмкін. Тіршіліктің маңызды қызметтерінің бұзылуы ауырлайды, соның салдарынан аурулар жан сақтау (реанимация) бөліміне жатқызылады.

Өзіне тән клиникалық көріністерімен, бастың жарақаттарының көптеген түрлері бар, алайда бастың кез-келген жарақатының жалпы симптомдары болып табылатындар:

1. бас ауруы;
2. бастың айналуы;
3. естен тану.

Жарақаттардың ауырлық дәрежесіне және олардың түрлеріне байланысты, сондай-ақ келесідей симптомдар туындауы мүмкін:

1. жүрек айну, құсу;
2. дененің құрысуы;
3. қан кету (сырттан немесе іштен);
4. бас сүйектерінің тұтастығының бұзылуы;
5. сөйлеу, тыныс алу, есту және басқа қызметтердің бұзылуы;
6. ақылынан адасу (амнезия);
7. мидың қызмет етуінің бұзылуы (когнитивті бұзылулар);
8. ессіз күй (кома).

БМЗ әр алуан түрлері кезінде алғашқы көмек көрсетудің келесідей негізгі қағидаларын орындау керек:

1. зардап шегушіге тыныштықты қамтамасыз ету (мүмкін болса - жатқызу);
2. киіммен немесе таңғыш материалдармен зембілшеге импровизацияланған білікшенің (валиктің) көмегімен басы бекітілуі

(таңылуы) тиіс (әсіресе тасымалдау кезінде);

3. жарақаттанған жерге (немесе бүкіл басына) суық басуды қамтамасыз ету керек – мұз, қар салынған, суық су құйылған пакеттердің көмегімен; (1-сурет)



4. жарақат бар болса - жалпы қағида бойынша тазалап, өңдеу жүргізу керек.



5. егер жарақатқа қандай да бір зат жабысатын болса (оны алып тастамаңыз!), жараның шетін таза, ең жақсысы стерильді материалмен жабыңыз, жабысқан заттың өзін жаппаңыз; содан кейін заттың екі жағына мақта тампонын қойыңыз, затты айналдыра «крест» түрінде бинт жүргізіңіз ;

6. Егер құлақтан және (немесе) ауыздан қан немесе ликвор ағатын болса, таза материалмен жауып және зардап шегушіні қан ағып жатқан жаққа қарай қисайтып жатқызыңыз; (2- сурет)



7. Егер зардап шегушіні ауыстыру қажет болса, барынша абай болған дұрыс және міндетті түрде омыртқа-



ның мойын бөлігін бекітеді; (3- сурет)

8. Зардап шегуші естен тану жағдайында болса - тыныс жолдарының жұмысын және тыныс алуын тұрақты бақылауда ұстау керек – сонымен қатар оны «қауіпсіз жерге» бір қырынан жатқызып, зардап шегушінің басын бекіту қажет;

9. Өміріне қауіп төнген кезде — ЖӨР (жүрек-өкпе реанимациясы) кешенін орындауды бастау керек; (4- сурет);

10. Егер бас миының жарақат алу белгілері бар болса, сондай-ақ құсса — көмек көрсету кезінде еш уақытта ауырғанын басатын нәрсе жасамау керек! — зардап шегушінің тасымалдауды қырынан, екпетінен (ішінен) жатқан күйде жүзеге асыру керек, сондай-ақ зардап шегушінің жағдайын міндетті түрде бақылауда ұстау қажет. БМЗ кезінде алғашқы көмек көрсетудің негізгі қағидасы – тыныштық, басты қозғалмайтын етіп таңу, суық басу және шұғыл түрде ауруханаға жеткізу.

Зардап шегушінің басын айналдырып таңу техникасы

А) «Гиппократ» телпегін байлау техникасы

Бастың жарақаты миға өте жақын болғандықтан аса қауіпті деп саналады. Тіпті бас сүйек жарақаты болмаса да, майда ұлпалардың жарақаттануы инфекция жұқтыру қауіпін тудырады. Сондықтан, алғашқы қан ағуды тоқтатқаннан кейін, түрін және зақымдану дәрежесін анықтау, антисептикпен өңдеу, жарақатқа Чепец немесе Гиппократ таңғышын салу қажет.

«Гиппократ» телпегін байлау техникасы – қайталанатын басты таңу сұрыптауларының бірі болып табылады, оған екі басты бинтті пайдаланып салу немесе өзара айқастырылған ені 10 см бинтті салу қажет.

Көрсетілуі (нұсқалуы): бастың маңдай және еңбек бөлігі зақымданған немесе күйген кезде таңғыш қанды тоқтату және таңған материалды бекіту үшін қолданылады.

Жабдықтау: екі басы (ұшы) бар бинт (Нұсқа екі басы бар бинтті дайындау: 2 дәкіні алу керек, ұзындығы 15 см, бір бинттің ұш жағын келесі бинттің ұш жағына қабаттастырып салу керек (бірін екіншісіне қарай бағыттаңыз); сонда екі басы бар дәкі шығады).

Әрекеттердің жүйелілігі:

1. Зардап шегушінің бетін өзіңе қаратып отырғызу керек, тыныштадырыңыз, алдағы манипуляцияның бағытын түсіндіру.

2. Екі бинт алып, оларды 15 см ұзындыққа дейін жаяды.

3. Бір бинттің үш жағын келесі бинттің үш жағына қабаттастырып салу керек (бірін екіншісіне қарай бағыттаңыз); сонда екі басы бар бинт шығады).

4. Бинттің екі жақ басын қолға алады.



5. Құлақтың үстінен бастап, желке шүйдесінің астынан алып, бастың екі жағынан тартып орайды. (5 -сурет)

6. Бинтті бүктеңіз. Бинттің ұшын ұстап тұрып, қарама-қарсы қолдармен басты айналдыра маңдай жакқа орау керек.(6,7- сурет)

7. Бинттің басын ауыстыру: сол жақ басын - оң қолға, ал оң жақ басын - сол қолға)





8. Маңдай тұсқа бинтті бүктейді. Сол жақтағы басын басты айналдыра отырып желкені орап, маңдайға алып келеді (өткен турдың 1/2-не), оң жақтағы дәкі де қарсы бағытпен дәл солай жасалады.

9. Маңдайдың орта тұсына бинтті айқастыра отырып, бас бөлігін желке орталығы арқылы жабады, ал бинттің келесі ұшымен желкені жаба айналдыра орауды жалғастыру керек. (8,9 -сурет)

10. Сол жақ қолдағы бинтпен желкені жаба бекітіңіз; оң жақ қолдағы бинтпен алдыңғы-артқы турларды нығайта отырып, басты айналдыра жүргізеді. (10-сурет)

11. Бинтті желкенің айналасына бүктеу қажет, оң қолдағы және сол қолдағы дәкіні бір-біріне қарама-қарсы бағытта айналдырып, төбенің маңдай бөлігіне алып келу керек (және керісінше). (11 - сурет).

12. Содан кейін екі дәкіні бір-біріне қарай айналдырып, самай бөлікке қарай алып келу керек.

13. Бинттің ұштарын байлау керек. (12 -сурет)

14. Қалған бинтті қиып тастау қажет.

В) « Чепец» телпегін байлау техникасы


Чепец-таңғышы – басты айналдыра байлайтын бинтпен ораудың бір түрі. Келесі дене мүшелеріне зиян келгенде қолданылады:

1. маңдай;
2. төбе бөлігі;
3. желке.

Таңғышты салудың негізгі көрсеткіші – бастың шашты бөлігіндегі жұмсақ ұлпалардың жарақаты.

Жарақаттану түрлері:

1. бас терісінің сыдырылу жарақаты (кесілген, жыртылған, ойылған және т.б.);
2. соғылған, гематомдар;
3. іріңдеген, сыздауық;
4. күйік.

*Таңғышты пайдалану мақсаты:*

1. қанның ағуын тоқтату (бинтпен және бинт тығынымен қысу камтамасыз етіледі);
2. Жарақат орнын сыртқы ортадан қорғау, бактериалық инфекцияның алдын алу;
3. Механикалық жарақаттардан қорғау (бас киімді кию кезінде, ұйықтап жатқанда және т.б.);
4. Стерильді дәкі салфеткамен жабу (немесе бинт сіңірілген).

Таңғыштың бұл түрі өте қолайлы, басты тамаша қорғайды, оны таңу онша күрделі емес. Қажет болған жағдайда, зардап шегушінің өзін пайдалана отырып, ассистентсіз, жалғыз әрекет етуге де болады.

Чепец таңғыштың денеге қарама-қайшы жағы жоқ. Ол мойындағы бастың қозғалысын шектемейді, бас киім киюге қиындық туғызбайды. Тек қана төменгі жақ сүйегінің қозғалысына кедергі келтіреді – тамақ ішетін кезде тамақ ішер кезде дәкінің иек астындағы ұшын шешу қажет болады, одан кейін оларды қайта байлайды.

Бастың майда ұлпаларының зақымдануын таңу кезінде ені 10-12-14 см стерильденген медициналық бинт қолданылады. Барынша жіңішке материал денеге жақсы келеді, ал жалпақ болса қолайсыздық туғызады, қимылды қиындатады. Жарақаттың үстіне алдын ала таза стерильденген немесе антисептикалық ерітінді сіңген бинт таңғышты медаспаппен қояды, (таңғыштың ұйғарылымына және емдеу жоспарына байланысты). Басты таңғыш жарақаттың барлық ауданын жабатындай етіп таңады. Сонымен қатар ол қан айналымын бұзбауы тиіс, қатты қысу, жан-жағындағы ұлпалаға қолайсыздық туғызып, оларды ісіндіреді. Оны жасау техникасы қарапайым, тез және ешқандай қиындықсыз таңылады.

Таңуды орындау алгоритмі:

Оны жасау оңай және материалдарды орау жеңіл, ол сырғымайды және жарақатты жақсылап қысады. Біреудің көмегін қажет етпеу мүмкіндігі бар.

Таңу өзінің болмысы бойынша өте қолайлы, алайда ол жеңіл өрілмейді, сондықтан барлығын сапалы жасау керек. Ең бастысы қолыңда барлық материал болуы керек.



13



14

1. Таңар алдында зардап шегушіні бет жағын өзіне қаратып орындыққа отырғызады, процедура кезінде басын қимылдатпауын өтінеді.

2. бинттен метрден сәл қысқа етіп қиып алады, ортасын анықтап алып, екіге бүктейді, тарқатылған кесіндінің ұзындығы 15-20 см болуы тиіс.

А) Бинтті бастың төбесі маңына қоямыз, екі ұшын құлақтың алдына қарай түсіреміз. Бинт кесіндісінің ұшын зардап шегуші немесе көмекші сәл тартып ұстап тұрады. (13-сурет)



15



16



17

3. Алғашқы екі айналымды бастың үстіне көлденеңінен қастың үстіне дейін жасаймыз. (14- сурет)



4. Байлау түйініне келгенде, бинтті ілмек ретінде байлаудың айналасына орап іліп алып, бастың артқы жағына сәл көлбеу етіп жалғастырады. (15-сурет)

5. Бинтті айналдырып, қарама-қарсы байлауға апару керек және бинтті қайтадан байламның үстінен айналдыру керек және бекітуші турдан

жоғары бастың маңдай жақ бөлігімен жүргізу қажет.

6. Бас толық жабылғанға дейін циркулярлық жүрісті қайталай беру керек. Соңғы айналымдар төбе бөлігінде жасалады. (16-сурет).

7. Екі көлденең бекіту бұрылысын жасайды.



8. Таңудың соңында, бинтті байлаудың біреуінің үш жағына айналдырып орап, түйіп тастайды. (17,18-сурет)

9. Таспа-ілгекті иектің астына бекітіп, оларды тамақ ішер кезде босатуға болатындай ету қажет. (19- сурет)

Жарақатты таңатын «Гиппократ» телпегі және «Чепец» таңғышы – бұлар толық қанды медициналық процедура. Оны дұрыс орындау үшін, инструкцияны қадағалау керек және оның жағдайының қандай екенін сұрай отырып зардап шегушімен әңгімелесу қажет, (оған кедергі келтірмей ме, бинт тым қатты/бос байланған жоқ па). Сол кезде қойылған таңғыш қолайсыздық туғызбайды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Таңудың қанша түрін білесіз? Оларды атаңыз.
2. «Чепец» таңғышы жарақат алудың қандай түрлерінде қолданылады?

3. «Гиппократ» телпегі және «Чепец» таңғышының оңтайлы және қолайсыз жақтарын атаңыз?

4. Қандай айналдыратын таңғышта бір бинттің ұшының үстіне екінші бинттің ұшы салынып, 2 бинт қатар қолданылады?

5. Қандай түрде айналдырып таңу келесі әрекеттерді орындайтынын анықтаңыз: «сол қолдағы дәкіні желке жаққа бекіту; оң қолындағы бинтпен басты айналдыра бинтті бекіту»?

4-тақырып. СЫНЫҚТАР, БУЫН ШЫҒУЫ, СОҒЫП АЛУ, БҰЛШЫҚЕТТІҢ КЕТУІ ЖӘНЕ СОЗЫЛУЫ КЕЗІНДЕГІ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Соғып алу — механикалық зақымдайтын фактордың тікелей



әсерінен пайда болатын жарақаттың түрі, мысалы, қандай да бір затқа соғылу немесе затпен соғып алу. Заттың тікелей қиратушылық әрекеті және оның кинетикалық энергиясы нәтижесінде соққы кезінде ұлпа жасушалары зақымданады.

Бұл травматикалық агентке жергілікті реакцияны туғызады.



Соғып алудың белгілері

Соғып алған жерде алғашқы кезде елеусіз ісіну пайда болып, қысқа мерзімді ауырады. Кейінірек зақымданған ұлпаның көлеміне байланысты ісіну айтарлықтай өсе түседі, соғып алған жерде тұрақты қарқынды ауру пайда болады. Бұлшықеттер түйіліп, ол осы бұлшықеттер қызметінің бұзылуына

алып келеді. Соғып алған жердің орны бастап-қыға қарағанда айтарықтай кеңейеді - қайталама



зақымдану бөлігі пайда болады. Егер тамырдың үстінен соғылатын болса, онда гематома пайда болады — жұмсақ ұлпалардың қалың және бос кеңістігінде қан жиналады (1,2-сурет). Майда тамырлар зақымданған кезде майда немесе тұтас қан кетулер— көгерулер пайда болады (3,4-сурет).

Ауруы мен ісінудің артуы бастапқы екі тәулік ішінде жалғасады, содан кейін орны біртіндеп тартыла бастайды, ол екі аптадан үш аптаға дейін созылады. Егер гематома орын алған болса, онда толық тартылу бір ай немесе одан да ұзаққа созылуы мүмкін.



Іш, бел, кеуде тұсында майда ұлпаларды соғып алу ерекше назарға түседі. Мұндай оқшаулау кездерінде ішкі органдардың зақымдануын болдырмау маңызды, өйткені олар ішкі қан кетуіне алып келеді. Сондықтан мұндай жағдайда дәрігерге көріну өте маңызды.

Соғып алу дәрежелері:

Алған жарақаттың түріне орай, соғып алу ауырлықтарын ауырлықтың келесі дәрежелеріне бөлуге болады:

Бірінші. Бірінші дәрежелі жеңіл жаралану, эпидермис қабатының шамалы жарақаттануымен (тырналумен, терінің сыдырылуымен) сипатталады. Аздап көгеруі мүмкін. Онша ауырмайтын соғылу, медицинаның аралсуын талап етпейді және 2-5 күннің ішінде толығымен жазылады.

Екінші. Екінші дәрежелі жаралану кезінде, бұлшық еттердің ұлпалары зақымданады. Дененің соққы тиген немесе соғып алған бөлігі ісінеді, гематома жиі пайда болады. Ауру қатты ауырсынады және басқа да жағымсыз сезімдер пайда болады.

Үшінші. Үшінші дәрежелі жарақат байламның, сіңірдің және бұлшық еттің зақымдануымен байланысты. Қатты механикалық әсер кезінде соғып алу буынның шығуымен және ауырсыну симптомдарымен бірге жүретіні жиі кездеседі.

Төртінші. Майда ұлпалардың төртінші дәрежелі ауыр жарақаты ұзақ мерізмді қатты аурумен, қатты ісінумен, организмнің тіршілік қызметінің бұзылуымен, адам жүйесі мен ішкі органдардың жұмысындағы өзгерістермен сипатталады. Буыны шығады немесе бір жері шығады. Соғылудың бұл түрі кезінде көмек арнайы стационар жағдайында жүргізілуі тиіс.

Ауыр нысанды соғылу кезіндегі алғашқы көмек:

Ауыр нысандағы соғып алу кезінде алғашқы көмекті көрсету, ауруын жеңілдету үшін және соңынан асқынуын болдырмау үшін қолданылады. Жарақат алғаннан кейін бірден жедел жәрдем шақыру қажет. Дәрігерлер бригадасы келгенге дейін зардап шегушіні жарақатын үстіне қаратып жатқызып және оған тыныштық орнату керек (1-сурет).

Алғашқы қарағаннан кейін дененің зақымдалған бөлігін суық су құйып жуу, жараға дезинфекция жасау және мұздан компресс қою қажет (1-сурет). Мұздың орнына кез-келген суық затты қоюға болады, мысалы, мұздатылған өнімдерді. Мұндай әрекеттер анестетикалық әсер беретін болады, гематомның таралуын және ісікті шектейді. Оның үстіне, суық басу дер кезінде емдемесе жарақатқа алып келетін тері астындағы қан кетуді тоқтатады.

Бұл манипуляциялар 4 дәрежелі жарақат кезінде алғашқы көмек көрсету үшін жеткілікті. Білікті





дәрігерлер қажетті тексерулерді жүргізе отырып, қандай да бір асқынудың барын немесе жоғын анықтайды және ары қарай қалай ем жасауды тағайындайды.

Жеңіл нысанды соғылу кезіндегі алғашқы көмек:

Ауруды жатқызу керек және соғылған жерін тиянақтап қарау керек. Астына қолдан жасалған білікше (валик) салып, аяқты жоғары көтеру керек.

Жараны сутегі тотығымен жуу керек (1-сурет), аяқты қозғалтпайтын етіп және зақымдалған жерге суық зат басылады; 10-15 минут ұстау керек (2-сурет). Жылынып бара жатса қойған затты ауыстырып отыру керек. Қажет болған жағдайда пациентке ауруды басатын препарат (3-сурет) берген жөн.

Жедел кезеңнен өткеннен кейін, белсенді жылытатын процедура жасаған дұрыс. Олар ісінуді азайтуға көмектеседі және гематоманың тартылуын жеделдетеді. Жылы ванна қабылдау керек немесе спиртпен компресс жасаған дұрыс. Сондай-ақ арнайы гелдер мен майларды пайдалану ұсынылады, оны дененің жарақаттанған бөлігіне күніне 3-4 рет жағып отырады, содан кейін бинтпен таңады.

Егер жараланған жердің ауыруы ұзақ уақытқа созылатын болса, зардап шегушіге мамандарға барып кеңес алуға тура келеді. Дәрігер тиісті дәрілік препаратты таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, терапевт дәрігердің ұйғарымымен арнайы магниттерді, УКС аппараттарын және басқаларды пайдалана отырып, физиотерапия курсы тағайындалуы мүмкін.

Көпшілігі күні бүгінге дейін буынның шығуы мен сынықтың, сіңірдің созылуының арасын түсіне алмайды. Сонымен қатар, кіш-


кентай күннен бастап алғашқы көмекті көрсете білу өте маңызды, ауруынды асқындырып алмау үшін, ең алдымен ол адамның өзі үшін пайдалы. Сөйтіп, буының шығуы дегеніміз не?

Буының шығуы – сүйектің бірлескен бөлігімен байланыстағы бір бөлігінің толық немесе жартылай орнынан таюы. Әдетте буынның шығуына байлам сіңірлерінің зақымдануы, сондай-ақ қан тамырларының жарылуы немесе жаншылуы ықпал етеді.

Шығу себептері

Бекітілген түйіспенің жанама зақымдануы нәтижесінде пайда болады. Мысалы, сен созылған қолыңмен немесе шынтағыңмен құласаң, иығыңның буынын шығарып алуың мүмкін. (1-сурет).

Бұлшық еттер кенеттен айтарлықтай тартылған кезде де буынның орнынан таюы ықтимал. Мысалы, жұтқыншақ қарқынды жұмыс істегенде.



Сондай-ақ буынға немесе оның айналасына тікелей физикалық ықпал ету кезінде де буынның орнынан тайып кетуі мүмкін.

Балалардың «тартылып созылуынан буынының шығуы» атанасы баласының қолынан қатты қысып ұстаған кезде, байқамай сүрініп кеткенде. Буын қатты созылады да, содан кейін бүгіледі.

Буынның шығу белгілері

Жарақат алған кезінде сарт ете түскендей дыбыс естіледі. Зардап шегуші шыққан буынның айналасының күрт ауырғанына және де жартылай немесе толық қимылсыз қалғанына шағымданады. Буындағы өзгерістерді көзбен-ақ көруге болатын жағдайлар жиі болып тұрады. Аяқ-қолдың бастары басқа жаққа қарай бұрылады, сондай-ақ буында бүгіледі. Зақымданған бөлікте томпиып ісіну пайда болады. Бұл буын шығуының ең көп тараған түрінің бірі.



Буын шығуы кезінде нервтің зақымдануы жиі кездесетін жағдай. Сонымен қатар ауыру адам аяқ-қолдың сезіну қасиетінен айрылады.

Қазіргі заманғы медицина буын шығуын оннан артық түрге бөледі, олар дененің келесі мүшелеріндегі мынадай буындарды қарастырады :

1. Жіліншік буынының шығуы
2. Толарсақтың (тобықтың) шығуы
3. Иық буынының шығуы
4. Аяқтың шығуы
5. Мойынның (мойын омыртқасының) шығуы
6. Аяқ-қолдың саусақтарының шығуы
7. Шынтақ буынының шығуы
8. Тізенің шығуы
9. Жамбастың шығуы
10. Бұғананың акромиальдық ұшының шығуы
11. Қолдың шығуы
12. Жақ сүйектің шығуы.

Шығу кезіндегі алғашқы көмек:

1. *Жіліншік буынының шығуы* – бұл байлам сіңірлерінің үзілуінен жіліншік буынының орнынан ығысуы. Жіліншіктің блоктік пішіні бар. Бұл буынның қозғалыс қимылы өте жоғары – бүгілуі, жазылуы 90%-ға жетеді. Жіліншік сыртқы және ішкі жағынан байлам сіңірлерімен бекітілген. Жарақат алған кезде, сіңірлер үзіледі де, буындар орнынан таяды. Жіліншік буыны шығады, жартылай шығады. Жартылай шығу кезінде жіліншік буыны орнынан аздап таяды. Жіліншік буыны шығуы, жартылай шығуы айтарлықтай жиі кездеседі, әсіресе қысқы кездерде, жол тайғақ болған кезде, аяқты қайырып алу өте оңай. Мұндай жарақаттардың спортсмендер арасында кеңінен таралғанын атап айту керек, жіліншік буыны орнынан таяуымен жамбас, қол, аяқ қоса зақымданады. Жіліншік буынының шығуы, жартылай шығуы оқиғалары көптеп кездеседі, бірақ



оларды біріктіретін нәрсе біреу — өте қатты, ұзаққа созылған ауыр-сыну. Аурудың түріне қарап оның қаншалықты ауыр екенін, байлам сіңірінің зақымдануы қандай дәрежеде екенін түсінуге болады.

Жіліншік буынының шығуында ауырлықтың үш дәрежесі болуы мүмкін:

1. Бірінші дәрежелі шығу кезінде байлам сіңірлері іс жүзінде онша зақымданбайды, тек қана байлам талшықтары зардап шегеді. Эластик бинт қою ұсынылады.

2. Екінші дәрежелі шығу — байлам сіңірлері ішінара үзіледі, бірақ олар өздерінің негізгі қызметтерін жоғалтпайды. Эластик бинттерден таңғыш салу немесе гипс таңғышын салу керек.

3. Ең ауыры – үшіншісі, байланыс сіңірлері толығымен жыртылған немесе өзінің орналасқан жерінен жұлынған.

4. Жіліншік буынының зақымдану дәрежесін толық анықтауды рентгенографияның көмегімен жасауға болады. Сондықтан, ауруы сондай қатты болса, ең дұрысы емханаға бару. Мүмкін, жіліншік буынның шығуы, жартылай шығуы кезінде шұғыл реабилитация керек.

Белгілері (Симптомдары)

Жіліншік буынының бірінші дәрежелі шығу кезінде қолайсыздық сезіледі, жүрген кезде аяқ ауырады. Жіліншік буынының айналасында қабыну, ісіну байқалады. Жүріс іс жүзінде бұзылмайды. Барынша ауыр белгілерін адам жіліншік буынының екінші дәрежелі шығу кезінде сезеді. Аяқ басының сырты жақ бөлігінен ісік байқалады. Аяқ қатты ауырады да, адамның жүрісі қиындап кетеді.

Жіліншік буынының бірінші дәрежелі шығу кезінде, адам аяғынан тұра алмайды, жүре алмайды және де айтарлықтай қатты ауырды сезінеді. Біраз уақыттан кейін аяқ қатты ісінеді де, қан кетеді. Ісік бүкіл аяқтың басын жайлап алады.

Алғашқы көмек

Шығуы, жартылай шығуы көбінесе сілтімен қоса жүреді, со-



нымен қатар, алдыңғы аяқты көзбен қарағанда орнынан тайғаны байқалады. Жіліншік буынының шығуы, жартылай шығуы ішкі, сыртқы, алдыңғы немесе артқы болуы мүмкін. Зардап шегушіге бірден алғашқы көмекті көрсету керек:



1. Аяқты жұмсақ және көтеріңкі жерге қояды және оған тыныштықты қамтамасыз етеді; (3-сурет)



2. Зақымданған жерге суық зат басады; (4-сурет)

3. Эластик немесе кәдімгі бинтпен жасалған таңғышты қоямыз;

4. Зардап шегушіге ауруын басатын дәрі беруге болады;

5. Ауруды емханаға жеткізу қажет, ол жерде оны тексеруден өткізеді, дәрі тағайындайды, лидокаиннен немесе новокаиннен инъекция жасайды.

6. Таңғышты эластик бинттен немесе кәдімгі бинттер қояды. Мұндай жарақат кезінде эластик өте маңызды артықшылығымен ерекшеленеді. (6-сурет)

Кәдімгі бинтпен таңған кезде ол бір-ақ рет пайдаланылады және эластик бинт сияқты серпімділік созылмалы қасиеті жоқ. Эластик

бинт өзінің пішімін өзгертпейді, тарқатылмайды, қажет болған жағдайда шешу мүмкіндігі бар, мысалы, май (мазь) жағу қажет болған кезде. Жіліншікті қатты етіп таңу керек, алайда аяқтың басы жансызданатындай дәрежеде емес, жіліншікке қанның дұрыс баруы қажет.

Таңудың негізгі ережелері:

1. Таңғышпен таңған кезде зардап шегуші қолайлы жағдайда жатуы тиіс, ал аяқтың басы сәл көтеріңкі болуы қажет.

2. Аяқты оған жан-жағынан бірдей қол жеткізетіндей жағдайда қою керек. Аяқтың басы жіліншікке тік бұрыш жасап тұруы тиіс. Жіліншікті 1,5 метр эластик бинтпен орау қажет.

3. Орауды табанның үстіңгі жағынан айналдырып бастайды.

4. Содан кейін арт жақ арқылы табанның айналасын орау қажет. (7-сурет)

5. Содан кейін, қиғаш бағытпен, арт жақ бойынша аяқтың басына және жіліншікке ораймыз, сөйтіп, алдыңғы қабатты қиып өтеміз. Осының барлығын тағы да 7 рет қайталаймыз және эластик бинтпен бекітеміз. (8-сурет)

6. Аяқ басының артқы жағы жабық, ал өкшесі ашық болу керек.

7. Таңғышты айналу қозғалысымен аяқтаймыз.

Иық буынының шығуы:

Иық буыны — шар тәрізді жұмыр буын, иық сүйегінің басы мен және жауырынның буындық жоғарғы буынында орналасқан. Буын үлкен қозғалысқа ие, онда бұру, қалыпқа келтіру, бүгілу, жазылу, айналу және айналмалы қозғалыстар болуы мүмкін. Иық буыны жауырын шұңқыры шетінен иық сүйегінің мойнына дейін созылып жатқан буын дорбасымен қоршалған. Буын капсуласы бұлшық етпен қоршалған байлам сіңірімен бекітілген. Бұлшық ет және байлам буындық қуыста иық сүйегінің басын қат-



ты ұстайды. Қосылыстың алдыңғы беті бұлшық етсіз. Бұл жерде көбінесе капсулалардың жыртылуы және иық сүйегінің басының шығуы болады. Буынның айналасында әдетте қосылыс қуысына жеткізілетін бірнеше синовиальды қаптар болады. Зақымдану және кейбір аурулар кезінде оларға қан немесе сұйықтық жиналады. Қасынан өтіп жатқан артериядан иық буындары қанмен жабдықталады. Иық құрамында жүретін қан тамырларының өрімдері нервтермен жаңарады.

Алғашқы көмекті иық буындарының әр түрлі жарақаттармен зақымдануы кезінде көрсетуге тура келеді. Иық буындарының соғылуы және созылуы (капсулалардың жыртылуы) жиі кездеседі,



ол қатты ауыртады, ісіндіреді және қозғалыстың амплитудасы шектеледі. Ұлпаларға, айналасындағы буындарға қан кету жиі байқалады. Жұмсақ ұлпаладың зақымдануының барлық жағдайларында алғашқы көмек тыныштық орнатумен басталады (орамал түріндегі жұмсақ таңғыш);

(1-сурет), суық (алғашқы күндері). Егер буынның қызметі бірнеше күнге дейін бұзылған күйі қалатын болса, онда, буынның айналасындағы бұлшық еттердің зақымданғаны анық. Диагнозды нақтылау үшін, травматологиялық бөлімге бару керек, яғни, қосымша тексеру жасамай (ультрадыбыстық, рентгенологиялық және т.б.) дұрыс диагноз қою көбінесе қиынға түседі.

Аяқтың шығуы

Аяқтың шығуы – жеткілікті түрде кең тараған және өте жағымсыз құбылыс. Өкінішке орай одан ешкім сақтана алмайды. Жарақат-

тың бұл түрі сүйектердің үстіңгі буындарының бір-біріне қатысты ауысуын көрсетеді, ол буындардың пішінінің бұзылуына, жұмсақ ұлпалардың ісінуіне және байлам сіңірлерінің үзілуіне алып келеді. Сүйектердің артикулярлы ұштарының зақымдану жағдайына байланысты, аяқ буынының шығуын 2 түрге бөледі:



- *жартылай*, буындардың жоғарғы жақтарының арасында байланыс аймағы қалады;
- *толық*, сүйектердің артикулярлы ұштары толығымен ажырап кетеді.

Аяқтың шығуы неліктен болады?

Зақымданулардың орын алу себептеріне сәйкес, осы заманғы топтастырулар аяқ буындарының шығуын 3 негізгі санатқа бөледі:

- ***аяқтың травматикалық шығуы*** – зақымданудың барынша кең тараған түрі, тікелей соққы алу, құлау, аяқпен жерді дұрыс баспау нәтижесінде аяқтың бұралып кетуі. Жарақаттың бұл түрі спортпен айналысу немесе белсенді дем алу кезінде, өкшесі биік киім кигенде және ЖКО кездерінде жіліншікте жиі кездеседі;

- ***аяқтың патологиялық шығуы*** – буын ұлпаларының құрылымын зақымдайтын және қызметтің бұзылуына алып келетін және буындардың және байланыс аппараттарының жұмыс істеуінде дегенеративті өзгерістерге алып келтін, созылмалы аурудың салдары болып табылады. Бұлар: ревматизм, артрит, артроз, сүйек туберкулезі, ісінетін және басқа кез-келген асқыну процессі, олар буынға тіпті шамалы ауырлық түскеннің өзінде зақымдануды асқындырып жібереді;

- ***аяқтың туа біткен орналасуы*** – жатырдағы даму кезінде болады, баланың іште дұрыс жатпауының нәтижесі, буындардың дұрыс жетілмеуінің немесе жүктіліктің патологиялық ағымы нәтижесінде болады. Қыз балаларда көбінесе жамбас қосындысы шығуы жиі кездеседі, ал ұл балаларда тізе тобығы жиі шығады.

Ауыр ауыру синдромы 95% оқиғаларда байқалады, ал аяқ буындарының шығу симптомдарының жиынтығы сынықты жиі еске салады. Сондықтан да зақымдану кезінде дифференциальды диагностика жасау және адекватты дәрігерлік көмек алу үшін дәрігерге бару ұсынылады. Егер аяқ тегіс жерде қайрылып кетсе, бұл аяқ басы байланыс аппаратының әлсіздігін көрсетеді, бұл алдағы уақытта, тиісті емдеу шаралары болмаған жағдайда, аяқтың үйреншікті шығуына алып келеді.

Аяқтың шығу симптомдары

Жарақатты оқшаулауға байланыссыз, аяқтың кез-келген бөлігінің шығуы кенеттен қатты ауыртуы мүмкін, әсіресе, есеңгіреуге дейін алып баратын, адам төзгісіз ауыр жағдайларда.

Буын қызметінің бұзылу және буын дорбаларының зақымдану дәрежесіне байланысты аяқтың шығуы клиникалық құбылыстың пайда болуымен сипатталады:

- зақымданған жердің айналасының қызаруы және көгеруі;
- буынның үстіңгі жағында аномальды жағдайда көрсетілген буынның пішінінің өзгеруі: ісіп шығу немесе ішке кіруі, шыққан сүйектің басының шығып көрініп тұруы;
- прогрессивті ісіну, мүмкін, гемартроздың дамуын көрсету керек болар – буынның біріккен қуысында қан кету;
- аяқтың табиғи жағдайда еместігі;
- қозғалыс белсенділігінің шектелуі немесе толықтай қозғала алмау және зақымданған аяқтың тірегі;
- зақымданған аяқ-қолдың қысқаруы.

Аяқтың әрбір бөлігінің шығуы жарақаттың осы түріне тән, өзінің белгілерімен ерекшеленеді.

Аяқтың шығу түрлері

Аяқ басының шығуы. Аяқтың жалпы шығу санынан, жарақаттың бұл түрі 2% -ды құрайды және көбінесе патологияда байлам тамырларының үзілуі мен аяқ басының сынығы көрінеді. Аяқ басының шығуын келесі түрлерге бөлуге болады:

1. ***саусақтар сүйектерінің шығуы*** қолдың саусақтарын бір

затқа қатты соғып алудың нәтижесінде немесе аяққа бір ауыр заттың түсуінен болады;

2. **табан сүйектерінің шығуы** барлық сүйектер араласып кетсе толық немесе толық емес болады. Жарақатқа қатты ауру және аяқ басының өзгеруі тән (ұзындығының артуы немесе қысқаруы);

3. **толарсақ сүйектерінің шығуы** – жарақаттың ең сирек кездесетін түрі, аяқ басының кілт бұрылысы кезінде орын алады;

4. **аяқ басы табан астының сынып, шығуы** аяқ басының кілт бұрылуынан туындайды. Жарақат алған кезде байлам сіңірінің үзілуі және сынықтардың қоса жүруі жиі кездеседі.



Толарсақтың (тобықтың) шығуы

Жілініштегі аяқ басы буынының шығуы — байлам сіңірлерінің үзілуімен, толарсақтың және буын ішіндегі сынықтармен қоса жүретін, ең ауыр жарақаттардың бірі болып саналады. Күрделі шығулар тиянақты диагностиканы және сүйек сынықтары мен буын ұлпаларының барынша дәлдікпен қалпына келуін талап етеді.



Тізе тобығының шығуы

Кеңінен таралған жарақат, көптеген жағдайларда бүйір соккысының нәтижесінде немесе жайсыз құлаудан пайда болады. Тізе тобығы ішке қарай немесе сыртқа қарай қозғалуы мүмкін, өз өсінің айналасында бұрылуы мүмкін немесе ортан жілік пен жамбас сүйегінің арасында қысылуы мүмкін. Тізе тобығының шығуы (сынуы) ұзақ емдеуді талап етеді, өйтпеген жағдайда тобықтың шығуы әдетке айналып кетуі мүмкін және оған хирургтердің араласуына тура келеді.



Жамбастың шығуы

Жарақаттың мұндай түрі кезінде жамбас

сүйегінің буындық ұшы ұршық басының шұңқырынан шығып кетеді.

Ортан жіліктің ұршық басының шығуы 3 түрге бөлінеді:

Алдыңғы жақтың шығуы буын капсуласының үзілуімен және сүйектің басының алдыға және төмен шығуымен қоса жүреді. Бұл жарақат көбінесе аяғы қайрылып құлаған кезде орын алады;

Артқы жақтың шығуы жамбас сүйегінің басы артқа немесе жоғары шығуымен және зақымданған жақтағы аяқтың қысқаруымен тән;

Орта жақтың шығуы – жарақаттың ерекше ауыр түрі, сүйектің сынуымен және ұршық қуысының бұзылуымен сипатталады. Жарақаттың бұл түрі көптеген жағдайларда жол-көлік оқиғасы нәтижесінде пайда болады.

Жамбастың шығуы және сынуы нақты диагностика жасау мен дұрыстап емдеуді талап етеді. Жарақаттың салдары ұлпалардың бұзылуына, аяқтағы қан айналымының бұзылуына, жамбас сүйегі басының некрозасына және қозғалтқыш аппаратының әрекетсіздігіне алып келеді.

Аяқтың шығуы кезіндегі алғашқы көмек

Аяқтың шығуымен зардап шегуші, ең алдымен, қозғалмау керек, зақымданған жерді белгілеуі қажет. Жамбас зақымданған кезде жарақаттанған басын сау жақтағы жамбасқа қосып таңады, тізе және аяқтың басы шыққан кезде эластик бинтпен орайды, ол ісіктің өрістеуіне жол бермейді.

Шыққан аяқты астына жастық қойып немесе бүктелген киім салып, жоғары қарай көтеру керек (жамбастың шығуынан басқа жағдайларда) және мүмкіндік болса, зақымданған буынға мұз басқан дұрыс болады.

Ауру синдромының көріну түріне байланысты, зардап шегушіге мұндай жағдайда ауруды басатын емдеу дозасын береді және жедел жәрдем шақырады, шұғыл көмек көрсетіледі.

Шыққан жерді өз бетімен дұрыстауға немесе қажетті медициналық білімі жоқ адамдарға процедураны сеніп беруге болмайды. Тек қана травматолог аурухана жағдайында шыққан жерге дәл диагностика қоя алады және оңтайлы емдеу тағайындайды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Соғып алудың қанша дәрежесі бар? Оларды сипаттаңыз?
2. Аяқ-қолдың басы сынған кезде зардап шегушіні орап, қымтауға бола ма?
3. Шығудың себептерін сипаттаңыз?
4. Негізгі шығудың (сынудың) қанша түрі бар? Оларды сипаттаңыз.
5. Иық буындарының ашық зақымдануы кезінде, қан қатты ағып жатса шендеуіш қоюға бола ма?

5-тақырып: ҰЗАҚ УАҚЫТ ЖАНЫШЫЛЫП, ҚЫСЫЛЫП ЖАТУ СИНДРОМЫ КЕЗІНДЕ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Ұзақ уақыт жанышылып қысылып жату синдромдары – апат-синдромы, жарақат токсикозы, компрестік жарақат, бұзылу синдромы — жұмсақ ұлпалардың қысылуынан қанмен жабдықтаудың (ишемия) бұзылуы.

Себебі аяқ-қолдың қысылуы, сирек те болса адамның денесі де ауыр заттармен, ғимараттардың сынығымен, тау жыныстарымен жаншылады, қысылады. Жер сілкінісі кезінде, бір заттың үйінді болып құлауы кезінде, сондай-ақ жол-көлік оқиғалары кезінде, темір жол апаттары кезінде туындайды.

Ұзақ уақыт жанышылып қысылып жату синдромы – майда ұлпалар ғимараттардың, құрылыстардың, шахталардағы опырылатын жыныстардың үйінділерімен басылып қалған, сонымен қатар

терінің, бұлшық еттердің зақымдануы байқалады - кейбір жерлері жұлынып, қанмен жуылған.

Позициялық қысым – қан айналымының бұзылуымен жалғасатын мәжбүрлік жағдаймен ұзақ уақыт жату кезінде өз денесінің салмағымен майда ұлпаларды жаншу.

Ұзақ уақыт жанышылып қысылып жату синдромының симптомдары:

1. Орталық жүйке жүйесіндегі қоздыру және тежелу процесстерінің үйлесімділігін бұзатын және аурудың тітіркендіруі;

2. Жарақат токсемиясы, миоглобинмен зақымданған тіндерден (бұлшық еттерден) деградация өнімдерін сіңіру нәтижесінде пайда болады;

3. плазмопотеря, зақымданған қол-аяқтың жаппай ісінуі нәтижесінде қайталама пайда болу.

3 кезеңге бөлеміз:

1. Ерте (1-2 тәулік) – жарақаттан есеңгіреу.

2. Аралық (3-10 тәулік) – қатты бүйрек жеткіліксіздігі.

3. Кеш (10 тәу. -2 ай) – ұлпалардың өліеттенуі, іріңдеу, асқыну.

Алғашқы кезеңде байқалатындар: аурудың есеңгіреуі, жалпы әлсіздік, терінің бозаруы, артериальды гипотония және тахикардия.

Аралық кезеңде байқалатындар: құлақтың терең бітіуі, сопор, кіші дәреті қоңыр құба түрге енеді, олигоанурия дамуда, инфекциялық кабынулар өрістейді.

Кеш кезеңде зақымданған органдардың қызметтері біртіндеп қалпына келе бастайды (бүйрек, бауыр, өкпе және т.б.).

Клиника:

- Зақымданған аяқтың ұштары көгілдір түрге енген, ісіктің көлемі өсіп келеді;

- Теріде көптеген сыдырылулар бар, қан аққан, ішінде сұйықтығы бар күлдіреулер;

- Зардап шеккендерді іздегеннен кейін бірден зақымдаушы заттардың «таңбаларының» бірдей емес екенін байқауға болады;



Жаншылған бұлшық еттеріне қан толған, кейбір жерлері жырылған. Бұлшық еттің өлі еті қайнатылған еттің түрі сияқты көрінеді;

- Сезінудің барлық түрі өте әлсіз немесе мүлде жоқ. Аяқтардың перифериясында қан тамырының соғуы жоқ.

Алғашқы көмек

1. Қысылған жерден жоғары ширатпа (бұрау) қой. (1,2- сурет)
2. Зардап шегушіні босат.
3. Жараны емде (су тегі тотығымен) және тырналған жерлерге, егер ол жерде жарақаттар бар болса, асептикалық таңғыш қой. (3 - сурет)
4. Содан кейін аяқтың басын эластик бинтпен немесе кәдімгі



бинтпен қатты етіп байлап таста, осыдан кейін бұрау алынады. (4,5,6 -сурет)

5. Зақымданған жерге суық (мүзбен айналдыра) басу керек.



6. Аяқтың сынғанына күдік туған кезде аяқты иммобилизациялауға кез-келген қолда бар затты жылдам арада пайдалану керек. Шендеуішке материал ретінде оралған газет, журнал, ағаш кесіндісі, фанерлер және т.б. жарай береді. Шендеуішті сынған аяқты бойлай салады. (8- сурет)

7. Ауырғанын басу үшін (промедол, морфин немесе анальгин димедролмен уколын салады) не болмаса ауруды басатын кез-келген спазмолитиктерді (но-шпа, кетанал, аналгин) медициналық жұмысшылар келгенше бере тұруға болады. Ауруды басатын уколдар мен дәрі-дәрмекті берер алдында аллергиялық жағдайын анықтау керек. (9-сурет)



8. Ішкі органдары зақымданбаған болса, сұйықтықты көп берген дұрыс.

9. Оксигенотерапия (таза ауаға, кислородқа қол жетімділік).

10. Емдеу мекемелеріне шалқасынан жатқан күйде зембілмен тасымалдау керек.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Жаншылған, қысылған жерден жоғары бұрау салу міндетті ме?

2. Ұзақ уақыт қысылу (жаншылу) синдромы кезінде зардап шегушіге сұйықтықты көп беруге рұқсат етіле ме?

3. Ұзақ уақыт қысылу (жаншылу) синдромының үш кезеңін сипаттаңыз?

4. «Ұзақ уақыт қысылу (жаншылу) синдромының» тіркестер синонимдарын атап шығыңыз?

5. Аяқты қатты етіп орап тастағаннан кейін бұрауды алуға рұқсат етіле ме?

6-тақырып. ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ҚАН КЕТУ КЕЗІНДЕГІ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Жарақат туралы ұғым

Жарақат (немесе зақымдану) – бұл тері жамылғысының және тиісті ұлпалардың (соның ішінде және қан тамырлары) сыртқы механикалық әсер етуі нәтижесінде болатын кез-келген бұзылулар.

Жарақаттардың тиісті белгілері бойынша олар келесідей болады:

1. Қанның ағуы (қан тамырларының бүтіндігінің бұзылуы салдарынан);

2. Үңірею (немесе жарақаттардың шеттерінің ашылуы, жара лаған заттың шегін шамамен қайталайды);

3. Дененің жарақаттанған (зақымданған) бөлігінің қызметінің бұзылуы.

Сонымен қатар, зардап шегуші жарақатының ауыртқанын сезеді, өйткені жүйке торлары да қосымша жарақаттанады. Қатты (көлемі кең) жарақаттар кезіндегі аурудың қарқынды болатыны



сондай, аурудың жанға батқандығынан есеңгіреп қалуы мүмкін.

Жоғарыда аталған белгілерден басқа, жарақатқа тән сипат, жараның өзегінің арнасының болуы - денеге терең жарақат салған

заттардың орнында қалған қуыстар. Жара өзегінің орналасуына, бағытына, ұзындығына және т.б. бойынша жарақатталған зат сипатын айтуға болады.

Сөйтіп, жарақаттарға тән сипат қанның ағуы, үңірею жараның өзегінің болуы.

Жарақаттардың түрлері және топтастыру
Барлық жарақаттар үлкен екі топқа бөлінеді:

1. ***енетін*** (ішкі қабықшалардың бүтіндігі бұзылған кезде және зақымдаушы зат дененің бір мүшесін жарақаттаған кезде - бас сүйекті, кеуде жасушаларын, ішті немесе буындарды); (1-сурет)

2. ***енбейтін*** (қалған барлық жарақаттар).

Жарақат алу механизмі бойынша барлық жарақаттарды келесі түрлерге бөлуге болады:

1. түйрелген, тесілген (сыртқы шағын тесік диаметрі бар, жаралар арнасының тереңдігі айтарлықтай үлкен);


2. кесілген (жаралар арнасының тереңдігі шағын болған кезде, сыртқы жарақат жеткілікті дәрежеде ауқымды);

3. кесілген (кең қыртыстық жиектермен сипатталады және көлемі кең ішкі зақымдану);

4. тістелген (контурды/тістердің суретімен сипатталады) - келесі түрлермен біріктіруге болады - жыртылған (жұлдызша нышанындағы ауқымы кең сыртқы жарақат) (2-сурет);

5. теріге жұқтырылған жара (скальпированды) (терінің бұл түрдегі жарақаты кезінде тері астындағы тіндердің негізгі тіндерден толығымен бөлінгенімен сипатталады);

6. Атылған оқтан болған жарақат (атылған снаряд — оқ, бытыра, картечи және т.б. тию әсерінен болған жарақат), (3-сурет).



Атылған оқтан болған жарақат, өз кезегінде келесілерге бөлінеді:

1. соқыр (тек қана оқтың кірген тесігі бар, ал жарақаттаушы снаряд дененің терең ішінде);



2. кесіп өту (кірген және шыққан тесігі бар; әдетте, шығу тесігі кіру тесігінен біршама үлкен болады);

3. жанама (тері жамылғысын жанама-лап жарақаттау).

Қан кету түрлері

Жарақаттан қанның өз бетімен ағуы (қан кету) мынадай түрлермен немесе оның үйлесімдерімен ұсынылуы мүмкін (4-сурет):

1. *Артериалық* (қан ал қызыл түсті, жүрек соғысы бойынша ағады - тамырдың соғуы);

2. *Көктамырдан қан кету* (қан шие түсті, жарақаттан бірқалыпты ағады);

3. *Жіңішке тамырдан қан кету (капилляр)* (қан зақымданған тінге сіңіп кетіп жатқандай).

Артериадан қан кету Көктамырдан қан кету Жіңішке қан тамырдан қан кету



Қанның кетуі, сонымен қатар, сырттай да болуы мүмкін (зақымданған қан тамырынан аққан қан терінің сыртына шығады) және ішкі (зақымданған қан тамырынан аққан қан организмнің ішіне кетеді).

Сыртқы қан кетуге диагностика қою жеңіл, алайда жоғалтқан қанның көлемін анықтау өте қиын: мысалы, аққан қанның мөлшері еденнен, төселген плиткалардан жақсы көрінеді, дегенмен де қан жерге ақса, ол сіңіп кетеді де, оның қаншалықты көп аққаны белгісіз болады. Маңызды! Қан жоғалту кезінде адам есеңгірейді, сондықтан да, адамдардың қаза болуы әлде неше есе артады!

Қауіпті ішкі қан кетулер ірі сүйектердің сынуы кезінде (сүйектің өткір ұштары артерияны немесе ішкі органдарды жаралаған кезде), доғал жарақатқа бағытталған (көлік авариялары кезінде), асқазан жарасы болуы мүмкін; сондықтан алғашқы көмек көрсету кезінде есеңгіреудің сыртқы белгілерін қадағалау өте қажет:

1. бозғылт, салқын және жабысқақ тері;
2. тамырдың жиі соғуы;
3. жалпы әлсіздік;
4. жиі жоғарғы дем алу;
5. жүрек айнуы;
6. бас айналуы;
7. сананың тарылуы.

Адамның өмірі үшін ең қауіптісі ірі тамырлардың жарақаттануы кезіндегі сыртқы артериалық қан кетуі, қан қысыммен аққан кезде, қоюланып үлгермейді. Сонымен қатар айналатын қанның мөлшері жылдам азаяды, ол біздің организмдегі өмірлік маңызды органдардың оттегінің жеткіліксіз болмауына алып келеді. Гипоксия тез өседі және дер кезінде сауатты медициналық көмек көрсетілмесе, ажалдан қашып құтыла алмайсың.

Кез-келген түрдегі жарақат және қан кету кезіндегі алғашқы көмек.

Қан кетіп жатқан майда артерия және көктамырға кезінде қысатын таңғыштар қолданылады.

Қысатын таңғыштарды қолдану алгоритмі:



1. зардап шегушіні қолайлы жағдайда жатқызу немесе отырғызу; (5-сурет)
2. аяқ-қолды көтеру, содан кейін емдеу; (6-сурет)
3. стерильді салфетка салыңыз және оны бинтпен 2 – 3 айналыра таңу арқылы бекітіңіз;



4. білік (валик) салу; (7- сурет)
5. осы бинтпен таңғанда, айналысын доғал етіп жасаңыз жасаңыз, білікшенің үстінен бинтті айқастыра отырып. (8,9,10,11-суреттер)

Қысатын таңғыш көктамыр мен жіңішке қан тамырынан кеткен қанды, жақсы тоқтатады.


Алайда қатты қан кету кезінде бұрауды немесе қолда бар материалдардан жасалған бұраманы (ремень, қол орамал, жаулық) жарақаттан жоғары салу қажет. Бұрау келесідей тәсілмен салынады:

1. бұрама жататын ұшының бір бөлігін ормалмен немесе бинтпен (төсеу) бірнеше қайтара орайды; (12- сурет).



2. қолдың зақымданған ұшын көтереді, бұрау тартады, жұмсақ ұлпаларды біраз қысу үшін, қолдың айналасын 2-3 орайды; (13- сурет).

3. бұраудың ұшын шынжырдың немесе ілгектің көмегімен бекітеді не болмаса орап байлайды.





Салынған бұраудың дұрыстығы жарақаттан аққан қанның тоқтауымен және қолдың перифериясындағы пульстің жоғалуымен тексереді. Бұрау қан тоқтағанға дейін тартылады. Әрбір 20-30 минут сайын бұрау бірнеше секундқа кеңейе түседі, қан ағатын болса қайта байлау керек. Жыл мерзіміне байланысты бұрау жазда 2 сағатқа, ал қыста 1 сағатқа салынады. Сонымен қатар жарақат қолдың немесе аяқтың ұшын жоғары көтеріп ұстау керек. Салынған бұраудың ұзақтығын бақылау үшін, оны дер кезінде алу керек немесе кеңейту керек, бұраудың астына немесе зардап шегушінің киіміне бұрауды салған уақыты (сағаты және минуты) көрсетілген жазба салу керек. (14 -сурет).



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Жарақаттардың қандай белгілері болады?
2. Қан кетудің қандай түрлері бар?
3. Қысатын таңғыш салу кезінде білікше (валик) қойыла ма?
4. Бұрау ненің көмегімен нығайтылып, бекітіледі?
5. Бұраудың қойылған уақытын белгілеу қажет пе?